«Қаралды»
Әдістемелік бірлестік жетекшісі:
А.Зайтхан
28.08.2024жыл

«Келісілді»
Оқу ісі меңгерушісі:
З.Көлбай

«Бекітілді»
Мектеп директоры:
К.Ш.Тулебаев.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мекетебі» КММ

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

Сыныбы: Мектепалдыдаярлық «А»
Сынып жетекшісі: Айтбанбетова Загипа Кыдырбаевна

Оқу-ісінің меңгерушісі:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 02.09-06.09.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09	Сейсенбі 03.09	Сәрсенбі 04.09	Бейсенбі 05.09	Жұма 06.09.
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	**Балалармен сәлемдесу.** ҚР әнұранын орындау Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	**Балалармен сәлемдесу.** *Сәлем, алтын күн!* *Сәлем, көк аспан!* *Сәлем, самал жел!* *Сәлем, көк емен!* *Туған өлкем,* *Саған да бір сәлем!* Сұрақ- жауап	**Балалармен сәлемдесу.** *Қолыңды бер, шеңберге кел,* *Күлім қағып, ойна да күл.* *Қол ұстасып, ширақ басып,* *Біз жүреміз достасып!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	**Балалармен сәлемдесу.** *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	**Балалармен сәлемдесу.** *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітаптар көру	«Санамақтар жаттау» Бір дегенің – білім, Білім – жарық күнің. Екі дегенің – еңбек, Еңбек бәрін жеңбек.	«Ыстық - суық» ойыны	«Күн мен түн» ойыны	«Денсаулық» туралы мақал-мәтелдер жаттау 1.Шынықсаң шымыр боларсың. 2.Адамның басты байлығы денсаулық	«Дауысынан таны» ойыны
Таңертеңгі жаттығу	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Жаттығулар кешені	Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру. Тағы басқа жаттығулар кешені	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Бейнетаспа арқылы «Қуырмаш»
1-ші ҰІӘ	**1. Дене шынықтыру** «Тақтайшаның үстімен адымдап жүру» **Міндеті:** Балаларды тақтайшаның үстімен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруге үйрету; жаттығуларды орындау барысында ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына т/у **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Релаксация "Қиял"**	**1. Сөйлеуді дамыту** «Біздің балабақша» тақырыбында әңгімелесу **Міндеті:** «Біздің балабақша» тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру; балаларды ұйымш-қа, әдептілікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **Шаттық шеңбері.**	**1. Сауат ашу негіздері** «Күз кереметі. Дыбыс пен сөз» **Міндеті:** Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Еңбекке баулу. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Армысың, шапағатты күніміз!	**1. Сөйлеуді дамыту** «Отбасында біз бесеуміз» **Міндеті:** Балаларды отбасы мүшелерімен таныстыру; сөйлеу мәдениетін дамыту; отбасын құрметтеуге, үлкендерді және ата-аналарын сыйлауға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Мнемокестелермен сөздік жұмыс. Әңгімелеу.	**1. Сауат ашу негіздері** «Сөз. Үй жануарлары мен үй құстары» **Міндеті:** Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

	Балалар залға музыка әуенімен адымдап кіреді **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы! - «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу 1.«Биші қыз» 2. «Паровоз» 3. «Қарлығаш» 4. «Іздер» 5. «Аққұтан» 6. «Достар» **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** **2.3. «Киік»** қимылды ойыны **2.4. "Паровоз қалай жүреді?"** пысықтау ойыны **2.5.** Тыныс алу жаттығулары **"Шар"** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Рефлексия.	**Көркемсөз.** Е. Өтетілеуұлы **«Сәлем».** Білер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Мнемокестелермен сөздік жұмыс. **Экскурсия.** **«Балабақшада не істейміз?»** дид/о **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. «Біздің балабақша». «Дәмді тосап». «Өткеншек». «Күркетауық». **2.3. Сергіту сәті.** **«Балабақша».** Түзел тік тұр, Орныңда адымда Әуенменен адымдауды бастаймыз! Алға аттап нық қадамдар жасаймыз. Оң аяқты, сол аяқты көтеріп, Қолды сермеп қашықтықты сақтаймыз. **2.4.** Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру. **2.5. «Ретімен қайтала»** пантомима жаттығуы. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** ҰӘ пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.	Армысың, мейірімді жеріміз! Армысың, табиғат анамыз! Әдеппен бас иер баламыз. **1.2.** Педагог: – Амандасу - тәрбиенің басты белгісі. Барлығымыз әдемі және үлкен шеңбер құрайықшы. «**Оқу – білім қазығы,** **Адамның азығы.** **Оқу өмірдің сәні,** **Тіршіліктің шамы**,» - деген екен С.Сейфуллин **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагог: – Дыбыс дегеніміз не? Тілдің дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн – дыбыс деп аталады. Әріп дегеніміз не? Жазу тілінде белгілейтін шартты белгі – әріп деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз, ал әріпті жазамыз және көреміз. – Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дауысты, дауыссыз. **2.2. Жұмбақ.** Бір түймелі, екі желілі, Күйдің көрігі, әннің көлігі. (Домбыра.) **2.4. Сергіту сәті.** **2.5. «Сөз ұйқастарды қайталау»** Ша-ша-ша – алаша. Ша-ша-ша – шырша. Ші-ші-ші – биші. Шы-шы-шы – құрылысшы. **2.6.** Фонематикалық есту қабілетін жетілдіру.	**Миға шабуыл.** Мағынасы дұрыс сөз тіркестерін тап. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Менің отбасым»** тақырыбына әңгімелеу. **2.3.** Саусақ жаттығуы. **«Отбасында бесеуміз».** **Санамақ.** Үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым атам, Балаң үйрек әжем. Ортан терек әкем, Шылдыр шүмек анам. Кішкене бөбек мен, Бәріміз біз бесеуміз. Артикуляциялық жаттығулар. **[А], [Ә]** дауысты дыбыстары. **2.4.** Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру. Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру. **2.5. Құм терапиясы.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.	**1.1. Шаттық шеңбері.** Қуанасың сен де, Қуанамын мен де, Қуанамыз бәріміз Арайлап атқан таңға. **1.2.** Педагог: -Әліпбимен таныстырып өтеді. Әліпбиде 42 әріп бар, әр әріптің өзінің таңбасы және дыбысы бар. Әріптерді атап шығады, дыбысталуын айтады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагог: - Сөз бірнеше дыбыстан құралады. **2.2.** Педагог: - Сөздің бір дыбысы өзгерсе, оның мағынасы өзгереді. Мысалы: Жол - сол, тол, мол, қол, бол. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Әт - кен - шек (3 буын), О- рын - дық (3 буын), Ба - уыр - сақ (3 буын). Мозаиканы құрастырады Мысалы: Мен әткеншек тептім. Анам бауырсақ пісірді. **2.3. Сергіту сәті.** **2.4. Саусақ жаттығуы.** Өрмелеген өрмекші, Өнеріңді көрсетші. Қалай, қайтіп тоқыдың, Мынау ғажап өрмекті? **2.5.** Педагог дұрыс жазудың ережесін түсіндіреді. **2.6. «Кел, жазайық!»**

			«Бағдаршам» ойыны **2.7. «Кел, жазайық!»** Дәптердегі үлгіге қарап, жазуды ұсынады. Дөңгелек сызу. Төртбұрыш сызу. Тіктөртбұрыш сызу. Сопақшаны сызу. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**		**2.7. Балалар ауызша және жазбаша түрде сөйлесуге болатынын түсінеді.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**
2-ші ҰІӘ	**2. Сауат ашу негіздері** Дыбыс. «Күз кереметі» сурет бойынша әңгімелеу. **Міндеті:** Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Армысың, шапағатты күніміз! Армысың, мейірімді жеріміз! Армысың, табиғат анамыз! Әдеппен бас иер баламыз. **1.2.** Педагог: – Амандасу - тәрбиенің басты белгісі. Барлығымыз әдемі және үлкен шеңбер құрайықшы. «**Оқу – білім қазығы,** **Адамның азығы.** **Оқу өмірдің сәні,** **Тіршіліктің шамы**,» - деген екен С.Сейфуллин **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагог: – Дыбыс дегеніміз не? Тілдің дыбыстау мүшелері	**2. ҚОТ** «Күз келді балабақшама» **Міндеті:** Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; күзгі құбылыстарды байқау, табиғатты сүю мен сақтау сезімдеріне т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу шеңбері.** "Күз келді балабақшама!" **1.2. Ғажайып сәт.** **"Ойыншықтар".** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.** "Жанды және жансыз табиғат". **2.2. Сергіту сәті.** "Күнбағар (күнбағыс)" Таңертең де, түсте де, Күнге бетін бұрады. Тостағаннын кішкене Тосады да тұрады. Күн еңкейсе қайтадан Ол да солай аунайды. Күнді зерттеп байқаған Ғалымнан бір аумаған. **2.3. Зияткерлік картамен жұмыс**. "Жанды және жансыз табиғат" **2.4. Сергіту сәті.** "Күз келді бақшама!"	**2. Математика** «Кеңістікте бағдарлау Қағаз бетінде бағдарлау» **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді атау және ажырата білуін жаттықтыру; қағаз бетінде бағдарлау дағдысын бекіту; заттың үлкен және кішкентай бөліктерін анықтау дағдысын дамыту; зеректікке, байқампаздыққа, ұйымшылдыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Қуаныш шеңбері.** Жайлауымдай жазықпын. Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзіңнен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін. 1**.2. Кіріспе әңгімелесу.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. **«Учаскедегі гүл бағына жол саламыз».** **2.2. Дамытушы жаттығу.** **«Жоғарыда - төменде».** **Көркемсөз. «Жер мен аспан».** Ертемен күн шуағы	**2. ҚОТ** «Отбасы және туыстарым» **Міндеті:** Балалардың отбасы туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық атауларды түсіндіру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауды үйрету; отбасындағы адамдардың бір-біріне қамқорлықпен қарайтыны, отбасындағы өзара көмек сезімін т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу шеңбері** **"Аяғымызды басайық"** Аяқтармен басайық, Топ-топ-топ, топ-топ-топ! Қолды шапалақтайық, Хлоп-хлоп-хлоп, хлоп-хлоп-хлоп! Орнымызда айналамыз, Жақсыны қайталаймыз. Құшақтасып қауышамыз! Қандай көңілді баламыз! **1.2.** Психологиялық көңілді ахуал орнату. **"Жылулықты сыйлайық"** **Жұмбақ.** Онда әкем-шешем тұрады, Ата-әже бауырым. Бәрі бірге қосылып, Бір ұғымды құрады.	**2. Музыка** «Білімің-бұлағың» **Міндеті:** Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** - Қош келдік, бақшамыз, - Көңілді ордамыз! - Қуанып есігін, - Айқара ашамыз. **1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Күй тыңдау** **2.2. "Үш гүл"** әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - - Ля - ля - ля - ля - ля - ля -

	арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн – дыбыс деп аталады. Әріп дегеніміз не? Жазу тілінде белгілейтін шартты белгі – әріп деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз, ал әріпті жазамыз және көреміз. – Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дауысты, дауыссыз. **2.2. Жұмбақ.** Бір түймелі, екі желілі, Күйдің көрігі, әннің көлігі. (Домбыра.) **2.4. Сергіту сәті.** **2.5. «Сөз ұйқастарды қайталау»** Ша-ша-ша – алаша. Ша-ша-ша – шырша. Ші-ші-ші – биші. Шы-шы-шы – құрылысшы. Бірнеше рет қайталайды. **2.6.** Фонематикалық есту қабілетін жетілдіру. **«Бағдаршам» ойыны** **2.7. «Кел, жазайық!»** Дәптердегі үлгіге қарап, жазуды ұсынады. Дөңгелек сызу. Төртбұрыш сызу. Тіктөртбұрыш сызу. Сопақшаны сызу. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **–** Дыбыс дегеніміз не? – Дыбысты естиміз және айтамыз. – Әріп дегеніміз не? – Әріпті көреміз, жазамыз.	**Күз келді бақшама!** Балақай, шаршама! Жинайық жапырақ, Сап-сары атырап! - Жарайсыңдар! **2.5. "Күз құбылыстарын ата"** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау,бағалау.	Қараңғыны қуады. Кеш түскенде жұлдыздар Шырақ жағып тұрады. Қап-қара бұлт етегі Жаңбыр алып жетеді. Көк қабағы ашылса, Жер құлпырып кетеді. Тоғысатын қос арман, Бірге жайнап, жасарған, Айнымас дос тәрізді Жер мен аспан қашаннан. **2.3. Ойын-жаттығу. «Геометриялық ағаштар»** Педагог әр балаға карточка береді. Карточкадада геометриялық фигураларға ұқсас ағаштар бар. **2.4. Сергіту сәті. «Үлкен шеңбер құрайық».** Педагог. Үлкен шеңбер құрайық! Үлкен шеңбер құрған соң Шапалақта, шапалақта, Оң жақтағы балаға, Сол жақтағы балаға, Жоғары, төмен қараймыз! Орнымызды табайық, Келесі санды таңдайық! **2.5.** Санның құрамына байланысты ойын. **«Өз пәтеріңе жайғас».** **2.6. «Танграм» ойыны.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгін сендер не істедіңдер? - Балалар, жоғарыда не ұшады? - Төменде не жүреді? - Бүгін сендер мұқият, зерек болдыңдар.	- Жарайсыңдар! Отбасы, жанұя. Бүгін біз отбасы туралы әңгімелесеміз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Жаңа тақырыпты тиянақтау. **"Отбасы" «Дастарқан» BilimKids.** **2.2.** Сөздік жаттығу. **"Еркелету есімдері".** **2.3. Сергіту сәті. "Менің отбасым"** Менің атам бар, Менің әжем бар, Менің әпкем бар, Менің ағам бар. Менің інім бар, Менің мысығым бар, Менің итім бар, Менің сіңлім, Қарындасым бар, Менің тәтем бар. Менің киімім бар, Менің сыйым бар. - Жарайсыңдар, балалар! **2.4. Логикалық жаттығу. "Отбасында кім бар?"** **2.5.** Ой-түйін жаттығуы. **"Отбасын не біріктіреді?"** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау, бағалау. **Рефлексия.** "Жануарлардың отбасылары"	- Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми - Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми - Жарасып тұр сәніміз, - Ән шырқайық бәріміз. - Естіген жұрт таң қалсын, - Әдемі ән шырқалсын. Тамаша. **2.4. Ән салу** Т. Қоңыратбайдың **«Білімің - бұлағың» әні** (әні: Т. Қоңыратбай). **2.5. «Сылдырмақ»** музыкалық- д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында: сұрақ-жауап
3-ші ҰІӘ	**<u>3. Математика</u>** **«**Кеңістікте бағдарлау» **Міндеті:** Геометриялық	**<u>3. Математика</u>** **«**Қағаз бетінде бағдарлау» **Міндеті:** Геометриялық	**<u>3. Көркем әдебиет</u>** М. Төрежанов «Қамқорлық»	**<u>3. Музыка</u>** **«**Білімің-бұлағың» **Міндеті:** Балаларды күйді	**<u>3. Сурет</u>** **«**Гүл бағымызда өскен аққекірелер»

	пішіндер туралы білімдерін бекіту. Геометриялық фигураларды дұрыс атай білу қабілетін дамыту: шеңбер, үшбұрыш, квадрат, тіктөртбұрыш. Жаттығу кезінде тәуелсіздікті дамыту. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1.** Педагог: - Балалар, мен бүгін осындай электронды шақырту қабыл алдым. - Бұл шақырту кімнен екенін білгілерің келе ме? Жұмбақтың жауабын табыңдар. **Жұмбақ**. Қара мына ғажапқа, Өзі шебер мазаққа. Таңдандырып өзіңді, Қайталар кім сөзіңді? (Тотықұс.) - Тотықұс бізді өз туған күніне шақырмақшы. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** - Біздің жолға шығуымыз қажет. Тезірек жету үшін біз жаяу бармаймыз, әйтпесе кешігіп қалуымыз мүмкін. Сондықтан біз басқа амал қолданамыз, немен баратынымызды тауып көріңдерші: **Жұмбақ.** Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды. **"Жұбын тап"** ойыны. **2.2. Сергіту сәті.** "Мен анамның көмекшісімін". Апам үшін күнде мен,	пішіндер туралы білімдерін бекіту. Геометриялық фигураларды дұрыс атай білу қабілетін дамыту: шеңбер, үшбұрыш, квадрат, тіктөртбұрыш.Геометриялық фигура: сопақ туралы білімдерін қалыптастыру. Жаттығу кезінде тәуелсіздікті дамыту. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** - Қош келдік, бақшамыз, - Көңілді ордамыз! - Қуанып есігін, - Айқара ашамыз. **1.2. Жұмбақ.** Шашуын шашып келеді, Дала сары түске енеді. Қамбаға астық толады, - Айтыңдаршы, балалар, бұл қай мезгіл болады? **Педагог:**- Балалар, біз бүгін саяхатқа шығамыз. Қандай көлікпен баратынымызды тауып көріңдерші: **Жұмбақ.** Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды. (Автобус) - Дұрыс айтасыңдар, біз автобуспен барамыз. - Ал, автобустың нөмірі қандай? - Өте дұрыс, нөмір бірінші автобус. - Автобуспен бару үшін алдымен не керек? - Демек, автобусқа отыру үшін біз билет сатып	**Міндеті:** Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды үйрету, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айта білуге дағдыландыру. Әңгіме арқылы адамгершілік қасиеттерін дамыту. Үлкенді құрметтеу, кішіге қарқор болуға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар, Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! **1.2. Күз мезгілі туралы сұрақтар қою.** **1.3. Әңгімелесу.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** - Бүгін, біз Мәдіхат Төрежанов атамыздың **«Қамқорлық»** атты шығармасымен танысамыз. **2.2. Әңгімелеу** М.Төрежановтың «Қамқорлық» әңгімесін тыңдауды ұсынады. **2.3. Сөздік жұмыс.** **- Қамқорлық - покровительство.** **2.4. Сергіту сәті.** Біз кішкентай баламыз, Өніп, өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз.	тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіру. **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** - Қош келдік, бақшамыз, - Көңілді ордамыз! - Қуанып есігін, - Айқара ашамыз. **1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Күй тыңдау** **2.2. "Үш гүл"** әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дид-ойын **2.3. Дауыс жаттығулары** - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - - Ми - ми - ми - ми - ми - ми - Ми - ми - ми - ми - ми - ми - Жарасып тұр сәніміз, - Ән шырқайық бәріміз. - Естіген жұрт таң қалсын, - Әдемі ән шырқалсын. Тамаша. **2.4. Ән салу** Т. Қоңыратбайдың **«Білімің - бұлағың» әні** (әні: Т. Қоңыратбай). **2.5. «Сылдырмақ»** музыкалық- д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:	**Міндеті:** Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы қашқаргүлдердің қарапайым сұлбастарын салуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа т/у **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері. "Балабақша".** Балабақшам, армысың, Сені қатты сүйемін! Достарым, аман бармысың, Сендерді қатты сүйемін! **1.2. Миға шабуыл.** "Балабақша". **1.3. Объектіні бақылау.** "Қашқаргүлдер". **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Үлгіні зерттеу.** "Қашқаргүл". **2.2.** Сурет салу амалдарын көрсету. **"Балабақша".** **2.3.** Сурет салу техникасын бекіту. **"Жақпалау түрлері".** **2.4.** Саусақ жаттығуы. **"Гүлді қолмен көрсетейік".** **2.5.** Өздігінен сурет салу. **"Гүл бағымызда өскен қашқаргүл".** **2.6.** Қабылдау қабілетіне жаттығу. **"Саны қанша гүлді көріп үлгердіңдер?"**

	Отынға ағаш жарамын. Су құямын гүлге де, Дүкенге де барамын. Сыпырамын үй үшін, Жуам ыдыс-табақты. Жылай қалса бөпемді, Жұбатамын ойнатып.) **2.3.** Аудиожазба **"Көңілді автобус"** Ойын **"Заттарды орнына қой".** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Педагог: - Ал енді, балалар, тотықұсқа гүл шоғын сыйлайық. - Балалар, саяхат қызықты болды ма? - Жарайсыңдар, балалар!	алуымыз керек. **"Жұбын тап"** ойыны. **«Бақшамызға барамыз».** Бала, бала, баламыз, бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа батып кетеміз. Үйренеміз өнер біз, шетімізден шеберміз. Тақпақ айтып, ән де айтып, би де билеп береміз. **Педагог:** - Балалар, көлік жүретін жолдың жалпақтығы қандай? - Ал, жаяу жүргіншілер жүретін жол ше? - Жолдың бойында өсетін ағаштар мен бұтақтардың биіктігі қандай? - Қанша ағаш санадыңдар? - Ал, бұтақ ше? Не көп? - Жарайсыңдар! - "Дүкен" аялдамасына тоқтайық. - Ой! Дүкен істемейді екен. Дүкендегі сөре сынып, сосын орнына келтіргенде барлық тауарлар ауысып кетіпті. - Тауарларды орнына қоюға көмектесеміз бе? Ойын **"Заттарды орнына қой".** Мақсаты заттарды сандармен байланыстыруды үйрету. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. (Бәрі бірге, жек-жеке қайталайды.) **2.5.** Әңгіменің желісі бойынша сұрақтар қояды. **2.6. Мақал жаттату, оның мағынасын түсіндіру.** Жаңбырмен жер көгереді, Батамен ер көгереді. **2.7. Суретпен жұмыс.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Жүректен жүрекке шеңбері.** Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды!	сұрақ-жауап	**3. ҚОРЫТЫНДЫ** Балалардың жұмысын талдау, бағалау, қорытындылау.
4-ші ҰІӘ	**<u>4. Көркем әдебиет</u>** «Білімің - бұлағың» (өлеңмен танысу) А.Шаяхметов **Міндеті:** Балабақшаға, мектепке барған балалардың	**<u>4. Қазақ тілі</u>** «Балабақшамен танысу» **Міндеті:** Балаларды амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет,	**<u>4. Дене шынықтыру</u>** «Допты тез лақтырамыз» **Міндеті:** Балаларда сапта бір қатармен тұру, жүру; шашырап жүгіру дағдыларын	**<u>4. Қазақ тілі</u>** «Дыбыстар мен әріптер» **Міндеті:** Балалармен сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар және әріптер туралы түсінік беру,	**<u>4. Дене шынықтыру</u>** «Паровоз алдыға басып барады» **Міндеті:** Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа

	қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдар – ақын, ғалым, ғарышкер, дәрігер, ұшқыштар балабақша мен мектептен білім алатыны туралы балаларға айтып беру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Армысың, асыл күн! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос. Міне, менің қолым! Бір-біріне қолдары арқылы жылу береді. **1.2. Педагог:** - Бүгін ерекше күн! - Бүгін – Білім күні! **1.3. Педагог:** - Бүгін ақын Ақылбек Шаяхметов ағамыздың «Білімің – бұлағың» атты өлең жолдарымен танысамыз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. А.Шаяхметов «Білімің – бұлағың».** Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгін мен Ойыма ой қосам Сен берген біліммен. **2.2. Сөздік жұмыс.** -Қиялым самғайды -Білімді	кішіге құрмет көрсетуге, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдана білуге дағдыландыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажырата білуге бейімдеу; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Айтылым жаттығуы «Амандасайық!»** **Көркемсөз.** «Сәлем!» немесе «Сәлеметсіз бе!» Досың шықса алдыңнан - «Сәлем!» деп амандас, Ақсақал шықса алдыңнан - «Сәлеметсіз бе!» деп амандас, Кезігіп қалса көпшілік, көрсетіп әдептілік - «Сәлеметсіздер ме!» деп амандас. **1.2. Жаттығу «Амандасып үйренейік».** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Суретке негізделген қарапайым сөйлемді құрастыруға арналған ауызша жаттығу. «Мен ойыншықпен ойнаймын» **Көркемсөз** Ұлғайды біздің жасымыз, Ойыншықтарды талғаймыз. Жасымызға сай қылып, Ойын түрін таңдаймыз. Қуыршақтардың орнына, Сән көрсетіп ойнаймыз. Құрастырғыш орнына Қақпада допты қорғаймыз. Қонжықтармен қоштастық, Кітаппен енді достастық.	қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруға үйрету; ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты лақтыру дағдыларын д/у. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Релаксация "Күзгі жапырақтар"** Педагог: - Балалар, көңіл-күйлерін қалай? Жақсы. - Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі дұрыс айтасыңдар - Балалар, қазір музыка әуенімен сөздерін тыңдай жүріп, қимылдар жасаймыз. - Қимылдарды менімен бірге қайталаймыз. Бұтақтағы жапырақтар тегіс, әрі әдемі. Күз келіп, самал жел соқты. Жапырақтар ақырын жерге түсті. Самал жел екінші жақтан соғып, жапырақ жерден ұшып кетті. - Балалар, жарайсыңдар! Қазір бәрің қатар түзеп, сапқа тұруға дайындалыңдар. **1.2. Педагог:** - Балалар, музыка әуенімен сапқа тұрамыз. Тамаша! - Сапта біріміздің соңымыздан біріміз жүреміз. Аяқтың ұшымен жүреміз, өкшемен жүреміз. Жарайсыңдар!	оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру, ұғымталдыққа, әдептілікке, т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Кел, достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері! Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. **1.2. Ғажайып сәт. Артикуляциялық гимнастика «Төбешік».** «Аз-аз-аз». Құдықты қаз. Қаңқылдайды қаз. Келіп қалды жаз. Болып қапты жаз. Атаңа хат жаз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** Әріп деген не десең? Ол – дыбыстың таңбасы. Оқып, біліп үйренсең, Боласың сен сауатты. **«Кім көп біледі?» ойыны** **Алфавит сыры:** Алфавиттің А тұрады басында. Әрқашанда Ә тұрады қасында. Байқадың ба Б тұрады үшінші, Ал, осының сыры неде? Түсінші. А деген ол — Аналар ғой ардақты Ә деген ол — Әкелер ғой	жылжу арқылы секіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын дамыту **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Көркем сөз.** "Бақшамызға барамыз" Оянамыз таң нұрымен, Аттанамыз бақшаға. Қарсы алады ән-жырымен Бақшамызда жақсы ана. (Абдрахман Асылбек) - Балалар, балабақшаны сағындыңдар ма? Балабақшаға келгенімізге қуаныштымыз. Солай емес пе? Тамаша! - Балалар, қане, бәріміз қатар түзеп, сапқа тұрайық." **1.2. Педагог:** - Балалар, музыка әуенімен сапқа тұрамыз. Тамаша! - Сапта біріміздің соңымыздан біріміз жүреміз. Аяқтың ұшымен жүреміз, өкшемен жүреміз. Жарайсыңдар! - Ал енді, музыка әуенімен шашырап жүгіреміз. Бәрекелді! - Жай қалыпқа түсіп, сапта бір қатармен тұрамыз. Ал, енді бір қатармен жүгіреміз. Жарайсыңдар!

	-Талмайды, самғайды **2.3. Сергіту сәті. «Хоки-поки» биін билейді**. Қолыңды алға соз, Қолыңды артқа тарт, Қолыңды алға соз да, сілкіп-сілкіп ал. Бұл көңілді биді, шыр айналып, Қанекей, билейік! Қолыңды алға соз, Қолыңды арқа тарт, Қолыңды алға соз да, сілкіп-сілкіп ал. Бұл көңілді биде қол соғайық, Қанекей, қол соғайық! Аяқты алға соз, Аяқты артқа тарт, Аяқты алға соз да, сілкіп-сілкіп ал. Ал, балақай, енді отырайық. Отырып билейік! Екі аяқты алға соз, Екі аяқты артқа тарт, Екі аяқты алға соз да, сілкіп-сілкіп ал. Ал, енді ,қанекей, біз тұрайық! Тұрып би-билейік! Басыңды алға и, Басыңды артқа тарт, Басыңды алға и де, шайқап-шайқап ал. Бұл көңілді би мен ән айтайық. Ла-ла-ла-ла-ла! Бөксеңді алға соз, Бөксеңді артқа тарт, Бөксеңді алға соз да, бұлғаңдатып ал. Бұл көңілді бимен,	**2.2. «Ойыншықтар дүкені»** А. Асылбектің Оқудан – алыстан Келгенде ағам, Ойыншық арыстан Әкелді маған. Тетігін бұраса, Көздері жайнап, Бұрқанған бураша Шегеді айбат. Күшіктің жанына Қойып ем жайлап, Арыстан тағы да Көрсетті «қайрат». Секіріп, секеңдеп, Бас салды Мойнақ. Жаны бар екен деп, Қалыпты ойлап. Ахметтің үйінде Ойыншықтар есепсіз. Ұстатпайды бірін де, Ойнайықшы десек біз. – Мынау – менің қойларым, Мынау – күшті піл, – дейді. Қайсысымен ойнарын Бірақ, өзі білмейді. Пайдаға аспай тек тозды Ойыншықтың біразы. Бұл ісіне көп досы Емес, тіпті, разы. Ойыншығым көжегім, Қорықпайды, қашпайды. Тәтті сәбіз ұсынсам, Ұстай алмай тастайды. Ұшағым бар ойыншық, Ұшырмасам ұшпайды. Айналам деп аспанды, Шаршағанға ұқсайды **2.3. «Ойыншықтарды шашпаймыз»** Ойыншықтарды шашпаймыз, Ұқыпты ұстап ойнаймыз.	**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен)** 1."Жіпті соз" жаттығуы. 2. "Бұрылу" жаттығуы. 3. "Сәл отыру" жаттығуы. 4."Еңкею" жаттығуы. 5. "Бүгілу, майысу". **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; **2.3. Негізгі қимыл жаттығуын пысықтау** мақсатында педагог балаларға "Жіптің үстінен лақтыр" пысықтау ойынын өткізеді. Педагогтің шақыруымен балалар сапқа келіп, доптарды алып, екі қолымен жіптің үстінен лақтырады. Содан кейін жіптің астынан өтіп, допты қуып жетеді. **2.4. "Баскетбол"** қимылды ойыны. **2.5.** Тыныс алу жаттығу-ы **"Тынығайық"** - Көкке қолды біз созамыз, - Үлкен болып біз өсеміз. - Күнге дейін жеткіземіз. - Жәймен қолды түсіреміз, - Күн сәулесін төгеді екен. - Жерге нұрын себеді екен. - Күн батқанда таудан асып, - Тәтті ұйқыға кетеді екен. - Тағы да жүріп отырып, еңкейіп, қолымыздың саусақтарын жыбырлатамыз, жерге отырып, аяғымыздың	салмақты, Б деген ол — Балалар ғой әдемі, Біздің елде Үшеуі де кәделі… Алшақ кетпей, Сондықтан да, расында, Тұрады олар Алфавиттің басында! **2.2. Сергіту сәті «Бақшамызға барамыз».** Бала, бала, баламыз, бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа батып кетеміз. Үйренеміз өнер біз, шетімізден шеберміз. Тақпақ айтып, ән де айтып, би де билеп береміз. **2.3. Дидактикалық ойын «Дыбысты ата»** **2.4. Қол қою.** **2.5. Саусақ жатығуы «Сөздер».** **2.6. Жазылым жаттығуы** Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты — еңбек. Кесте тіксең зерлеп. Мұның аты — еңбек. Қырға шықсаң ерлеп. Мұның аты — еңбек. Сабағыңа жөндеп. Әзірленсең — еңбек. Қиындықтың бәрін. Еңбек қана жеңбек! **2.7. «Ойыншықтар» тіл дамыту ойыны.** Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар ұйықтайды Ақыл айтсақ, бұйырсақ. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Тақырыпты бекіту және	- Біртіндеп жалпы дамыту жаттығуларына дайындалайық. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** 1."Зырылдауық" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. 2. "Тізені шапалақтау" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта. 3. "Созыл" жаттығуы. Бастапқы қалып: өкшеде отыру, қол иықта. 4. "Сағаттың тілі" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты айқастыра отыру, қол белде. 5. "Зырылдауық" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен 10 - 12 рет өзін айнала, 10 - 12 рет секіру. Жеңіл серіппелі секіру. секіруді жүрумен алмастыру. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу; **2.3. "Көңілді доптар"** ойыны. **2.4. "Орнымызға тез жылдам!"** қимылды ойыны. **2.5.** Тыныс алу

	шаттанайық! Қәне, кел билейік! Ортаға кел жинал, Шеңберге қайта тұр, Ортаға кел жинал да, секіріп биле! Бұл көңілді биді, билеп болдық! Басымызды иейік. **2.4. «Білімің – бұлағың» қайталау.** **2.5. «Ғажайып қоржын»** дидактикалық ойыны. **2.6. Мақал жаттау.** «Білім – таусылмайтын қазына». Мақалдыдың мағынасын түсіндіру, жаттату. **2.7. Орыс тілінде тақпақ айту ұсынылады.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	Тазалап, жинап үнемі Оларды біз қорғаймыз Ойыншықтарды шашпаймыз, Таза ұстап сақтаймыз. Сүлгіні алып сүртеміз, Жақсы көріп күтеміз. Ойыншықтарды шашпаймыз, Кішілерге сыйлаймыз. Қораптарға саламыз, Сөрелерге жинаймыз. **2.4. Рөлдік ойын «Кел, ауыстырайық па!»** **2.5. Есту арқылы ойын жаттығуы. «Бесік жыры».** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Тақырыпты бекіту және қорытындылау.	басын ішке-сыртқа қозғаймыз - Жарайсыңдар, балалар, енді орнымыздан тұрып, ақырын жүріп, демімізді ішке тартып, терең дем алып, қайтадан ақырын демімізді сыртқа шығарамыз. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгінгі оқу қызметінде жаттығуларды өте жақсы орындап шықтыңдар. - Біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік? Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрендік.	қорытындылау.	жаттығулары **"Бұлттар"** - Аспанда бұлт қалықтайды, - Қалықтаудан жалықпайды. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Нөсерлетіп жаңбыр жауғанда. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес	Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту	Ата -аналармен тығыз байланыста болу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу	Үйге: «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында отбасымен сурет салу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 09.09-13.09.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09	Сейсенбі 10.09	Сәрсенбі 11.09	Бейсенбі 12.09	Жұма 13.09
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	Балалармен сәлемдесу. ҚР әнұранын орындау Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Сәлем, алтын күн!* *Сәлем, көк аспан!* *Сәлем, самал жел!* *Сәлем, көк емен!* *Туған өлкем,* *Саған да бір сәлем!* Сұрақ- жауап	Балалармен сәлемдесу. *Қолыңды бер, шеңберге кел,* *Күлім қағып, ойна да күл.* *Қол ұстасып, ширақ басып,* *Біз жүреміз достасып!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяуқимылды ойындар. Бейнетаспа, кітаптар көру	«Қасқыр мен лақтар»	«Мысық пен тышқандар» ойыны	«Кім екенін тап» ойыны	«Түлкі мен қаздар»	«Күн мен түн» ойыны
Таңертеңгі жаттығу	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Жаттығулар кешені	Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру. Тағы басқа жатты-р кешені	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Бейнетаспа арқылы «Қуырмаш»
1-ші ҰІӘ	**1. Дене шынықтыру** «Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру» **Міндеті:** Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін үйрету; аунап түсіп, допты алып серіктесі ұстап тұрған сақинаға лақтырып түсіру дағдыларына жаттықтыру; ептілік пен дәлдікке т/у **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1.** Психологиялық ахуал Педагог: - Балалар, бүгін де көңілдіміз, бәріміз, солай	**1. Сөйлеуді дамыту** «Күз» Мұқатай Жылқайдарұлы **Міндеті:** Күз мезгілінің ерекшелігін ашып түсіндіру, күз байлығы туралы әңгімелеу; сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамыту; табиғат беретін байлықтарды бағалауға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.** **Шаттық шеңбері.**	**1. Сауат ашу негіздері** «Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?» **Міндеті:** Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Қуанасың сен де, Қуанамын мен де, Қуанамыз бәріміз	**1. Сөйлеуді дамыту** «Күз» Мұқатай Жылқайдарұлы **Міндеті:** Күз мезгілінің ерекшелігін ашып түсіндіру, күз байлығы туралы әңгімелеу; сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамыту; табиғат беретін байлықтарды бағалауға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.** **Шаттық шеңбері.** Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана!	**1. Сауат ашу негіздері** «Дауысты дыбыстар. Сөздер мен дыбыстар» **Міндеті:** Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігін түсіндіру.Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Байқағаштыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік!

	ма? Иә. - Балалар, отбасыларыңда спортпен айналысатын адамдар бар ма? - Спортпен айналысатын адамдар шымыр келеді. - Біз де спортпен айналысқанды қалай жақсы көретінімізді көрсетейікші?! - Спорт – көркі өмірдің, - Спорт – досың, серігің. - Жаттықсаң шымыр боларсың, - Шынығып, өсіп, толарсың. - Жарайсыңдар, балалар. **1.2.** Педагог балалардың назарын тақтаға аударады: **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** - Балалар, менімен бірге жалпы дамыту жаттығуларын орындаймыз. - Бәріміз тақтаға қараймыз, дененің дұрыс тұру қалпын сақтаймыз. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру; - аунап түсіп, допты серіктесі ұстап тұрған сақинаға лақтырып түсіру. **2.3. «Допты домалатып тез лақтыр»** ойыны **2.4. «Допты шапшаң**	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана! Қайырлы таң, Жан досым! Қайырлы таң, Туған жерім! **1.2. Жұмбақ.** Шашуын шашып келеді, Дала сары түске енеді. Қамбаға астық толады, - Айтыңдаршы, балалар, бұл қай мезгіл болады? **1.2.1. Ой қозғау.** **1.2.3. «Сиқырлы жапырақтар»** дид/о **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** Мұқатай Жылқайдарұлы **«Күз».** Алма, өрікті қамбаларға, Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға, Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Күз мезгілінің суреті»** (тақпақтың мәтіні бойынша). **2.3. Сергіту сәті. «Бір демалып алайық».** Әр адам мен балаға, Әрдайым бақыт сыйлаймыз. Бәріміз, бәріміз, Әрқашан дос болайық. Аспандағы құстай ұшамыз, Көлдегі судай тербелеміз. Біз күнмен дос боламыз. **2.4. «Тез-тез құрастыр»** д/о	Арайлап атқан таңға. **1.2.** Педагог: -Әліпбимен таныстырып өтеді. Әліпбиде 42 әріп бар, әр әріптің өзінің таңбасы және дыбысы бар. Әріптерді атап шығады, дыбысталуын айтады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагог: - Сөз бірнеше дыбыстан құралады. **2.2.** Педагог: - Сөздің бір дыбысы өзгерсе, оның мағынасы өзгереді. Мысалы: Жол - сол, тол, мол, қол, бол. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Әт - кен - шек (3 буын), О- рын - дық (3 буын), Ба - уыр - сақ (3 буын). Мозаиканы құрастырады Мысалы: Мен әткеншек тептім. Анам бауырсақ пісірді. **2.3. Сергіту сәті.** **2.4. Саусақ жаттығуы.** Өрмелеген өрмекші, Өнеріңді көрсетші. Қалай, қайтіп тоқыдың, Мынау ғажап өрмекті? **2.5.** Педагог дұрыс жазудың ережесін түсіндіреді. **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7. Балалар ауызша және жазбаша түрде сөйлесуге болатынын түсінеді.** Сөйлеу дегеніміз оқу, жазу,	Қайырлы таң, Жан досым! Қайырлы таң, Туған жерім! **1.2. Жұмбақ.** Шашуын шашып келеді, Дала сары түске енеді. Қамбаға астық толады, - Айтыңдаршы, балалар, бұл қай мезгіл болады? **1.2.1. Ой қозғау.** **1.2.3. «Сиқырлы жапырақтар»** дид/о **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** Мұқатай Жылқайдарұлы **«Күз».** Алма, өрікті қамбаларға, Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға, Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Күз мезгілінің суреті»** (тақпақтың мәтіні бойынша). **2.3. Сергіту сәті. «Бір демалып алайық».** Әр адам мен балаға, Әрдайым бақыт сыйлаймыз. Бәріміз, бәріміз, Әрқашан дос болайық. Аспандағы құстай ұшамыз, Көлдегі судай тербелеміз. Біз күнмен дос боламыз. **2.4. «Тез-тез құрастыр»** д/о **2.5. Дайын суретті бояу тапсырмасы.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.	Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! **1.2. Педагог** «О-о-о ауа райы қандай керемет!» – деп таңғалған дауыспен балалардың назарын өзіне аударады. Балаларға қазіргі жыл мезгілі туралы сұрақ қояды. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Дауысты дыбыстар»** ойыны. **2.2. Педагог:** Дауысты дыбысты естігенде - қызыл, дауыссыз дыбысты естігенде - көк текшені көтеріп көрсетеді. **2.3. «Қуыршақтардың есімі»** д/о **2.4. «Қандай дыбыс?»** д/о **2.5. Сергіту сәті.** Шелекті аламыз, Құдыққа саламыз, Иіліп, еңкейіп, Су тартып аламыз. Толтырып шелекті Қайтадан тартамыз, Демалып асықпай, Ауылға қайтамыз. **2.6. «Кел, жазайық!»** Дәптердегі үлгіге қарап жазуды ұсынады. **2.7. «Не, қалай дауыстайды?»** д/о Ойын шарты: тәрбиеші үй жануарларының суретін көрсетіп, олардың не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Мә-ә-ә-ә! Сиыр мөңірейді: Мө-ө-ө-ө! Жылқы кісінейді: Ио-о-о!

	бер» пысықтау ойыны **2.5.** Тыныс алу жаттығы-ы **"Тынығайық"** Педагог: - Балалар, музыканың әуенімен ақырын жүріп келе жатып, тыныс алу жаттығуларын жасаймыз **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**2.5. Дайын суретті бояу тапсырмасы.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. **Рефлексия.**	сұраққа жауап беру екенін біледі және қимыл арқылы да өз ойынды білдіруге болатынын түсінеді. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Бүгін не үйрендік? - Иә, сөздер мен дыбыстарды үйрендік. **Рефлексия.** Рақмет айтып сіздерге күлкімізді сыйлайық. Көріскенше күн жақсы, аман-есен болайық!**.**	**Рефлексия.**	Түйе боздайды: Бө-ө-ө-ө! Ешкі бақырады: Бә-ә-ә-ә! **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Қандай дыбыспен таныстық? - Қандай текшемен белгіленеді? - Дауысты дыбыстың ерекшелігі қандай?
2-ші ҰІӘ	**<u>2. Сауат ашу негіздері</u>** «Сөз. Сөз мағынасы. Жабайы жануарлар» **Міндеті:** Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйретуді қайталау. Балалардың еске сақтау қабілетін, ой-өрісін, сөздік қорын, өз ойын толық жеткізе білуді үйрету, әрбір баланың даралығын дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке, білімпаздыққа жетелеу. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Күннің көзі ашылып Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой! Ал, қанекей, бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге. **1.2**. Қадыр Мырза Әли **«Не үшін?»**	**<u>2. ҚОТ</u>** «Саяхатшы балалар» **Міндеті:** Балалардың қоршаған табиғат туралы ой-өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғаттағы тәртіп ережелерімен таныстыру; табиғатты аялауға және достықты құрметтеуге т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Кіріспе әңгімелесу. Көркемсөз.** Дина Ахметова **«Саяхатқа шығу».** Саяхатқа шығу сондай рақат! Қажетті керек-жарақ: Бинокль қажет, көзілдірік, Компас құралы - жолсерік. Жолды табуға картаны алайық, Қайда баратынымызды таңдайық. Сәлем, күніміз, алтын жұлдыз! Сәлем, біздің әсем табиғатымыз!	**<u>2. Математика</u>** «Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті» **Міндеті:** Балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту. Табиғатты аялауға, еңбексүйгіштікке, мейірімділікке, ұйымшылдыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Таңғажайып сәт. Жұмбақ жасыру** Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш) **1.2.** - Балалар ағаштан қандай заттар дайындалатынын білесіңдер ме? Оны тексеру үшін қызықты ойын ойнап көрейік. **"Не артық"** д/о **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Салыстыруға** негізделген шартты өлшемді пайдаланып,	**<u>2. ҚОТ</u>** «Қазақстанның қазба байлықтары» **Міндеті:** Балаларға ҚР жер көлемі және елімізде өндірілетін қазба байлықтардың қай жерден шығатыны туралы білім беру; Қазақстанның қандай өңірі болмасын, қай қазба-байлығы немесе өнімі болсын, туған жерге, туған халқына сүйіспеншілігін арттыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу шеңбері** **1.1. Ой шырату жаттығуы. "Жақсы"** **1.2. Кіріспе әңгімелесу.** "ҚР мемлекеттік рәміздері" **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жаңа тақырыпты түсіндіру**. "Қазақстанның қазба байлықтары" **2.2. Сергіту сәті.** "Табиғатпен сырласу" **Сұрақ-жауап.** **2.3. Жаңа тақырыпты пысықтау.**	**<u>2.Музыка</u>** «Қасиетті домбыра» **Міндеті:** Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа т/у **Оқу қызм-ің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** **«Сәлемдесу жаттығуы»** әуенін - Шаттанамыз баршаға! - Күлкі сыйлап басқаға! - Би билейміз, ән салып, - Келгендей бір тамашаға! - Балалар, жарайсыңдар! **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау** **2.2. «Ән салған кім?»** музыкалық- д/о - Көп бала бар бөлмеде, - Бірі ғана ән салады. - Ал сырттағы

	1.2. Қадыр Мырза Әли **«Не үшін?»** - Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін! - Жүрек деген не үшін керек? - Жауларымнан қыңбау үшін! - Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** - Сөйлем - бірнеше сөздерден құралады. **2.2. Суретпен жұмыс.** Суретке қарап сөйлем құра. **2.3. Сергіту сәті.** Қане, қане, тұрайық! Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге, Алақанды ұрайық. Бишілердей бұралып, Дөңгелене билейік. «Қара жорға» биі. **2.4. «Сөздерді орнына келтір»** д/о **2.5. «Балықтарға көмектесейік»** ойыны. **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7. «Сиқырлы текше»** д/о Текшенің жан-жағында	- Қане, балалар, біз де саяхатқа шығайықшы. **1.2. Миға шабуыл.** «Саяхатқа қажет заттарды жинайық» **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жаңа тақырыпты талқылау.** «Саяхатқа қажет керек-жарақтар» **2.2. Іс-тәжірибе жаттығуы.** «Табиғатқа саяхаттау ережесі» **2.3. Сергіту сәті.** **«Саяхатқа шығайық»** Орнымыздан тұрайық, Саяхатқа шығайық: Бізге керек заттарды Сөмкемізге салайық. Арқамызға асайық, Алыс жолға қарайық, Алдымызда не күтетінін Бірге жүріп, болжайық. Алдымызда өзен бар, Таудан түсіп, тас жарар. Одан өтіп, секіріп, Кім бізге үлгі болар? Айналаға қараймыз, Алаңдарға тараймыз, Өскен гүлдерді иіскеп, Қолымызды созамыз. Демаламыз тереңдеп, Ауамызды таза деп, Шаршамаймыз, жүреміз, Ақырын сөйлеп, күлеміз. Табиғаттың сыры бар, Түрлі-түрлі жануар: Секіреді сұр қоян, Аю басады маң-маң. Біз еріншек болмаймыз, Зеректікке жараймыз: Шөпте өскен бүлдіргенді Теріп-теріп, жинаймыз. Қарақат пен тошаламыз,	шаманы анықтауға арналған жаттығу "Қандай ағаш биік?" Педагог тақтаға әртүрлі ағаштардың сұлбасын орналастырады. Шырша, қарағай, емен, үйеңкі, терек **2.2.** Сурет негізінде қарама-қарсы мағыналы заттарды анықтауға арналған жаттығу **"Жұбын тап"** Балаларға әртүрлі заттар бейнеленген суретті-карточкалар таратылады. Үстел үстінде жұптас суретті-карточкалар жатады. Мағыналары қарама-қарсы, жұп суреттерді табу ұсынылады. **2.3. Бой жазу жаттығуы "Орман"** Көк бояқ орман Бұтақтарына әнші құстар қонған, - Қарасаң оған, Оңнан, солдан Түстіктен, шығыстан - Алыс жолдан: Көгілдір аспан сияқты Мүлгіп тұрған, - өктемде жерден бу алған. Бу алып, нұр боп қуанған!! **2.4. "Есіне сақта"** есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. - Балалар, "Қалың ағаштың Қисығы болмайды."- деген мақал бар. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Материалды бекіту мен	**Дамытушы жаттығу.** "Жұмбақты шешіп, картаны құрастыр" 1. Баласымын даланың Туғаннан дақсыз қарамын Қыс келсе үйді жылытып Пеште лаулап жанамын. - Балалар, бұл не? (Көмір.) 2.Алтындай сары тоны бар Қауызында дәні бар. - Балалар, бұл не? (Бидай.) 3. Күнді сүйемін, Күллі жұртқа ырыспын Алсын деп мол өнім Ала жаздай су іштім. - Балалар, бұл не? (Күріш.) 4. Үйге негіз саламын, Пеште отын боламын, Қағазды жыртсаңдар, Ойлаңдар, Бұның негізі ... (Ормандар.) 5. Қараңғыда жатамын, Сыртқа шықсам да қарамын. Пластиктің әдемісін-ай ... Бұның тегі мен ... (Мұнай.) 6. Жылт-жылт етемін, жылтырмын, Салмағым ауыр, сарымын. Жер қойнауынан қазып ал, Қазына қоймасына салы ал. - Бұл, балалар, не? (Алтын.) **2.4. Топтық жұмыс.** "Қазақстан картасын құрастыр" **2.5. Айтыс айту жаттығуы**. "Отан туралы мақал-мәтелдер" Отансыз адам — Ормансыз бұлбұл. Орағың өткір болса, Қарың талмайды. Отаның берік болса, Жауың алмайды.	- Кім екен деп тамсанады - Бір бала былай деп әндетеді. - Мен бақытты бөбекпін, - Таудай биік талабым, - Ән мен күйге зерекпін, - Бірден қағып аламын**.** **2.3. Дауыс жаттығулары** Музыка жетекшісі: - Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз. - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - - Ля - ля - ля - ля - ля - ля - - Ми - ми - ми - ми - ми - - Ми - ми - ми - ми - ми - - Жарасып тұр сәніміз, - Ән шырқайық бәріміз. - Естіген жұрт таң қалсын, - Әдемі ән шырқалсын. Тамаша. **2.4.** Ән салу Б. Бейсенова **"Қасиетті домбыра"** **2.5.** Музыкалық аспаптарда ойнау **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Оқу қызметінің соңында: Сұрақ-жауап

	сюжетті суреттер. Бала текшені лақтырады, түскен суретке қарап сөйлем құрап әңгімелейді **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Педагог: - Бүгін не үйрендік? (Сөйлеммен таныстық.) - Суреттерге қарап сөйлем құрауды білеміз бе? Балалар жауаптарын айтады.	Жидекке толады даламыз. Саңырауқұлақтарды да Себеттерге саламыз. **2.4. Импровизация ойыны. "Бұлаққа барайық"** **2.5. Дамытушы ойын. "Қайда барсаң, соны табасың"** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау, бағалау.	қорытындылау. - Бүгін не жайлы әңгімелестік? (Ағаштар жайлы) - Қандай ағаштарды білесіңдер? - Бүгін қандай қызықты тапсырмалар орындадық? **Рефлексия** "Менің көңіл-күйім" - Бүгін сендер өте зерек, әдепті, тату болдыңдар. Рахмет сендерге. Сау болыңдар.	Отан оттан да ыстық. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. Сағынған елін аңсайды, Сарыала қаз көлін аңсайды. Ел іші — алтын бесік. Бақа көлінде патша, Балық суында патша. Жігіт елінде патша. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	
3-ші ҰІӘ	**<u>3. Математика</u>** «Біреу - көп» 1 саны **Міндеті:** Балаларды сандар жолағымен таныстыру, «бір» цифрымен таныстыру; қажетті жиын сандарын қоршаған ортадан, сөзбен атауға машықтандыру; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа, тапқырлыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1.** Сәлемдесу шеңбері. Қандай жарық күніміз, Бізге нұрын шашады! Сәлемдесіп бәріміз, Жаңа қадам басамыз. **1.2. Кіріспе әңгімелесу** **1.3. Көркемсөз.** Балтабай Тәжімбетов **«Балабақша»** Көп өнеге үйретеді, Ән салдырып билетеді. Домбырамен тартып берем Тыңдайтының күй ме тегі? «Тілашар» мен «Әліппеден»	**<u>3. Математика</u>** «Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті» **Міндеті:** Балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау. Табиғатты аялауға, ұйымшыл-қа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Таңғажайып сәт. Жұмбақ жасыру** Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш) **1.2.** - Балалар ағаштан қандай заттар дайындалатынын білесіңдер ме? Оны тексеру үшін қызықты ойын ойнап көрейік. **"Не артық"** д/о **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Салыстыруға негізделген шартты	**<u>3. Көркем әдебиет</u>** «Ана тілім - байлығым» **Міндеті:** Балаларға ҚР мемлкеттік тілі - қазақ тілі және әр ұлттың өз ана тілі болатыны туралы түсінік беру. Сөздік қорды молайту, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Ана тілін құрметтеуді үйрету. Патриоттық сезімдерін ояту. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалың қалай? Сәлем! Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз! **1.2. Миға шабуыл.** **1.3. Педагог:** - Әр елдің өзінің мемлекеттік тілі болады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.**Педагог: - Балалар, мен сендерге өлең шумақтарын оқып	**<u>3. Музыка</u>** «Торғай» әні **Міндеті:** Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** Музыка жетекшісі: - Балалар, қазір А.Тоқсанбаевтың **«Биге шақыру»** муз-ырғақтық шығармасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренуді жалғастырамыз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау** - Олай болса, балалар, бүгін біз **«Торғай әні»** әнін тыңдаймыз.	**<u>3. Мүсіндеу</u>** «Күзгі жапырақтар» **Міндеті:** Балаларды күз туралы білімдерін кеңейте отырып, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру; мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы қолдың ұсақ моторикасының дамуына үлес қосу, түрлі пішіндерді жасауда есу, жалпайту, дөңгелектеу тісілдерін игерту; күз байлыққа толы мезгіл екенін түсіндіре келе күз сыйыны құрметпен қарауға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Көркемсөз.** Қыркүйек, қазан, қараша, Күз мезгілінің айлары. Мол астық пен егістік Күзде ғана болады. **1.2. Ғажайып сәт.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Үлгіні зерттеу. **2.2.** Мүсіндеу тәсілдерін көрсету. **2.3. Сергіту сәті. "Жапырақтар".**

	Сауат аштық әріптермен. Түрлі бояу қарындашпен Суретті да салып берем. Денемізді шынықтырып, Ұйықтатады Тынықтырып, Балабақша жібереді, Үйімізді ұмыттырып. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Жаңа ұғымды түсіндіру. **«Сандар қатары».** - Қазір «Қарапайым математикалық ұғымдар» пәні аясында көптеген ұғымдарды ойын түрінде игеретін боламыз. Педагог балаларға сандар қатарын көрсетеді. **2.2.** Өз нұсқасын өзгенің нұсқасымен салыстыру жаттығуы. **«Достарды ретімен қатарға қояйық»** **2.3. Сергіту сәті. «Бір мен екі»** Саны бір мүше санаймын. Тек бір рет шапалақтаймын. Басым–бір, денем де–бір, Мұрным–бір, аузым–бір. Екі қос мүше санаймын. Екі рет шапалақтаймын. Көзім – екі, қол – екі, Құлақ – екі, аяқ – екі. Бір деген – алтын күнім, Бір деген – менің үйім. Екі – бұл атам, әжем, Екі – мен және сен. - Жарайсыңдар! **2.4. Есеп шығару жаттығуы. «Бір немесе екі ме?»** **2.5.** Цифрды жазу және безендіру жаттығуы. **«Бір**	өлшемді пайдаланып, шаманы анықтауға арналған жаттығу **"Қандай ағаш биік?"** **2.2.** Сурет негізінде қарама-қарсы мағыналы заттарды анықтауға арналған жаттығу **"Жұбын тап"** Балаларға әртүрлі заттар бейнеленген суретті-карточкалар таратылады. Үстел үстінде жұптас суретті-карточкалар жатады. Мағыналары қарама-қарсы, жұп суреттерді табу ұсынылады. **2.3.** Бой жазу жаттығуы **"Орман"** Көк бояқ орман Бұтақтарына әнші құстар қонған, - Қарасаң оған, Оңнан, солдан Түстіктен, шығыстан - Алыс жолдан: Көгілдір аспан сияқты Мүлгіп тұрған, - өктемде жерден бу алған. Бу алып, нұр боп қуанған! **2.4. "Есіне сақта"** есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Бүгін не жайлы әңгімелестік? - Қандай ағаштарды білесіңдер? - Бүгін қандай қызықты тапсырмалар орындадық? **Рефлексия "Менің көңіл-күйім"**	беремін. Сендер мені мұқият тыңдап отырыңдар. Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып, Қазақ тілін білмеу қандай заңдылық, Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда, Қазақ тілі жасау керек мәңгілік. **2.2. Көркемсөз.** Қадыр Мырза Әлі **«Ана тілің — арың бұл».** Ана тілің – арың бұл Ана тілің біліп қой, Еркіндігің, теңдігің. Ана тілің біліп қой, Мақтанышың, елдігің. Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте! **2.5. Сергіту сәті.** Жайлауымдай жазықпын. Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзіңнен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін. **2.6. Сөздік жұмыс.** Отан, мемлекет - біздің туған жеріміз, еліміз. Еркіндік, теңдік, елдік - тәуелсіз, ешкімге тәуелді емес. **2.7. Тіл туралы мақал-мәтелдерді** жаттап алайық. «Өнер алды — қызыл тіл». «Ана тілің — анаң, қалдырған оны бабаң». **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Рефлексия.**	- Торғай, торғай тоқылдап, - Жерден дәнді шоқып ап. - Секіреді жүреді, - Дәнді жерден тереді! **2.2. «Көңілді паровоз»** дидактикалық ойыны **2.3. Дауыс жаттығулары** Музыка жетекшісі: - Балалар, ән айтудың алдында дауыс жаттығуды орындаймыз. - га-га, - ду-ду, - ко-ко, - ля-ля. Жарайсыңдар. - Енді балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естіңдер ме? **Лағым** - Шөре-шөре, лағым, - Тентек болма, шырағым, - Секектеме, деміңді ал, - Селтеңдемей құлағың. **Тамаша**. - Балалар, көкек қалай шақырады? бәріміз көкек болайық. Көкек - Ағашта биік, - Бір құсты көрдік. - Сайрайды сол құс, - Сайрайды талмай. - Көкек, көкек, - Аты оның содан, - Атанған көкек. **2.4. Ән салу «Балапан»** әні мен сөзі К.Ыбырайұлы - Айтқаныма көне ғой, - Жем берейін келе ғой. - Тары шашам - жүгеріп, - Соңымнан сен ере ғой. - Шеп, шеп! Шеп, шеп, шеп! - Соңымнан сен ере ғой.	Алтын, сары жапырақтар, Әп-әдемі, керемет. Күз келгенде жапырақтар, Жерге жайлап түседі. Жоғарыдан төменге, Жапырақтар түседі. Оңға да, солға да, Ырғалады, түседі. **2.4. Ауада мүсіндеу.** **2.5. Өздігінен мүсіндеу.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Кейіпкермен қоштасу.** Жасалған мүсін үшін мақтау және ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. **Рефлексия.**

	цифры» **2.6.** Логикалық жаттығу**.** «Саны қанша екенін санап айт» **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	- Бүгін сендер өте зерек, әдепті, тату болдыңдар. Рахмет сендерге. Сау болыңдар.		Ендеше, мұқият тыңдандар. До-ре-ми-фа-соль-ля-си-до До -си-ля-соль-фа-ми-ре-до **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	
4-ші ҰІӘ	**4. Көркем әдебиет** Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халық ертегісі **Міндеті:** Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, айтатын сөздерін айтқызу арқылы байланыстыра сөйлеуді, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауды үйрету. Сөздік қорды молайту, тіл байлықтарын дамыту. Достыққа, бірлікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері. «Ақ тілек».** Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі - Ақ тілек. **1.2. Жұмбақ.** Белестен шыққан бесті ат, Бүкір келген желісті ат. Бейғам елді іздейді, Малдан күдер үзбейді. (Қасқыр.) Жұмбақтың жауабын табады. **1.3. «Төлдерін тап»** д/о **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Қасқырдан құтқар»** д/о **2.2. Жаңа тақырып.** Педагог:	**4. Қазақ тілі** «Отбасы мүшелері» **Міндеті:** Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; [-к] дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-к] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. «Амандасайық!»** жаттығуы. **Тосын сәт.** Қонаққа Алан келеді. **Сурет: «Алан көңілсіз, ол ойға шомып тұр».** **1.3.** Суреттер мен өлеңдерге негізделген сөздік жұмыс. **Көркемсөз.** **«Менің отбасым».** Асқар тау әкем жағам бар, Ардақты менің анам бар, Әжем мен атам - байлығым Отбасым осы қараңдар. Менің атым - Алан. Үлкен ағам - Ақылбек.	**4. Дене шынықтыру** «Спорт-көркі өмірдің» **Міндеті:** Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру іскерліктерін жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық ахуал "Ыстық алақан" әдісі.** **1.2. Педагог:** - Балалар, музыка әуенімен сапқа тұрамыз. Тамаша! - Сапта біріміздің соңымыздан біріміз жүреміз. Аяқтың ұшымен жүреміз, өкшемен жүреміз. Жарайсыңдар! - Ал енді, музыка әуенімен шашырап жүгіреміз. Бәрекелді! - Жай қалыпқа түсіп, сапта бір қатармен тұрамыз. Ал, енді бір қатармен жүгіреміз. Жарайсыңдар! - Біртіндеп жалпы дамыту жаттығуларына дайындалайық. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (гимнастикалық	**4. Қазақ тілі** Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері **Міндеті:** Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндет-терін атау және орындау; балаларды ұғымталдыққа, әдептілікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. **1.2. Тыныштық сәті. Жұмбақ жасыру.** Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын. Оңға оқы, солға оқы. Өзгермейді еш онда. Бәрі де өз жұртың. Айтады, қане, кім атын? - Ата, ана, аға, апа, іні. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жаңа тақырып.** Тынымсыз тіл туралы ертегі. **Саусақ жаттығуы.** Өрмелеген өрмекші, Өнеріңді көрсетші. Қалай, қайтіп тоқыдың,	**4. Дене шынықтыру** «Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру» **Міндеті:** Балаларға қанат үстімен ауыспалы қадаммен жүруді үйрету; баянат (рапорт)қабылдау ережесіне дағдыландыру; қатардан сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** Балалар залға музыка **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** **2.3. «Ақ қоян»** қимылды ойыны - Ақ қоян-ау, ақ қоян, - Орныңнан тұрсаңшы, - Шашыңды тарасаңшы! - Бетіңді жусаңшы, - Әй-әй көйлек кисеңші. - Біреудің қолын үзсеңші **2.4. «Қасқырлар мен лақтар»** пысықтау ойыны - Бөрте, бөрте, бөрте лақ - Бөрте лақ тым ерке лақ - Кетесің кейде секеңдеп, - Байламаса көкем кеп **2.5.** Тыныс алу жаттығулары **"Бұлттар"** - Аспанда бұлт қалықтайды, - Қалықтаудан жалықпайды. - Көк аспанда бұлт төнеді,

	- Бүгін біз үй жануарлары мен қасқыр туралы ертегі тыңдаймыз. **«Ақымақ қасқыр»** аудиоертегісін тыңдау. **2.3. «Ол қандай?»** д/о **2.4. Сергіту сәті.** «Қасқыр қақпан» ойыны. Қане, қане, халайық! Қасқырға қақпан құрайық. Қане, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр! **2.5. «Кел, ойнайық!»** **2.6. «Егер ... , онда ... »** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Жүректен жүрекке шеңбері.** Жүректен шыққан жылы сөз, Жүрекке барып жетеді. Жылы сөзден дос жүрегі, Мейрімге толып кетеді.	Кіші інім - Асылбек. Қарындасым - Дана. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жұмбақты мәнерлеп оқу.** «Отбасында кімдер бар?» Ақылы көп дария, Ақ сақалды қария Немересі еркелеп, Сыйлайды бар жанұя. Ол кім? (Ата.) Тоңбасын деп немерем, Саған шұлық тоқиды. Ақыл айтып көнеден, Ертегі де оқиды. Ол кім? (Әже.) Отбасының тірегі. Жұмыста үнемі жүреді. Сен білмейтін сұрақтың, Жауабын ол біледі. Барлық істі тындырар. Күші көп, мықты білегі. Ол кім? (Әке.) Әзірлеп дәмді тамақты, Оқытар кітап, сабақты. Еңбекке баулып біздерді, Үйретер тәртіп, талапты. Ол кім? (Ана.) **2.2. Жұмбақ пен зияткерлік карта негізінде отбасы ұғымын модельдеуге арналған ауызша жаттығу.** Отбасы мүшелерін еркелетіп атауды үйретуге арналған жаттығу. **«Бес бармақ»** Бас бармағым - аташым. Балаң үйрек - әкетай. Ортан терек - анашым. Шылдыр шүмек - әжетай. Кішкене бөбек - мен.	таяқшалармен) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; - биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу; - алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; **2.3. "Жіптің үстінен лақтыр"** пысықтау ойыны. **2.4. "Бос орын"** қимылды ойыны. **2.5.** Тыныс алу жаттығуы **"Тыныш, ақырын, баппен тыныс аламыз".** **III.Қорытынды** Педагог оқу қызметінің аяғында: - Балалар, бүгінгі оқу қызметінде жасаған негізгі қимыл жаттығуларында қандай қиындықтар кездесті? Балалардың жауаптары. Балалардың жауаптары. Педагог балалардың жауаптарын толықтыра отырып, жатығуды жасау кезінде кеткен қателіктер туралы айтады. - Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметінде барлықтарын жақсы қатыстыңдар.	Мынау ғажап өрмекті? **Жұмбақ жасыру.** Көкала костюм киеді, Күннің көзін сүйеді. (Қарбыз.) Аспай піскен Қайнамай түскен. (Жемістер.) **2.2. Сергіту сәті. «Үйде нешеу екенбіз?»** Үйде нешеу екенбіз Кел, санайық екеуміз, Бас бармағым әкем. Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **2.3. Жаңа тақырыпты түсіндіру.** **«Кім көп біледі?»** ойыны. **Алфавит сыры.** Алфавиттің А тұрады басында Әрқашанда Ә тұрады қасында. Байқадың ба, Б тұрады үшінші, Ал, осының сыры неде? Түсінші. А деген ол — Аналар ғой ардақты Ә деген ол — Әкелер ғой салмақты, Б деген ол — Балалар ғой әдемі, Біздің елде Үшеуі де кәделі Алшақ кетпей, сондықтан да, расында, Тұрады олар Алфавиттің басында! **2.4. Дыбыс**	- Тамшыларын мол төгеді. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Нөсерлетіп жаңбыр жауғанда. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Нөсерлетіп жаңбыр жауғанда. - Қалықташы, бұлттар, - Қалықташы, қалықта! **III.Қорытынды**

		Біз үйде нешеуміз? Біз үйде бесеуміз. **2.4.** Зияткерлік карта негізінде жеке құрастыруға арналған ауызша және жаттығу. **«Менің отбасым»** **2.5.** Мәтін мен зияткерлік карта негізінде туыстар ұғымын қалыптастыратын ауызша жаттығу. **«Туыстар»** **2.6.** Еске сақтау қабілет-терін дамытатын жаттығу **«Еске сақтайық»** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті бекіту және қорытындылау.		**артикуляциясын дамытуға арналған әзілдер мен жаңылт-р.** Ер-ер-ер, Қасиетті жер. Төгілді көп тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер. Сұрағанын бер. Лау-лау-лау, Желбірейді жалау, Лапылдайды алау. Аз-аз-аз, Құдықты қаз. Қаңқылдайды қаз. Келіп қалды жаз. Болып қапты жаз. Атаңа хат жаз. **2.5. «Шана» сөзін буынға бөліп айтқызу.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес	Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту	Ата -аналармен тығыз байланыста болу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.	Үйге: «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында отбасымен сурет салу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 16.09-20.09.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09	Сейсенбі 17.09	Сәрсенбі 18.09	Бейсенбі 19.09	Жұма 20.09.
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	Балалармен сәлемдесу. ҚР әнұранын орындау Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Сәлем, алтын күн!* *Сәлем, көк аспан!* *Сәлем, самал жел!* *Сәлем, көк емен!* *Туған өлкем,* *Саған да бір сәлем!* Сұрақ- жауап	Балалармен сәлемдесу. *Қолыңды бер, шеңберге кел,* *Күлім қағып, ойна да күл.* *Қол ұстасып, шырақ басып,* *Біз жүреміз достасып!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітап тар көру	«Санамақтар жаттау» Бір дегенің – білім, Білім – жарық күнің. Екі дегенің – еңбек, Еңбек бәрін жеңбек.	«Ыстық - суық» ойыны	«Күн мен түн» ойыны	«Денсаулық» туралы мақал-мәтелдер жаттау 1.Шынықсаң шымыр боларсың. 2.Адамның басты байлығы денсаулық	«Дауысынан таны» ойыны
Таңертеңгі жаттығу	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Жаттығулар кешені	Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру. Тағы басқа жаттығулар кешені	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Бейнетаспа арқылы «Қуырмаш»
1-ші ҰІӘ	**1. Дене шынықтыру** **«**Допты еденнен ыршытып жоғары лақтыру**»** **Міндеті:** Балаларды тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүруге; жұптасып бір қатармен жүгіруге; қос қолмен қағып алуға (4-5 рет) үйрету; екі қатармен тұру іскерліктерін жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**	**1. Сөйлеуді дамыту** **«**Жемістер мен көгөністер**»** **Міндеті:** Күз мезгілінің байлығы туралы түсініктерін пысықтау, жемістер мен көгөністерге көңілдерін аудару; сөйлеу тілін дамыту; күз байлығын құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларға [О], [Ө] дауысты дыбыстарына артикуляциялық жаттығулар жасату	**1. Сауат ашу негіздері** **«**Дауысты дыбыстар**»** **Міндеті:** Балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін түсіндіру. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту. Текшелермен таныстыру, байқағыштыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.**	**1. Сөйлеуді дамыту** **«**Жемістер мен көгөністер**»** **Міндеті:** Күз мезгілінің байлығы туралы түсініктерін пысықтау, жемістер мен көгөністерге көңілдерін аудару; сөйлеу тілін дамыту; күз байлығын құрметтеуге т/у. Балаларға [О], [Ө] дауысты дыбыс-на артикул-қ жаттығу-р жасату **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.**	**1. Сауат ашу негіздері** **«**Дауысты дыбыстарды бекіту. [а], [е] дыбыстарымен танысу**»** **Міндеті:** Балаларды [а] дыбысы және Аа әрпімен таныстыру. Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан, жіңішке, дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін ұғындыру, [а] дыбысы бар сөзді, сөйлемді ойлап тауып оны ойын жаттығулар арқылы бекіту

	- Балалар, табиғат әлеміне деген өз шаттығымызды көрсетейікші! - Табиғаттың әлемі , - Неткен сиқыр, әдемі! - Қызыл, сары бояулар , - Жапырақтар әдемі! - Шаттық күйге бөленіп, - Шаттық шеңбер құрамыз. - Табиғатпен сәнденіп, - Жайқалып біз тұрамыз! **1.2. Педагог:** - Балалар, бір-бірден сапқа тұрамыз. Тамаша. - Ал енді, қатарға үшеуден тұрамыз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (текшелермен) Бастапқы қалып: тұру, қолдар төмен түсірілген. Қолды екі жаққа созу, жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру, бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: отыру, аяқтарды бірге қою, қолдарды тізеге қою. Бір жаққа қарай бұрылу, текшелерді еденге ұру, денені түзу ұстап тұру. Дәл солай екінші жақпен орындалады. Бастапқы қалып: тұру, қолдар түсірілген. "Шеге қағып жатырмыз",- деп, жартылай отырып, текшені еденге ақырындап ұру; бастапқы қалыпқа оралу.	**ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** - Сәлеметсің бе, Алтын күн! - Сәлеметсің бе, Жер-Ана! - Сәлеметсің бе, Жан досым! - Сәлеметсің бе, Туған жерім! **1.2. Педагог:** **Жұмбақ.** 1. Асықпай піседі, Қайнамай түседі. Ағашта ілініп тұрады, Піссе себетке түседі. (Жеміс.) 2. Қызыл түсті дөңгелек, Ортасында дәмі бар, Көрсең егер оны жеп, Балдай тәтті дәмі бар. (Алма.) 3. Әрі қызыл, әрі тәтті Татқан жанды таңырқатты. (Қарбыз.) 4. Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз.) 5. Бұл не деген көп киім? Жетпіс қабат көп киім. Жаңбыр одан өтпейді, Түймелеуге жетпейді. (Орамжапырақ.) 6. Жер бетінде шашы бар, Жер астында басы бар. (Сәбіз.) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Мнемокестелермен	Сиқырлы айнадан Өзімді көремін. Бақыттан жайнаған Көзімді көремін. **1.2. Педагог:** Балаларға қазіргі жыл мезгілі туралы сұрақ қояды. Балалар жыл мезгілі туралы өз ойларын айтады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Дауысты дыбыстар»** ойыны. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Д/о «Сөз ойла, тез ойла» Педагог балаларға бір сөзді ойлап тауып, оны талдауды ұсынады. Балалар сөздерді кезекпен айтады және талдайды. **2.2. Педагог:** – Орманда қандай жануарлар өмір сүреді? **2.3. Педагог:** Сөз дыбыстан құралады. Кез келген заттың аты бар. Оны дыбыс шығарып айтамыз, сонда дыбыс айтылады. **2.4. Сергіту сәті.** Түзу тұрып иілеміз оң жаққа, Дәл осылай иілеміз сол жаққа. Жаттығуды қайталай, Екі жаққа жай ғана Иілеміз оңға солға тоқтамай. Жаттығуды қайталай, Екі жаққа жай ғана Иілеміз оңға солға тоқтамай. **2.5. «Жануарлар қандай дыбыс шығарады?»** д/о Суреттерге қарап заттың атын атау, қандай дыбыс	- Сәлеметсің бе, Алтын күн! - Сәлеметсің бе, Жер-Ана! - Сәлеметсің бе, Жан досым! - Сәлеметсің бе, Туған жерім! **1.2. Педагог:** **Жұмбақ.** 1. Асықпай піседі, Қайнамай түседі. Ағашта ілініп тұрады, Піссе себетке түседі. (Жеміс.) 2. Қызыл түсті дөңгелек, Ортасында дәмі бар, Көрсең егер оны жеп, Балдай тәтті дәмі бар. (Алма.) 3. Әрі қызыл, әрі тәтті Татқан жанды таңырқатты. (Қарбыз.) 4. Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз.) 5. Бұл не деген көп киім? Жетпіс қабат көп киім. Жаңбыр одан өтпейді, Түймелеуге жетпейді. (Орамжапырақ.) Жер бетінде шашы бар, Жер астында басы бар. (Сәбіз.) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Мнемокестелермен сөздік жұмыс (диалог) **Көркемсөз.** Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді,	**І ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Аспан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр. Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр. [а] дыбысы - жуан дауысты дыбыс, созылыңқы айтылады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **Түсіндіру.** **Педагог:** [а] дыбысы және А әріп таңбасымен таныстыру. **2.1. Артикуляциялық жаттығу.** - Балалар, мұқият тыңдаймыз! Есімізге сақтап аламыз. [а] дыбысы айтылғанда: - ауыз кеңінен ашылады, дөңгеленеді; - жуан айтылады; - созылып айтылады. **2.2. «Кел, оқиық!»** **2.3. Дыбыстық талдау.** **Педагог: -** Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын. «Жабықта жарты нан». Ол не? - Иә, дұрыс айтасыңдар! Жұмбақтың шешуі: **ай.** - Балалар, келесі жұмбақты тыңдаңдар. Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. (Алма.) Иілсең иіліп, түйілсең түйіліп, Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. - Жауабын кім айтады? - Иә, дұрыс айтасыңдар! Айна. - Ақырғы жұмбақты жасырамын. Бірі – ағаш кесу құралы, Бірі – шырынды бал бұлағы.

	Бастапқы қалып: қолды алдыға созып, етпетімен жату. Екі қолды екі жаққа созу, алға қарау, мұнда қолды бүкпеуге тырысу керек, бастапқы қалыпқа оралу. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4-5 рет); **2.3. "Допты бер де тұр"** қимылды ойыны. **2.4.** Тыныс алу жаттығулары **"Шар"** - Қолға алып, желі жоқ әуе шарын, - Үрлейміз шарымыз дәу болғанша. - Дем алып, мұрынмен дем шығарып, - Үрлейміз ішіне жел толғанша. - Дем алып, мұрынмен дем шығарып, - Үрлейміз ішіне жел толғанша. **ІІІ.Қорытынды**	сөздік жұмыс (диалог) **Көркемсөз.** Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Жемістер мен көгөністер»** **2.3. Сергіту сәті. «Бір демалып алайық»** **2.4. «Не? Қандай?»** д/о Артикуляциялық жаттығулар. **[О], [Ө]** дауысты дыбыстары. **2.5. «Сиқырлы қорап»** дидактикалық ойыны. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	шығаратынын айтуды ұсынады. **2.6. «Кел, жазайық!»** Дәптердегі үлгіге қарап жазуды ұсынады. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** «Сөздер мен дыбыстар» әлемінде не білгендері туралы қорытындылауды ұсынады. Дыбыстар дауыссыз және дауысты болатынын білді. Дауысты дыбыстардың қызыл текшемен, дауыссыз дыбыстардың көк текшемен белгіленетінін түсінді. **«Жүректен жүрекке»** «Табиғат-Ана». – Табиғатта бәрі өзгеше әсем. Ендеше, балалар, бірге айтайық. Табиғат ол – анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.	Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Жемістер мен көгөністер»** **2.3. Сергіту сәті. «Бір демалып алайық»** Әр адам мен балаға, Әрдайым бақыт сыйлаймыз. Бәріміз, бәріміз, Әрқашан дос болайық. Аспандағы құстай ұшамыз, Көлдегі судай тербелеміз. Біз күнмен дос боламыз. **2.4. «Не? Қандай?»** д/о Артикуляциялық жаттығулар. **[О], [Ө]** дауысты дыбыстары. **2.5. «Сиқырлы қорап»** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	- Жауабы не деп ойлайсыңдар? - Иә! Ара. **Сергіту сәті.** Мыстан кемпірмен **«Қара жорға»** биін билейді **2.6. «Кел, жазайық!»** - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық Педагог алдымен ауаға А а әрпін жазуды үйретеді, кейін Аа әрпін тақтаға жазып түсіндіреді. - Ал енді, балалар, А әрпін ауаға жазайық. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Қорытынды сұрақтар қояды: - Бүгін қандай дыбыспен таныстық? - А дыбысымен. - Қалай айтылады? - А дыбысы жуан және созылыңқы. - Неге? - Тіліміз кедергіге ұшырамайды. **«Жүректен жүрекке»** **«Әдеп сақта әманда».** Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.
2-ші ҰІӘ	**<u>2. Сауат ашу негіздері</u>** «Дауысты дыбыстар» **Міндеті:** Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігін түсіндіру.Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік	**<u>2. ҚОТ</u>** «Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер» **Міндеті:** Балалардың табиғаттағы жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын жетілдіру; табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және	**<u>2. Математика</u>** «3 саны және цифры» **Міндеті:** Бала-ға заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауды үйрету; «үш» жиын санының екі ең кіші қосындылары «бір»	**<u>2. ҚОТ</u>** «Себет толы көгөніс пен жеміс» **Міндеті:** Балалардың көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін тиянақтау; жемістердің дәмін тату арқылы қасиеттерін зерттеуге ынталандыру; байқағыштыққа, зияткерлікке	**<u>2. Музыка</u>** «Айгөлек» **Міндеті:** Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе

	беру. Байқағаштыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! **1.2. Педагог** «О-о-о ауа райы қандай керемет!» – деп таңғалған дауыспен балалардың назарын өзіне аударады. Балаларға қазіргі жыл мезгілі туралы сұрақ қояды. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Дауысты дыбыстар»** ойыны. **2.2. Педагог:** Дауысты дыбысты естігенде - қызыл, дауыссыз дыбысты естігенде - көк текшені көтеріп көрсетеді. **2.3. «Қуыршақтардың есімі»** д/о **2.4. «Қандай дыбыс?»** д/о **2.5. Сергіту сәті.** Шелекті аламыз, Құдыққа саламыз, Иіліп, еңкейіп, Су тартып аламыз. Толтырып шелекті Қайтадан тартамыз, Демалып асықпай, Ауылға қайтамыз. **2.6. «Кел, жазайық!»** Дәптердегі үлгіге қарап жазуды ұсынады. **2.7. «Не, қалай дауыстайды?»** д/о	үйрету; достық қарым - қатынас құруға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу шеңбері** **1.1. Қуаныш шеңбері. "Біз қуаныштымыз".** Біз қуаныштымыз, Қуаттымыз! Біз үнемі біргеміз, Ілгері жүреміз! **Көркемсөз. Жұмбақ жасыру.** Ағаштың жапырақтары сарғайып кетсе, Жыл құстары алысқа ұшып кетсе, Жиі-жиі жаңбыр жауып, аспан түнеріп кетсе, Жылдың қай мезгілі келгені? **1.2. Кіріспе әңгімелесу.** "Күз мезгіліндегі өзгерістер" **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Логикалық жаттығу.** "Жаз бен күзді салыстыр" **2.2. Пантомима жаттығуы** "Көрсеткенімді ата" **2.3. Сахналық көрініс.** "Күз мезгілі келді." **2.4. Іс-тәжірибе жұмысы.** "Суды жинайық" **2.5. Іс-әжірибе жаттығуы.** "Күн райын бақыла" **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау, бағалау.	мен «екіден» құрылатыны жайлы түсінігін дамыту; күз мезгіліне тән құбылыстарды пысықтау; **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Қуаныш шеңбері.** Достарменен бір жолда, Иықтасып жүреміз. Қиындықта қол ұшын, Береріне сенеміз. **1.2. Кіріспе әңгімелесу.** Педагог: - Бала-р, мен сендерге өлең оқып бергеннен кейін, бұнда жылдың қай мезгілі айтылғанын тауып көріңдер **Көркемсөз.** **Ш. Ахметов. «Күз».** Бұлттар төніп, Жерге шөгіп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, Өні тайып, Дала сұры қашады. Ал, балалар, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? **1.3. Жұмбақ жасыру. «Жапырақ».** Ағайынды бәрі: Шықса, жасыл, Түссе, сары. Ол не? (Жапырақтар.) **1.4. Тыныс алу жаттығуы** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жаңа ұғымды түсіндіру. «**Үш көлемінде санау, заттар топтамаларының жиын сандарын салыстыру және теңдестіру» Кезекшілер үлестірмелі материалдарды дайындап қояды.	т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Қуаныш шеңбері.** "Мақсатшыл балалармыз" Мақсатшыл балалармыз, Үздіктер тобын жарамыз. Мықты болсын денсаулығымыз, Түзу болсын қадамымыз. **1.2. Миға шабуыл.** "Күз мезгіліндегі өзгерістер" **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ой ширату жаттығуы.** "Жеміс пен көгөністі ата" **2.2. Сергіту сәті.** "Алма теріп аламыз" Биік-биік ағашта, Алма өсті көп болып. Шелек, себет алдық та, Баққа бардық топ болып. Алма баққа барамыз, Алма теріп аламыз, Ең үлкен алманы Анамызға сыйлаймыз. - Жарайсыңдар! **2.3.** д/о **"Дәмін тап"** **2.4.** д/о **"Сабағы мен тамыры"** **2.5. Іс-тәжірибе жаттығуы.** "Өнімді тағам" **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау, бағалау.	білу **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** Бәрекелді! Витаминдерге иіліп сәлем берейік: - Дәрумендер тұрағы, - Түрлі тағам құрамы. - А - боады асқабақ, - Өрік, қызан, салатта. - Б - балық, картоп, асбұршақ, - Сиыр еті, жаңғақта. - С- қарақат, алмұртта, - Кивиге тән табылар. - Д - балық майында, - Е - қарақатта табылар. Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды. **Тамаша, балалар!** **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау** **2.2. «До – ре – ми»** муз- д/о **2.3. Дауыс жаттығулары «Домбыра»** жаттығуы: Домбыра, домбыра, Құлағын оң бұра! – «Р» дыбысын анық, таза айтуға дағдыландырады. Алма, алмұрт, шие, алша, Жеміс-жидек піседі. Қауын, қарбық, пияз, сәбіз, Дүкендерге түседі. **2.4.** Ән салу Ән **"Ақжелкен"** әні А.Досмагамбетова сөзі К.Қалқатаев - Бақытты балалық бал күнің. - Шырқалсың, шырқалсың ән бүгін.

	Ойын шарты: тәрбиеші үй жануарларының суретін көрсетіп, олардың не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Мә-ә-ә-ә! Сиыр мөңірейді: Мө-ө-ө! Жылқы кісінейді: Ио-о-о! Түйе боздайды: Бө-ө-ө-ө! Ешкі бақырады: Бә-ә-ә-ә! **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Қандай дыбыспен таныстық? - Қандай текшемен белгіленеді? - Дауысты дыбыстың ерекшелігі қандай?		**2.2. Цифрді жазу және безендіру жаттығуы. «Үш цифры».** Педагог балаларға «үш» цифрының шартты түрде салынған нобайын көрсетеді. **2.3. Сергіту сәті**. «Менен кейін қайтала» **Жұмбақ есеп** Гүлдерге кеп күнара, Қонушы еді бір ара. Бүгін екі туысын, Ертіп келіпті бұл ара. Барлығы қанша ара? (Барлығы 3 ара.) 2.4. Жаңа ұғымды пысықтау. «Сандар қатарына сай заттарды орналастыр» (1, 2 және 3.) **2.5. Ойын-жаттығу. «Сенде осынша көрсет»** **2.6.** Еске сақтауға және жазықтықты бағдарлауға арналған жаттығу. **«Күзгі кілемнің оюларын еске сақта»** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**		- Шарықта биікке самғай бер, - Шуақты шаттық боп әр күнім. - Теңіздің бетінен жел ессін, - Тербесің бақыттың кемесін. - Алып кет алысқа Ақжелкен. - Балалық қиялдың емессің. **2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**
3-ші ҰІӘ	**3. Математика** «1 саны және цифры» **Міндеті:** Балаларды "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіру біліктіліктерін арттыру, зейіндерін тұрақтандыру, көру, есте сақтау,логикалық ойлау қабілеттерін қабілеттерін дамыту. Табиғатқа жанашыр болуға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**	**3. Математика** «2 саны және цифры» **Міндеті:** Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру; ой-өрістерін, көру қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелеріне қамқорлық танытуға, тиянақтылыққа, ізденімпаздылыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**	**3. Көркем әдебиет** «Жұмбақтар әлеміне саяхат» **Міндеті:** Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуды үйрету. Еске сақтау қабілетін жетілдіру. Балалардың ой-өрісін дамыту. Өз ойын еркін айтуды үйрету, адамгершілікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** «Қайырлы таң!»	**3. Музыка** «Ай сәулем» **Міндеті:** Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** Музыка жетекшісі:	**3. Жапсыру** «Қоян сәбізді жақсы көреді» **Міндеті:** Балаларды мақта табақшаларын қайшының көмегімен тең ортасынан екі бөлікке кесіп, кесілген бөліктерден қоянды жазық қағаз бетіне жапсыруды үйрету; қайшымен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік техникасымен таныстыру; қағаз бетіне сәбіз дайындамаларын орналастыру және желімдеу іскерліктерін ү/у **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

	1.1. Таңғажайып сәт Педагог тақтаға Күзгі бақтың суретін іледі**.** - Балалар, қалай ойлайсыңдар біз қайдамыз? (бақта). Дұрыс - Бақта нелер өсіп тұр? (жеміс ағаштары) - Қандай жемістерді білесіңдер? (Алмұрт, алма) - Балалар, бақта біреу бар сияқты... **1.2. Сурет бойынша әңгімелесу** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Қол моторикасын дамытуға арналған жаттығу: **"Тез құра"** **2.2. "Дәмді жемістер"** д/о **2.3. Сергіту сәті** Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. **2.4. "Аңдарға азық"** д/о - Мен тиінге жаңғақ бердім. (Неше жаңғақ бердің?) Бір жаңғақ бердім. Неге? (өйткені тиін жаңғақ жақсы көреді) - Аңдар сендерге "рахмет" айтып жатыр. **2.5. "Есіне сақта"** есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. - Балалар, "Бір жылы сөз бір күнге азық"- деген мақал бар. Қане есімізге сақтап, үйге барғанда айтып берейік. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**1.1. Қуаныш шеңбері.** Маған жақын адам кім? Құшағын жая күткен досым. Жақын адам деген туысың, Ата-әжең, сіңлі, қарындасың, Жақын адам ата-анаң қымбатты, Інің, бауырың, ағаң айбатты. - Жарайсыңдар, балалар! Сендердің жандарыңда үнемі жақын адамдар болсын деп тілеймін. **1.2. Ғажайып сәт.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагогикалық жағдаятты шешу жаттығуы. **«Мен отбасында нешіншімін?»** **Әңгімені оқу.** «Мен отбасында нешіншімін?» **2.2. Үстел басында тәжірибе жаттығуы.** «Қатарға реттік саны бойынша орналастыр». Педагог балаларға сандар қатарын құрастыруға мүмкіндік береді. **2.3. Сергіту сәті.** «Пішіндер қатары». **2.4. Үстел бетінде тәжірибе жаттығуы.** «Торкөзді толтыр». Жазықтықты бағдарлау. **2.5. Логикалық жаттығу. «Отбасындағы адамдарды бойларына қарай қатарға тұрғыз».** Балалардың алдарында отбасы мүшелерінің суреттері бар. **2.6. Цифрды жазу және безендіру жаттығуы. «Екі**	Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! **1.2.** Балаларға хат келгенін айтады. Хатта Қаршақыз балаларға көп жұмбақ жасырғанын айтады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Балаларға төрт түлікке байланысты жұмбақтар жасырады. **1.** Кезекті бір жануар. Үстінде екі тауы бар. (Түйе.) **2.** Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (Қой.) **3.** Басында таяғы бар, Иегінде сақалы бар. (Ешкі.) **4.** Көзін жұмады, ашады, Сыбысын білдірмей, Ақырын басады. (Мысық.) **5.** Адамға серік, Күзетке берік. (Ит.) 2.2. Педагог балаларға жемістер туралы жұмбақтар ұсынады. 1. Аспай піскен, Қайнамай түскен. 2. Жер астында жез қазық (Сәбіз.) 3. Бір-бірлеп үзіп жеймін Бір жегенде жүзін жеймін (Жүзім.) 4.Үстінде тігіп көк шатыр, Астында қызыл дәу жатыр. (Қызылша.) 5. Қалың киімді ұнатады,	- Балалар, қазір «Қызыл гүлім-ай» музыкалық-ырғақтық шығармасымен би элементтерін орындаймыз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау** **2.2. "Үш гүл"** д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** Музыка жетекшісі: - Балалар, жазда жер беті гүлге толады. Ал гүлдердің үстінде не ұшып-қонып жүреді? Дұрыс айтасыңдар көбелектер және аралар. - Кәне аралар болайық: **Аралар** - Арамыз, біз арамыз, - Әнге салып барамыз. - Жу-жу-жу-жу-жу-жу. - Қызыл, жасыл гүлдерден, - Балды сорып аламыз. - Жу-жу-жу-жу-жу-жу. - Жарайсыңдар**.** **2.4. Ән салу** **Ән «Ай сәулем» әні** М.Кузембаев сөзі Г. Жотаева - Қандай қызық тамаша, - Жыр айтамыз жаңаша. - Әуеніміз әніміз, - Достығымыз жараса. - Айналайын ай сәулем, - Қандай әсем гүл дәурен. - Жарқыраған жұлдыздай, - Жарқын болсын нұр сәулең. **2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**1.1. Көркем сөз.** **Әбен Дүйсенов "Көжек".** Қоянның көжегі Сыбдырды сезеді. Өскен соң ол дағы Көп жерді кезеді. **1.2. Жұмбақ жасыру.** Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. **(Қоян)** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Үлгіні зерттеу. **"Қоян сәбізді жақсы көреді".** **2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.** **2.3. Сергіту сәті. Бүркіт Ысқақ "Көк қоян".** Желден қоян қорқады, Барлық аңмен жауықты. Қамыс, шидің әр талы Қоян үшін қауіпті. Қорқақтығы көпке аян, Көптен көмек сұрайды. Секеңдейді көк қоян, Секірем деп құлайды. **2.4. Өздік іс-әрекет.** **2.5. Дидактикалық ойын. "Жасырынып тұрған қояндарды тап".** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

	- Бүгін біз қайда бардық? (баққа) - Бақта нені кездестірдік? (тиінді) - Тиін не істеді? (тиін қысқыға азық дайындады) - Қандай азық жинады? (алма, алмұрт) - Ал, қандай санмен таныстық? (Бір санымен) - Тағы қайда бардық? (дүкенге) - Дүкенге кіммен бардық? (достарымызбен) **"Жүректен-жүрекке"** Қуанамыз біргеміз, Бөлінбейді іргеміз. Аясында достықтың, Бір жүреміз, күнде біз. - Бүгін сендер, өте зейінді,тату, болдыңдар. Рахмет сендерге.	**цифры».** Педагог балаларға «екі» цифрының шартты түрде салынған нобайын көрсетеді **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгінгі сендер қандай жаңа білім алдыңдар? - Қандай жаңа нәрсеге үйреніп үлгердіңдер? - Балалар, бүгін санаудың қандай түрін қайталадық? - Санағанда қандай ерекшілікті байқадыңдар? - Иә, заттардың жиын сандары бірыңғай болғанмен, қатарындағы заттардың реттік саны әртүрлі болуы мүмкін. - Балалар, бүгін өте ұғымтал және зерек болдыңдар. Жаттығуларды дұрыс орындадыңдар. Жарайсыңдар, балалар!	Шешіндірсең жылатады. (Пияз.) **2.3. «Не артық?»** дид/о **2.4. Сөздік жұмыс.** Жұмбақтар - загадки, сақал - борода, күзетеді - охраняет. Педагог сөздерді түсіндіреді. **2.5. Сергіту сәті.** **«Құстар».** Қарлығаш боп ұшайық, Сауысқан боп секірейік. Торғай болып қонайық, Тоқылдақ боп шоқиық. 2-3 рет қайталайды. **2.6. «Енесінен тап»** д/о **2.7.** Саусақ жаттығуы. **«Кірпі».** Момақаным, алайда, Тікенім көп, абайла! Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарай ма? **3. ҚОРЫТЫНДЫ**		
4-ші ҰІӘ	**4. Көркем әдебиет** М. Әлімбаев «Сары жапырақтар жауғанда» **Міндеті:** Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейтіп, бұл жыл мезгілінің ерекшелігін бақылату. «Күз» өлеңін оқып беру, түсіндіру, жаттау, байланыстыра сөйлеуді үйрету. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**	**4. Қазақ тілі** «Уақыт.Күн тәртібі және тәулік бөліктері» **Міндеті:** Балалардың ұғымындағы күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту. Күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; [ү] дыбысының дыбысталу ерекшеліктерін түсін-у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. «Амандасайық!» жаттығуы.**	**4. Дене шынықтыру** «Сапқа тұр» **Міндеті:** Балаларды гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуге үйрету; балаларда тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, дағдыларын жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері: "Ақ тілек"** Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп,	**4. Қазақ тілі** «Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар» **Міндеті:** Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру, ертегі тыңдату, қиялдарын дамыту, таза, көркем жазуға дағды-ру **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** Ертеңгілік шеңбері. Қол алысып, қәне, біз Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге.	**4. Дене шынықтыру** «Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту» **Міндеті:** Балаларды баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру; жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өтуге үйрету; жердегі таяқтың бойымен табанды толық тигізіп, бір жанымен жүруге жатықтыру; ерік сапаларын арттыру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** Педагог: - Балалар, жақында елімізде қандай мереке атап өтілді? - Балалар, жақында еліміздің

	1.1. Шаттық шеңбері. «Амансың, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер-Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! **1.2.** Педагог балаларға күз мезгілі туралы сұрақтар қояды: **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Қай мезгіл?»** д/о **1.** Бұлтты айдап желдеткен, Нөсерлетіп селдеткен. Жаңбырлатып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Көктем мезгілі.) 2. Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын. «Қызыл қырман» ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз мезгілі.) **2.2. Педагог:** - Олай болса, балалар, бүгін біз сендермен күз туралы әңгімелесіп, М.Әлімбаевтың «Сары жапырақтар жауғанда» өлеңін жаттаймыз. **2.4.** Педагог: - Ал енді, балалар, өлеңді мұқият тыңдаңдар. М. Әлімбаев **«Сары жапырақтар жауғанда».** Күзде жауын, бұлт, тұман, Сары жапырақ жауады! Сары құйын ұйытқан, Сапырады ауаны. Тапталады табанға, Судыр-судыр жапырақ.	**1.2. Аудиожазбаны тыңдау.** **Тосын сәт.** **1.3.** Жұмбақтар мен суреттерге негізделген сөздік жұмыс. **«Күннің бөліктері»** *Сурет сызбасы: күннің төрт күйінен тұратын шеңбер - таңертең, күндіз, кешке, түнде - жұлдыз.Төрт сурет төртбұрышты құрайды, шеңбер жасау үшін бұрыштарды доға бойымен кесу керек.* **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Бейнематериал негізінде мәнерлеп оқу. Ү әрпімен танысу. **Көркемсөз.** **«Уақыт».** Уақыт өтіп барады Тық-тық, тық-тық, Сағат тілі соғады, Тық-тық, тық-тық! Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. Таң, күн, кеш, түн. **2.2.** Дыбысты-ырғақты санамақ. **«Таң, күн, кеш, түн»** **2.3.** Жалпы ұғымдарды қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу **«Күн тәртібі»** **1. Таң, таңертең.** **2. Күн.**	Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі-Ақ тілек. 1.2. Балалар сапта бірінің соңынан бірі аяқтың ұшымен, аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүреді. Педагогтің көрсетуі бойынша бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүреді, жұптасып бір қатармен жүгіреді. Жәй қалыпқа түсіп, жүреді. Біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** 1."Секіртпені соз" жаттығуы. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: 3. "Сәл отыру" жаттығуы. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. 5. "Еңкею" жаттығуы. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу; Педагог балаларға "гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу" жаттығуын көрсетеді. Балалар өздеріне берілген тапсырмаларды орындап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көңіл бөліп,	Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! **1.2. Артикуляциялық гимнастика «Кесе».** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Кіріспе әңгімелесу.** 1-топ. Дауыстылар. 2-топ. Жуан дыбыстар. 3-топ. Жіңішке дыбыстар. **Тапсырма. «Әріптен сөз құра».** **«Шапалақ пен бас аяқ».** **«Кім шапшаң?» ойыны.** **«Суретті құрастыр».** **2.2. Сергіту сәті.** **«Көлеңке».** Көлбең, көлбең, көлеңке, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды, Айтшы қалай жинайды? Көлбең, көлбең, көлеңке Көлбеңдеген көлеңкем. Былай, былай жинайды. Көлбең, көлбең, көлеңке, Көлбеңдеген көлеңкем. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? **2.3. Ынтымақтастық атмосферасы.** **«Қуыршақтардың есімі»** д/о **Карточкамен жұмыс.** Тапсырма. Сөздер. **2.5. Саусақ жаттығуы.** **«Достық».** **Жұмбақ жасыру.** 1. Ішіне тамақ салынған, Есігі тастай жабылған. (Тоңазытқыш.) 2. Қамыс құлақ, тостаған тұяқ, Мінсең - қанат, сүті - дәрі,	Ата заң күні атап өтілді. - Мына суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар? Ата Заң кітабын көруге болады - Балалар, Ата Заң біздің мүддемізді қорғайды. Сондықтан өз Ата Заңымызға да салтанатты түрде сәлем жолдайық. - Қорғайтын халық мүддесін - Ата Заңым ардақты! - Бақытты өмір сүресің, - Қолдаса, Заңым ардақты! - Жаса, Заңым, жасыма! - Жігерің қайнап, тасы да! - Өзіңе тәжім етеді, - Үлкен, кәрі, жасы да! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы! - «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу - «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. 1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу - «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде

	Өрттей сары бояуға, Малынғандай атырап. Өлеңді мұқият тыңдайды, қайталайды, жаттайды. **2.5. Сөздік жұмыс.** Педагог: - Балалар, орыс тілінде тұман - туман, бұлт- облако, құйын - смерч, нөсер -ливень. **2.6.** Оқылған тақпақ туралы сұрақтар қояды. **2.7. «Артығын тап»** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ Рефлексия.**	**3. Кеш.** **4. Түн.** **2.4.** Қимылға негізделген ауызша жаттығу. **«Мен, сен, ол және біз».** **2.5.** Сөз тіркестері мен сөйлемдерді өз бетімен құрастыру дағдыларын дамытуға арналған ауызша тәжірибелік жаттығу. **«Қай уақытта орындаймыз?»** **2.6. Еске сақтауға арналған ауызша жаттығу. «Еске сақтаймыз»** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	дұрыс игере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Жаттығуларды жақсы жасап жатқан балаларға "Керемет!", "Жарайсың!", "Бәрекелді!", "Ептісіңдер!" деген сөздер айтып, шабыттан-п отырады **2.3. "Әртүрлі қимыл жаса"** қимылды ойыны. **2.4. Тыныс алу жаттығуы.** - Балалар, мен шеңбер бойымен қандай қимылдар жасап өтемін, сол қимылдарды жасай отырып, маған жетіп алуға тырысыңдар. Педагог қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіріп, дем алу, дем шығару жаттығуларын жасайды. Сол арқылы балалар да педагогқа еліктеп, жаттығуларды қайталайды. - Жарайсыңдар, балалар! **III. Қорытынды**	Еті - тамақ. (Жылқы.) 3. Әкесі - тышқан, Шешесі - құстан. (Жарғанат.) **2.6.** Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған ауызша жұмбақ жасыру, ойын-тапсырмалар. **«Сиқырлы қорапша».** **Көркемсөз.** **Н. Жанаев «Табиғат анамыз».** Табиғат ол анамыз. Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз, Жазда аралап тауында, Барамыз біз бауында, Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу - «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу - «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. - «Аққұтан» - «Достар» **2.2. «Көтеріп кет»** қимылды ойыны **2.3. «Қарақұс пен балапандар»** пысықтау ойын **2.4.** Тыныс алу жаттығулары **"Шар"** **III. Қорытынды**
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес	Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту.	Ата -аналармен тығыз байланыста болу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.	Үйге: «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында отбасымен сурет салу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 23.09-27.09.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09	Сейсенбі 24.09	Сәрсенбі 25.09	Бейсенбі 26.09	Жұма 27.09.
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	Балалармен сәлемдесу. ҚР әнұранын орындау Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Сәлем, алтын күн!* *Сәлем, көк аспан!* *Сәлем, самал жел!* *Сәлем, көк емен!* *Туған өлкем,* *Саған да бір сәлем!* Сұрақ- жауап	Балалармен сәлемдесу. *Қолыңды бер, шеңберге кел,* *Күлім қағып, ойна да күл.* *Қол ұстасып, ширақ басып,* *Біз жүреміз достасып!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
		білімдерін дамыту; ұл мен қызға арналған киімдердің атауларын ажыратуды дағдыландыру; достыққа, ұйымшылдыққа, әлемге оң көзқарасқа, ертегілерге сүйіс-е т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** **Көркемсөз.** Аяз ата сиқыршы боп келеді, Қуанышқа бөлер бәрін себебі. Жаңа жылға тосын сыйын дайындап, Балаларға сыйлықтарын береді. Жылдың басты қонағы боп саналар, Аяз атаны қатты күтер балалар. Үлкен үміт еткен аяз атамыз Жаңа жылдық киіміңді бағалар. **Тосын сәт.** **1.2.** Жұмбақтарды шешуге және суреттерді анықтауға негізделген сөздік жұмыс. **«Аулаға не кию керек?»** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Киім-кешек. Аяқ киім. Бас киімдер»** ұғымдарын қалыпасты-руға арналған ауызша жаттығу. **2.2.** Пантомима мен музыкаға негізделген ырғақты жаттығу. **«Аяз Атаға сыйлықтар»** **2.4.** Суреттерді салыстыру және визуализациялау	үстімен қолдарын жанына жіберіп жүру дағдыларын қалыптастыру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** - Табиғаттың әлемі, - Неткен сиқыр әдемі! - Ақ мамықтай ұлпа қар, - Жауғаны да әдемі! - Шаттық күйге бөленіп , - Шаттық шеңбер құрамыз. - Табиғатпен сәнденіп, - Жайқалып біз тұрамыз! - Жарайсыңдар, балалар **Педагог:** - Топ! Сапқа тұр! - Түзел! Тік тұр! - Бір қатармен, алға бір қадам бас! - Тоқта! Екінші жаққа бұрыламыз! - Алға қадам бас! 1,2 - ге бөлін! - 2-лер алға бір қадам бас! - Топ, оңға бұрыл! - Топ, солға бұрыл! - Екі қатар, залдың бойымен алға қадам бас! - 1, 2, 3. ... ! - Жарайсыңдар! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (арқанмен) **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** **2.3. «Өз орыныңды тап»** қимылды ойыны **2.4. "Сарбаздар"** пысықтау ойыны **2.5.** Тыныс алу жаттығулары **"Бұлттар"** - Аспанда бұлт	тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** **«Сәлем!» - дейміз күнімізге, аспанға да.** **«Сәлем!» - дейміз даламызға, тауларға да.** **«Сәлем!» - дейміз бүгінгі күнге.** **Толсын күніміз ойын-күлкіге.** **1.2.** Артикуляциялық гимнастика, **«Қатты, ақырын, сыбырлап»** **«Жылдам-ақырын»** **1.3. Кіріспе әңгімелесу** Ардақты ұл-қыздарға Бүлдіршін балаларға бір сәлем! Қандай жарқын жүздерің, Қандай әсем жырларың, Асаулармен алысқан, Асау желмен жарысқан. Аталарың сендерге Шаршап келді алыстан. **Жұмбақ жасыру.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. [-ф], [-в]** дыбыстарымен танысу **[-ф] дыбысының дұрыс артикуляциясы.** **[-в] дыбысының дұрыс артикуляциясы.** [-в] - қатаң дауыссыз дыбыс. **2.2. Тіл ұстарту жаттығулары.** **2.3. «Шашылған әріп»** ойынын ойнату. **2.4. «Фонтан», «Вокзал»**	аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу дағдыларын жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1.** Психологиялық ахуал. **"Сені көргеніме қуаныштымын, себебі.."** балалар өздерінің қасындағы балалардың жақсы жақтарын айтады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (таспалармен) **Педагог:** - Балалар, менімен бірге жаттығуларды орындайықшы! Қолдарыңдағы арқанмен жаттығулар жасаймыз. - Балалар, тақтадағы балардың қимылына қарап, жаттығуларды әдемі жасаймыз. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** Екі тобықтың арасына допты қысып алып жүру. Бір жағы 30-40 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп жүру. Педагог балаларды сапқа тұрғызып: **2.3. "Футбол"** қимылды ойыны. **2.4. Тыныс алу жаттығуы «О-у-м» дыбыстары** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Педагог:** - Балалар, біз өзімізге сенімді болу үшін қадамымызды нық басамыз.

		негізінде ауызша логикалық дамыту жаттығулары. **«Аяз ата не киеді?»** **2.5. Еске сақтауға арналған ауызша жаттығу. «Еске сақтайық».** Ағаш көркі - жапырақ, адам көркі - шүберек. Ескі киімді баптағаның – Жаңа киімді сақтағаның. Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	қалықтайды, - Қалықтаудан жалықпайды. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Нөсерлетіп жаңбыр жауғанда. - Көк аспанда бұлт төнеді, - Тамшыларын мол төгеді. - Нөсерлетіп жаңбыр жауғанда. - Қалықташы, бұлттар, - Қалықташы, қалықта! **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Релаксация.**	сөздеріне дыбыстық талдау жаттығуы. **2.5. «Есіңе сақта!» жаттығуы** Қыста ауа алып, жазда тынбайды, Көкке атылып, жерге құлайды. (Фонтан.) Өңкей сығай екі топта, Таласып жүр бір допқа. (Футболшы.) **2.6. Сергіту сәті.** **2.7. Жазылым жат-ы** Ф ф және В в әріптерін бастырып жазу. **2.8. «Жалғасын тап»** ойыны. **2.9. Мәнерлеп оқу жаттығуы.** **Көркемсөз.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	- Мен аяғымның астындағы жерді сезіп тұрмын. Ол тығыз, қатты. Сендер тұрғанда жердің осындай қаттылығын сезінулерің керек. - Мен өзіме сенімдімін, қадамымды нық басамын. Балаларға әрбір қадам аттаған сайын: «Хо-хо-хо!» деп, 10-15 секунд айтқызады. Содан кейін «Мен-мен-мен» деп, алақанымен кеудесін соғады. **Релаксация.**
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес	Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту	Ата -аналармен тығыз байланыста болу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.	Үйге: «Күз» әнін жаттау	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 23.12-27.12.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.12.	Сейсенбі 24.12.	Сәрсенбі 25.12.	Бейсенбі 26.12.	Жұма 27.12.
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	Сәлемдесу шеңбері Әнұран орындату Үстел үсті ойыны Пазыл құрастыру.	Сәлемдесу шеңбері Достар бері, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.	Сәлемдесу шеңбері Қайырлы күн, Алтын күн! Қайырлы күн, Жер-Ана! Қайырлы күн, Жан досым! Қайырлы күн, Туған жерім!	Балалармен сәлемдесу. Армысың, нұрлы күн! Армысың қасиетті Жер – ана! Армысыңдар, менің достарым! - Күніміз жарқын болсын! - Аспанымыз ашық болсын! - Деніміз сау болсын! - Күніміз сәтті болсын! - Қайырлы таң! - Қайырлы күн!	Сәлемдесу шеңбері Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі - Ақ тілек.
Баланың дербес әрекеті. Үстел-үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітап тар көру	«Табиғат бұрышында тазалық шараларын жүргізу. Гүлдерді суғару.Жапырақтарын сүрту. Түбін қопсыту»	«Дені саудың - жаны сау. Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде» Мақал- мәтелдер жаттау	«Жасырынып тұрған жануарды тап» ойыны	Суретпен жұмыс «Ағаштарды мезгіліне қарай ажырат»	«Отан туралы тақпақтар жаттау»
Таңертеңгі жаттығу	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату	«Қол тізе, аяқ» бейнетаспа арқылы жаттығу жасау	Түрлі жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені	Жаттығулар кешені
1-ші ҰІӘ	**1. Дене шынықтыру** «3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату» **Міндеті:** Балаларды 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуға үйрету; ептілік пен жылдамдыққа тәрби-у. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**	**1. Сөйлеуді дамыту** «Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!» **Міндеті:** Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту, «Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем» атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамыту; ой-қиялды дамыту, армандай	**1. Сауат ашу негіздері** «Біз не үйрендік? [з] дыбысымен танысу» **Міндеті:** Өткен дыбыс-ы қайталау арқылы еске сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [з] дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру. Дыбыстық талдау жасау, буынға бөлуді, сөздермен	**1. Сөйлеуді дамыту** «Шырша» **Міндеті:** Шырша туралы білімдерін кеңейту; «Шырша» туралы өлеңді оқып беріп, сұрақ жауап арқылы балалардың тілін дамыту; жаңа жылдық сыйлықтарға қуану, бір-біріне сыйлық сыйлауға т/у **ҰӘБ**	**1. Сауат ашу негіздері** «Біз сөйлем құрай аламыз» **Міндеті:** Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйретуді қайталау. Бала-ң еске сақтау қабілетін, ой-өрісін, шығармашылығын, сөздік қорын, сөйлеу

	1.1. Сәлемдесу - Қыста орман кезеді, - Тиіспеңдер, аңдарға! - Жамандықты сезеді, - Тиіссеңдер аңдарға! - Табиғаттың бағбаны! - Тиіспейді адамға! - Біздер қамқор болайық, - Иесі жоқ аңдарға! - Жарайсыңдар, балалар! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (арқанмен) Педагог: - Балалар, менімен бірге жаттығуларды орындайықшы! Қолдарыңдағы арқанмен жаттығулар жасаймыз. - Балалар, тақтадағы балардың қимылына қарап, жаттығуларды әдемі жасаймыз **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату; - аңдардың қимылдарын салу. **2.3. "Торғайлар мен мысық"** қимылды ойыны **2.4. "Жылан"** пысықтау ойыны **2.5.** Тыныс алу жаттығуы **«О-у-м»** дыбыстары **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Релаксация.**	білуге т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Қайырлы таң, Көк аспан!, Қайырлы таң, Жер-Ана! Қайырлы таң, Жан досым! Қайырлы таң, Туған жерім! **1.2. Жұмбақтар.** Тікен, тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте. (Шырша.) Аппақ сақалы бар, Жылына бір рет келеді. Қолында қызыл дорбасы бар, Сыйлық әкеліп береді. (Аяз ата.) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагог: - Балалар, қазір әңгіме оқып беремін. Мұқият тыңдап алыңдар. «Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!» әңгімесі. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!»** **2.3. Сергіту сәті. «Ойыншықтар». Көркемсөз.** Оңға да, солға да, Шашылды домалап, Шыршаның ойыншығы. Аламын тезірек жинап. **2.4.** Артикуляциялық жаттығулар. **[Ж], [Ш]** дауыссыз дыбыстары. **2.5. «Шырша ойыншықтары»** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-	сөйлем құрастыруды үйрету. Әріптің баспа түрын жазу жолдарын үйрету арқылы таза және сауатты жазуға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық дайындық.** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз. Жарқырайды қаламыз. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар! **1.2. Педагог:** - Балалар, мына іздерге қараңдаршы. Ненің ізі? Мейізде бар, Өрікте жоқ. Киізде бар, Сырмақта жоқ. (З дыбысы) - Иә, жауабы - З дыбысы. Бүгінгі тақырыбымыз З дыбысына арналады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **Түсіндіру.** [з] дыбысы және З з әріп таңбасымен таныстыру. **2.1. Артикуляциялық жаттығу.** **Тіл ұстарту жаттығуын өткізу.** Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з-з-з) **2.2. «Кел, оқиық!»** **2.3. Дыбыстық талдау.** **2.4. «Бір әріпке бес жауап»** ойыны. **2.5. Сергіту сәті.**	**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Қайырлы таң, Көк аспан!, Қайырлы таң, Жер-Ана! Қайырлы таң, Жан досым! Қайырлы таң, Туған жерім! **1.2. Жұмбақ.** **Жасыл болып қашанда,** **Әдемі болып күнімен.** **Қыс, көктем, күз, жазда да,** **Өзгермейді бір түрінен.** **(Шырша.)** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Өлең оқу, жаттау. Көркемсөз.** Әдібай Табылдиев **«Шырша».** Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді, төрледі. Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады! Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз. **2.2.** Суреттер бойынша әңгімелеу үлгісі. **«Жаңа жыл».** **2.3. Сергіту сәті. «Ойыншықтар».** Оңға да, солға да, Шашылды домалап, Шыршаның ойыншығы. Аламын тезірек жинап. **2.4.** Педагог: - Балалар, шырша түрлері көп екен. Олар: қарағай, балқарағай, майқарағай, шырша, самырсын. **2.5. «Шырша жаңғақтарын жинаймыз»** д/о	мәдениетін, өз ойын толық жеткізе білуді үйр-у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Күннің көзі ашылып Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой! Ал, қанекей, бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге. **1.2. Қадыр Мырза Әли «Не үшін?»** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Педагог: - Сөйлем - бірнеше сөздерден құралады. Мысалы: «Анам дәмді тағам пісіреді» **2.2. Суретпен жұмыс.** Суретке қарап сөйлем құра **2.3. Сергіту сәті.** Қане, қане, тұрайық! Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге, Алақанды ұрайық. Бишілердей бұралып, Дөңгелене билейік. «Қара жорға» биі. **2.4. «Сөздерді орнына келтір»** д/о **2.5. «Балықтарға көмектесейік»** ойыны **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7. «Сиқырлы текше»** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Педагог: - Бүгін не үйрендік? (Сөйлеммен таныстық.) - Суреттерге қарап сөйлем құрауды білеміз бе?

		әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.	Секіреміз, орнымызда біз оңай, Секіреміз оңға, солға дәл солай. Тіземізді көтереміз жоғары. Тік ұстайық денемізді болғаны. **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7.** Құстарға көмекке кел. Әріптерді ретімен жаз. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.	
2-ші ҰІӘ	**2. Сауат ашу негіздері** «Біз не үйрендік? [з] дыбысымен танысу» **Міндеті:** Өткен дыбыс-ы қайталау арқылы еске сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [з] дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру. Әріптің баспа түрын жазу жолдарын үйрету арқылы таза және сауатты жазуға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық дайындық.** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз. Жарқырайды қаламыз. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар! **1.2. Педагог:** - Балалар, мына іздерге қараңдаршы. Ненің ізі? Мейізде бар, Өрікте жоқ. Киізде бар, Сырмақта жоқ. (З дыбысы)	**2. ҚОТ** «Жас бағбандар» **Міндеті:** Балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру; еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту; табиғатқа шыққанда өздерін қалай ұстау керектігі туралы ережелерді естеріне түсіру; далада гүл егу арқылы табиғатқа қатыстарын сезіндіру, білімге құштарлықты т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Қуаныш шеңбері** Жайлауымдай жазықпын. Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзіңнен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін. **1.2. Аудиожазбаны тыңдау.** **Көркемсөз**. Жарасқан Әбдірашев. **"Туған жер".** Туған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсіңде.	**2. Математика** «10 көлемінде тура және кері санау» **Міндеті:** Балаларды (+), (-) және (=) белгілерімен таныстыру,қарапайым есептерді құрастырғанда қолдануды үйрету, «он» саны көлеміндегі сандар қатарының құрамын пыс-у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.** Құстардың шықылдаған дыбыстары шығады. – Балалар, бұл қандай дыбыстар? Құстардың былай шықылдағаны қандай мезгілдің келгенін білдіреді? **1.2. Көркемсөз.** Ақылбек Шаяхмет «Қуаныш» **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Іс-тәжірибе жаттығуы** «Көрші сандарға сай өскен гүлдердің ортасына қанша гүл отырғызамыз?» **2.2. Сергіту сәті. «Қиялдап көрейік».** **2.3. Жаңа ұғымды түсіндіру.** «Қосу (+),алу (-) және тең (=) белгілері».	**2. ҚОТ** «Ағаштың қасиеттері» **Міндеті:** Балалардың көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы ағаштың қасиеттері туралы түсініктерін жетілдіру; бірлесіп еңбек етуге т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Кіріспе әңгімелесу.** "Көктемде ағаштар жаңарады" **1.2. Көркемсөз.** **Қасым Аманжолов.** **«Дархан дала».** О, дала! Мұхит дала, неткен кеңсің! Ақынның ойынан да сен тереңсің. Сар дала сараң едің күні кеше, Япырмай, бүгін неткен берегенсің! Барқыт тау, жасыл дала, зеңгер аспан, Күміс көл, ерке өзен алып қашқан. Құмартып келем саған бала жастан, Дариға, жер бар ма екен сенен асқан! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**	**2. Музыка** «Қатар түзеп сапқа тұру» **Міндеті:** Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге дағдыландыру **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу.** **1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Күй тыңдау** **2.2. "Біздің саяхат"** д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** - Біз көңілді балалармыз, - Бір орында тұрмаймыз. - Ля-ля-ля (екі рет қайт-ы) - Біз сабырлы балалармыз, - Біз апайды тыңдаймыз. - Ля-ля-ля (екі рет қайт-ы) - Жарайсыңдар, балалар. - Аспан ашық, дала кең, - Кел, қоныңдар тырналар. - Мен сендерге жем берем, - Дос болайық, тырналар. - Трау-трау-трау-трау!

	- Иә, жауабы - З дыбысы. Бүгінгі тақырыбымыз З дыбысына арналады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **Түсіндіру.** [з] дыбысы және З з әріп таңбасымен таныстыру. **2.1. Артикуляциялық жаттығу.** **Тіл ұстарту жаттығуын өткізу.** Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з-з-з) **2.2. «Кел, оқиық!»** **2.3. Дыбыстық талдау.** **2.4. «Бір әріпке бес жауап»** ойыны. **2.5. Сергіту сәті.** Секіреміз, орнымызда біз оңай, Секіреміз оңға, солға дәл солай. Тіземізді көтереміз жоғары. Тік ұстайық денемізді болғаны. **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7.** Құстарға көмекке кел. Әріптерді ретімен жаз. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде. Жүреді мәңгі есімде Көкорай далаң, тауларың, Албыртқан аспан төсінде Жұлдызды тұнық таңдарың. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Өздік жұмыс.** "Табиғаттағы ережелер" **2.2. Тәжірибе жұмысы.** "Жас бағбандар еңбегі" **2.3. Сергіту сәті.** "Таза ауада билейміз" **2.4. Объектіні бақылау** "Әртүрлі тұқымдар" **2.5. д/о "Тұқымнан не шығады?"** **2.6. Дамытушы жаттығу** "Қыздардың гүлге ұқсас есімдері" **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау, бағалау.	- Балалар, 3 санының ең кіші екі саны қандай, сандар карточкалары арқылы салып шығындаршы. Балалар 2 және 1 санын салады. **2.4. Зейінге арналған жаттығу.** «Құстардың атауларын еске сақтап, барлығының жиын санын тап» **Көркемсөз.** Т. Молдағалиев «Құстар» **2.5. Дамытушы жаттығу.** «Саны қанша және қандай пішіндерден құрылған?» Жаттығуды өткізуге геометриялық пішіндердің нақпішіндері (түсі көк) дайындалады. Сызбалы суреттер сериясы: - торғай - үшбұрыш; - қаз - сопақша; - тырна - тіктөртбұрыш; - үкі - сопақша; - қарлығаш - дөңгелек. – Балалар, барлық құстарды танысаңдар, олардың атауларын атап шығайық. Жарайсыңдар! – Байқайсыңдар ма, балалар, құстардың пішіндері геометриялық пішіндерге ұқсас келеді. Тапсырма: құстың пішінін оған сәйкес келетін геом-қ пішіннің ішіне салып көріңдер. **2.6. Дамытушы жаттығу.** «Бес күндегі бір күннің орнын тап». Педагог балаларға бес күн қатарының сызбасын (жолағын) көрсетеді.	**2.1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.** "Бүршік ату құбылысы" **2.2. Тәжірибе жұмыстары** "Ағаштың қасиеттері" **2.3. Сергіту сәті.** "Желдің күші" Желдің күші мол, Ұзын жеңді қол. Ағашты шайқайды, Аямай айдайды. Жаттығу екі рет өткізілуі мүмкін. **2.4. Тәжірибе жаттығуы. "Желдің бағытын табайық"** **2.5. Тақырыпты пысықтау және әңгімелеу.** "Желдің түрлері" - Дауыл, нөсерлі дауыл, шаңды "қара дауыл", көк дауыл, боран, ақтүтек, ақборан, салқын жел, суық жел, қара жел, үскірік жел, ызғырық жел, аңызақ жел, көктем самалы. **2.6. Дамытушы жаттығу.** "Естіген ағаштарды ата" **Көркемсөз.** **Бекен Әбдіразақов.** **"Орманшы".** Үйеңкі, қайың, қарағаш, Самырсын, емен, қарағай Өседі бәрі аралас. Бақшада өскен бақшадай. Жайқалған жасыл орманның, Шыбықтар - балғын бөпесі ... Болмаса, бәрін қорғар кім, Орманшы-қамқор көкесі?! **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	- Трау-трау-трау-трау! - Тамаша. **2.4. Ән салу** Д. Ботбаевтың «Күз қазан» әні - Мен күздің айымын, - Молшылық беремін. - Дәмді-дәмді жемістер, - Пайдалы көгөністер. **2.5. «Менің балапандарым қайда?»** музыкалық-дидактикалық ойын **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Оқу қызметінің аяғына қарай музыка жетекшісі:

			3. ҚОРЫТЫНДЫ		
3-ші ҰІӘ	**3. Математика** «Алдымен – содан кейін», «болды – бар -болады», «бұрын - кейінірек» **Міндеті:** Балаларға бес күн аралығындағы уақытты бағдарлауды үйрету, "бүрсі-гүні","алдыңғы күні" ұғым-дарын қалыптастыру; уақыт-тың үнемі бір жылдамдық-пен жүретіні, адамның оны көп не аз істерімен толтыра алатыны туралы түсіндіру **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Ой-қиял сәті.** Педагог: - Балалар, қазір біраз қиялдауға уақыт бөлейікші. **Көркемсөз.** Мұзафар Әлімбаев «Күз». **1.2. Кіріспе әңгімелесу.** «Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?» Педагог: - Балалар, уақыт сөзін қандай сөздермен байланыстырасыңдар? - Иә, бұл сағат, бұл біздің күнтізбеміз, бұл тәулік бөліктері, бұл жыл мезгіл-і **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Әңгімені мәнерлеп оқу.** «Өтіп кеткен және бүгін болмаған оқиғаны қалай ажыратуға болады?» - Балалар, мен сендерге қызықты әңгіме оқып берейін. 2.2. Жаңа	**3. Математика** «10 көлемінде тура және кері санау» **Міндеті:** Балаларды (+), (-) және (=) белгілерімен таныстыру,қарапайым есептерді құрастырғанда қолдануды үйрету, «он» саны көлеміндегі сандар қатарының құрамын пыс-у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.** Құстардың шықылдаған дыбыстары шығады. – Балалар, бұл қандай дыбыстар? Құстардың былай шықылдағаны қандай мезгілдің келгенін білдіреді? **1.2. Көркемсөз.** Ақылбек Шаяхмет «Қуаныш» **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Іс-тәжірибе жаттығуы** «Көрші сандарға сай өскен гүлдердің ортасына қанша гүл отырғызамыз?» **2.2. Сергіту сәті. «Қиялдап көрейік».** **2.3. Жаңа ұғымды түсіндіру.** «Қосу (+),алу (-) және тең (=) белгілері». - Балалар, 3 санының ең кіші екі саны қандай, сандар карточкалары арқылы салып шығындаршы. Балалар 2 және 1 санын салады. **2.4. Зейінге арналған жаттығу.** «Құстардың атауларын еске сақтап, барлығының жиын санын	**3. Көркем әдебиет** Қ. Аманжолов «Бала - біздің болашақ» **Міндеті:** Балаларға Қ. Аманжоловтың «Балалар — біздің болашақ!» атты өлеңін мәнерлеп оқу. Өлеңнің мазмұнын ашу, әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, балаларға жаттату. Балаларды достыққа, адамгершілікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Күндей жадырап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. **1.2. Кіріспе әңгіме.** **Жұмбақ** Қойны толы жеміске, Көк майсалы еңістe Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? **1.3. Педагог:** - Балалар, болашақ еліне ұшуға қалай қарайсыңдар? **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** - Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Балалар – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. **2.2. Көркемсөз.** Қасым Аманжолов **«Балалар — біздің болашақ!»** Балалар — біздің болашақ!	**3. Музыка** «Біз Отанның сарбазы» **Міндеті:** Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу.** **1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау.** **«Жеңіс күні»** әні. **2.2. "Дракон"** музыкалық-дидактикалық ойын. **2.3. Дауыс жаттығулары** - Біз көңілді балалармыз, - Бір орында тұрмаймыз. - Ля-ля-ля (екі рет қайт-ы) - Біз сабырлы балалармыз, - Біз апайды тыңдаймыз. - Ля-ля-ля (екі рет қайт-ы) - Жарайсыңдар, балалар. - Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен, көрейік. - Аспан ашық, дала кең**,** - Кел, қоныңдар тырналар. - Мен сендерге жем берем, - Дос болайық, тырналар. - Трау-трау-трау-трау! - Трау-трау-трау-трау! - Тамаша. **2.4. Ән салу.** Б.Бейсенова	**3. Жапсыру** «Аяз ата келіп қалды» **Міндеті:** Балаларды түрлі-түсті қағаздардан сопақша және шеңбер қиып, "Аяз ата" жапсырмасын жасауға үйрету; қағаздың шетін қарындашқа орап, өзіне қарай тарту, иректеу арқылы Аяз атаның сақалын қатар бойымен жапсыруға үйрету; Балаларды достыққа, мейірімділікке т/у **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Көркем сөз.** Хамит Ергалиев **"Жаңа жыл".** Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе? Бауырсақ, балмұздақ, Концертке.. молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың ба? Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсің. **1.2. Суретті көрсету.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Үлгіні зерттеу**. "Аяз ата".** **2.2.** Жапсыру амалдарын көрсету. **2.3.** Тыныс алу жаттығуы **"Қар себелеп тұр".** **2.4.** Өздік іс-әрекет. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Дайын өнім үшін мақтау және пысықтау.

	ұғымды түсіндіру. «Бес күн аралығындағы уақытты бағдарлау». Педагог балаларға бес күн қатарының сызбасын көрсетеді. **2.3. Сергіту сәті**. «Алға ғана басайық». **2.4. Іс-тәжірибе жаттығуы** «Қалташада жатқан бұршақтардан бес санын құрайық». **2.5. Зейінге арналған** жаттығу. «Саны қанша зат туралы айтылды?» Ойша санау дағдылары. **Көркемсөз.** Дина Ахметова Көгөністер мен жемістер». **2.6. Ұғымды пысықтау.** «Сандар қатарына сай заттарды орналастыр. 4, 5 сандары». **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар,уақытымыз тез өтіп кеткен сияқты? Неге? - Қандай жаттығу сендер үшін өте қызықты болды? Неге? - Бүгінгі күннің алдындағы екі күнді атап беріңдерші. Алдыдағы екі күнді қалай атаймыз?	тап» **Көркемсөз.** Т. Молдағалиев «Құстар» **2.5. Дамытушы жаттығу.** «Саны қанша және қандай пішіндерден құрылған?» Жаттығуды өткізуге геометриялық пішіндердің нақпішіндері (түсі көк) дайындалады. Сызбалы суреттер сериясы: - торғай - үшбұрыш; - қаз - сопақша; - тырна - тіктөртбұрыш; - үкі - сопақша; - қарлығаш - дөңгелек. – Балалар, барлық құстарды танысаңдар, олардың атауларын атап шығайық. Жарайсыңдар! – Байқайсыңдар ма, балалар, құстардың пішіндері геометриялық пішіндерге ұқсас келеді. Тапсырма: құстың пішінін оған сәйкес келетін геом-қ пішіннің ішіне салып көріңдер. **2.6. Дамытушы жаттығу.** «Бес күндегі бір күннің орнын тап». Педагог балаларға бес күн қатарының сызбасын (жолағын) көрсетеді. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгінгі жаттығуларда байқата білген төзімділік пен тиянақтылықтарың нақты нәтижелерге жеткізді. Бұндай қасиеттер аналарыңның еңбегі деп білемін. Рақмет!	Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ! Болашаққа иеміз. Көтеріп жас сәбиді, «Күлші, бөпе, күл!» — дейміз. Көңіл дария шалқиды, Балалармен гүлдейміз. **Сұрақ-жауап.** **2.3. «Мамандықтардың құралдарын ата»** д/о **2.4. Сергіту сәті.** **2.5. Сөздік жұмыс.** Болашақ - алдағы уақыт деген мағынаны білдіреді. Мамандық - белгілі бір кәсіптің иесі. Кәсіп, қызмет - жұмыс. **2.6. «Не болар еді?»** д/о **2.7. «Кім істейді?»** ойыны. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**«Шығыстың қос жұлдызы»** әні. **2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау** **2.6. "Жіп орау"** музыкалық-д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	
4-ші ҰІӘ	**4. Көркем әдебиет**	**4. Қазақ тілі**	**4. Дене шынықтыру**	**4. Қазақ тілі**	**4. Дене шынықтыру**

	Кел, жаттайық! А.Асылбеков «Жаңа жыл» **Міндеті:** Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын-сауық түрлері туралы айту, қысқы мерекелер туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді мәнер-леп оқу, дыбыстарды дұрыс, анық айтуға дағдыландыру, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалып-у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері. «Тілек тілеу».** Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! **1.2.** Тақтадағы қыс мезгілі бейнеленген суретке назарларын аудару. Балаларға өлеңді мәнерлеп оқу. **Көркемсөз.** **«Қыс келді».** Қыс келді, қыс иықтап, Қалды аюлар ұйықтап. Қыс келді, қыс мұз-қарлы, Қыраулы да ызғарлы. Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды. **1.3. Жаңа тақырып.** Қыс мезгіліне байланысты сұрақтар	«Алдар Көсенің сиқырлы шапаны» ертегісінің желісі бойынша ә/у **Міндеті:** Балаларды «Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; жаңа жылдық мереке туралы ұғымды дамыту; балаларға қазақ тілінде ертегі тыңдауды, ертегінің мазмұнын еске сақтауды, кейіпкерлердің есімдерін еске сақтауды, сұрақтарғажауап беруге дағдыландыру **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. «Амандасайық» жаттығуы.** **1.2. Аудиожазбаны тыңдау.** **Көркемсөз.** Далада аяз гуілдеп, Күннің көзі күлімдеп, Жаңа жыл келді далама, Қуаныш сыйлап балаға. Жаңа жыл әнін саламыз, Шыршаны ортаға аламыз. Жаңа жылдық ғажайып, Ертегіге барамыз. **1.3. Мнемокарталар негізінде ертегі мазмұнымен сөздік жұмыс.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Алдар көсенің сиқырлы шапаны»** ертегісін мәнерлеп оқу **2.2. «Алдар көсенің сиқырлы шапаны»** ертегісінің мазмұнын құрастыруға	«Доппен жаттығулар» **Міндеті:** Балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң қолмен лақтыруға үйрету. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық ахуал** Кел достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. **Педагог:** - Топ! Сапқа тұр! - Түзел! Тік тұр! 1,2,3 - ке санал! - 2-шілер алға бір қадам бас! - 3-шілер артқа бір қадам бас! - Топ, оңға бұрыл! - Топ, солға бұрыл! - Үш қатар, залдың бойымен алға қадам бас! - 1,2,3..! - Жарайсыңдар! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (арқанмен) **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** **2.3. "Хоккей"** ойыны - Қараңдаршы, суреттегі балалар қандай ойын ойнап жүр? Бұл спорттық ойын	«Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат» **Міндеті:** Балалардың тілдік, дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу; дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, әдептілікке тә/ **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері Сәлемдесу.** Қонақ күту салтымыз, Оқып біліп жатырмыз. Келген қонақ сіздерге, Сәлем бердік жалпымыз. Ұранымыз! Бір, екі, үш! Отырамыз тып-тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Ұйымдастырылған іс-әрекетті бастаймыз! **1.2. Кіріспе әңгімелесу. Көркемсөз** Сағи Жиенбаевтың **«Жаңа жыл келді».** Жаңа жыл да келеді. Бізге қарай жылыстап, Өлең де әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! **1.3. Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл жаңылтпаштар.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**	«Доппен эстафеталар» **Міндеті:** Балаларды құрсауларды айналдырып, олардың ішінен өтуге үйрету; жүрубарысында жұптасып және қайтадан бір қатарға тұру; тізені жоғары көтере отырып жүгіру дағдыларын дамыту. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Релаксация "Қиял"** - Кәнеки, отырып бәріміз, - Желкеге қолды біз қоямыз. - Арқаны кеңге сап, жатамыз, - Көз жұмып, қиялға батамыз. - Табиғат көрікті тамаша! - Қиялмен көз жұмып қараса, - Бұлақтың сыңғырын естиміз, - Гүлдерді иіскейміз таласа! - Бақшада бұлбұлдар сайрайды, - Аспанда ақ бұлттар ойнайды. - Қызылды-жасылды көбелек, - Ұшудан қанаты талмайды. - Көреміз төгілген күн нұрын, - Керемет ерекше күн бүгін! - Ақырын қозғалып орыннан, - Қанеки, тұрады кім бүгін! - Балалар, жарайсыңдар! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** (таспалармен) Педагог: - Балалар, біріңнің артыңнан бірің жүресіңдер!

	қою. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жұмбақ жасыру.** Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. Ол не? (Қар.) Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. Ол не? (Аяз.) Өзі сондай аппақ, Жердің бәрін жаппақ. Ол не? (Қар.) **2.2. Сергіту сәті.** Қонақтайды ақ қарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр шаттанып. Қайталап айтады. **2.3. Сөздік жұмыс.** Мамық - пух, шаттанып - радуясь, әсем - красивый, жұлдыз - звезда. **2.4. Суретпен жұмыс.** **2.5.** Педагог А.Асылбековтың **«Жаңа жыл»** атты өлеңін оқып береді. **Көркемсөз.** **«Жаңа жыл!»** Жаңа жыл! Жаңа жылда-жаңа жыр. Жасыл шырша жанында, Билеп барлық бала жүр. Тамаша, тамаша! Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. **2.6. Сұрақ-жауап.** **2.7. «Айырмашылығын тап»** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Жүректен жүрекке «Жақсылыққа**	арналған ауызша жаттығу. **2.3. Ырғақты сергіту сәті** Далада аяз гуілдеп, Күннің көзі күлімдеп, Жаңа жыл келді далама, Қуаныш сыйлап балаға. Жаңа жыл әнін саламыз, Шыршаны ортаға аламыз. Жаңа жылдық ғажайып, Ертегіге барамыз! Жаңа жылдық ертегі Болады деп сеніңіз! Жаңа жылдық ертегі Бізге қонаққа келіңіз! **2.4.** Зат есім мен сын есім негізінде жұмбақтарды құрастыруға және шешуге арналған ауызша жаттығу**. «Біз ерекше жұмбақтар ойлап табамыз»** **2.5.** Еске сақтауға арналған ауызша жаттығу**. «Еске сақтайық»** Алдар көсе - қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды, айлакер адамның жиынтық бейнесі. Алдар көсе өзінің асқан айлакерлігі мен ақылының арқасында мұратына жетіп отырады. Оның мақсаты – сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды әжуа ету. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	"Хоккей". - Сендер хоккей ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Олай болса, қазір екіден жұптасып тұрыңдар. Балалар жұптасып тұрады, шайбаны бір-біріне сырғанатады. **2.4. "Алысқа лақтыр"** аз қимылды ойыны. Педагог балаларды сапқа тұрғызады. Балалар доптарды алысқа дәлдеп оң қолымен лақтыру керек. Ең ұзаққа кімнің добы жетеді, сол бала жеңіске жетеді. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Тыныс алу жаттығуларын жасау кезінде педагог балалардың қолдарын жоғары көтеріп, дем алып, қолдарын төмен түсіріп, дем шығару жаттығуларын дұрыс жасауын қадағалайды. Балалар шеңбер бойымен ақырын жүре отырып, қолдарын, аяқтарын сілкілеп, ағзаның толық дем алуына мүмкіндік береді. Тыныс алу жаттығу-ң соңына қарай педагог оқу қызметінің аяқталғанын хабарлайды. **Релаксация.**	**2.1.** Миға шабуыл. **«Дыбыстар мекені» Ғажайып сәті.** **2.2. «Айтылған дыбысқа сөзді құра»** ойыны **2.3. «Сөзді жалғастыр»** д/о **2.4. «Сөз бунақтар»** ойыны. **2.5. Жұмбақ жасыру.** Ата, зейін салдың ба? Бар әріптің алдында. Неліктен «А» тұрады? Деп бір күні сұрадым. Атам менің сауатты, Былай берді жауапты. Ата, Ана, Ақыл, Ар, Адам. «А» дан бәрі басталар, Содан шығар құрбаным, «А» -ның алда тұрғаны. **2.6. Жаңылтпаш.** Шапшаң, шапшаң, Бұрқырайды ақшаң. Оралдан оралған олардан Омармен Оң көріп Он бөрік, тон беріп, тор алған. **2.7. Сергіту сәті.** Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. **2.8. «П» әрпі кездесетін** сөздерді табу жаттығуы **2.9. «Сөзді жалғастыр»** ойыны **2.10. «Сөздерді анық дыбыстау»** жаттығуы. **2.11. Сөйлемдерді анық дыбыстау.** **2.12. «Біз ерекше тақпақтар ойлап табамыз».** «А». Алма, алмұрт егеміз. Айға сапар шегеміз	Енді шашырап үгіресіңдер! Алдарыңда жатқан үрілген доптан аттап, жаттығулар жасау үшін қатарға тұрамыз. Қолдарыңдағы ленталарыңды көрсетіңдерші, балалар! Енді осы ленталармен жаттығулар жасаймыз. Жарайсыңдар, балалар! **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** Педагог балаларға "құрсауларды айналдырып, олардың ішінен өту" жаттығуын көрсетеді. Педагог көрсеткен жаттығуларды балалар орындайды. **2.3. "Тезірек"** қимылды ойыны. **2.4. "Қолмен допты домалату"** қимылды ойыны. **2.5.** Тыныс алу жаттығулары **"Шар"** - Қолға алып, желі жоқ әуе шарын, - Үрлейміз шарымыз дәу болғанша. - Дем алып, мұрынмен дем шығарып, - Үрлейміз ішіне жел толғанша. - Дем алып, мұрынмен дем шығарып, - Үрлейміз ішіне жел толғанша. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Педагог оқу қызметінің аяғында:** - Балалар, бүгін біз қандай қимыл жаттығуын жасап үйрендік?

	құмармыз». Жақсылыққа құмармыз, Жақсы адам боп шығамыз. Таза сәби жүректен, Қабылдаңыз мың алғыс! Балалар шеңберде тұрып айтады.			Алақай, алақай! «А» дыбысын білеміз. Мен «А» әрпімін. Ал, сен кімсің? Мен «Р» әрпімін. Ризамыз оқуға. Ретімен тоқуға. «Р»- ды айту қиын-ақ. Кейбіреулер қорқады. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	- Балалар, қимыл жаттығуларын жасауда қандай қиындықтар кездесті? **Релаксация.**
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес	Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту	Ата -аналармен тығыз байланыста болу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.	Үйге: «Күз» әнін жаттау	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 09.01-10.01.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі				**Бейсенбі** **09.01**	**Жұма** **10.01.**
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.				**<u>Балалармен сәлемдесу.</u>** *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	**<u>Балалармен сәлемдесу.</u>** *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітаптар көру				«Денсаулық» туралы мақал-мәтелдер жаттау 1.Шынықсаң шымыр боларсың. 2.Адамның басты байлығы денсаулық	«Дауысынан таны» ойыны
Таңертеңгі жаттығу				Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату «Бас, иық, қол, тізе, аяқ»	Бейнетаспа арқылы «Қуырмаш»
1-ші ҰІӘ				**<u>1. Сөйлеуді дамыту</u>** Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі **Міндеті:** Бала-а ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын ояту, қиялдарын дамыту, жұмбақ шешкізу арқылы ой-өрістерін кеңейту. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Қайырлы күн, Шуақты күн! Қайырлы күн, Көк аспан! Қайырлы күн, Достарым!	**<u>1. Сауат ашу негіздері</u>** « Біз не үйрендік, нені білдік? [ө] дыбысымен танысу » **Міндеті:** [ө] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [ө] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** **1.2.** Қайырлы таң, досым!

				Қайырлы күн, Балабақшам! **1.2.** Педагог балаларға таныс ертегілерден суреттер көрсете бастайды, оларға әр суреттің қай ертегіден екенін табуды ұсынады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Әңгімелеу.** - Балалар, бұл суреттер қай ертегілерден алынған? Кім айтады? - Алдар көсе. Мақта қыз бен мысық. Үйшік. - Көп ертегі білесіңдер екен! Бүгін тағы бір ертегімен танысамыз. Балалар өлеңнің ұйқасын тауып, ертегінің не туралы екенін айтыңдар. -Қар жауса да тоңбайды, Қолыма кеп қонбайды. Кіп-кішкентай сүйкімді, Аялаңдар .... (торғайды) - Дұрыс таптыңдар, балалар! Бүгін «Қотыр торғай» ертегісін тыңдайсыңдар. **2.2. «Қотыр торғай»** ертегісі. **2.2.1.** Педагог ертегінің мазмұны бойынша ? қояды. - Ертегі не жайында? - Ертегіде қотыр торғайдан басқа тағы қандай кейіпкерлер бар? - Ешкі, қасқыр, жылқышы, бай, тышқан, кемпір, балалар, құйын. **2.3. Сергіту сәті.** **2.4.«Жұмбағымды шеш»** д/о **2.5. Ойлануға жетелеу.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	Қайырлы күн болсын! Жеті күннің әр кезі Сәттілікке толсын! Біздің алар бағамыз Кілең бестік болсын! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Түсіндіру. [ө] дыбысы және Ө ө әрпінің таңбасымен таныстыру. **2.2. Артикуляциялық жаттығу.** - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. [ө] дыбысы айтылғанда: - ерніміз дөңгеленеді; - дыбыс еркін шығады; - дыбыс созылып айтылады. **2.3. Сергіту сәті.** Қолды жайып ұшайық, Қыран құсқа ұқсайық. Сол қанатты тербейік, Оң қанатты сермейік. - Бір, екі, үш, төрт, бес! - деп, Биіктерге өрлейік **2.4. Саусақ жаттығуы.** **2.5. «Кел, жазайық!»** **2.6.** Қолға қалам алайық, Әдемі етіп жазайық. - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық. Педагог Ө ө әрпін ауада жазуды үйретеді, кейін Ө ө әрпін тақтаға жазып түсіндіреді. - Ал енді, балалар, Ө ө әрпін ауада жазайық. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** **Жылы сөз.** – Кімнің есінде, біз шеңберімізді **«Жүректен жүрекке»**

					деп неге атадық? (Балалардың жауаптары.) Жүректен шыққан жылы сөз, Жүрекке барып жетеді.
2-ші ҰІӘ				**2. ҚОТ** «Қазақстанда тұратын ұлттардың мәдениеті» **Міндеті:** Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақ-тың дұрыс жауабын табу-ды үйрету; қызығу-ы, еске сақтау қабілеттерін д/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Қуаныш шеңбері.** Ән салуға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне, мен! Доспын енді сенімен. **Кіріспе әңгімелесу.** "Қазақстан - көп ұлттар достығының мекені" - Балалар, біздің жеріміз бәрімізге ортақ. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. - Біздің кең байтақ қазақ даласында көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті, ынтымақта,бауырластықта өмір сүруде. **1.2.Көркемсөз.** Әли Ысқақбаев. "Достық - ұлы туымыз" Дос бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі Ұлы Отаным, Гүл Отаным Тыныштықтың бесігі. Тілегі бір, Жүрегі бір Достармен біз біргеміз.	**2. Музыка** «Күзгі вальс» **Міндеті:** Музыка-қ ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалып-у; музыкалық аспаптарда топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1.** Педагог жаңбырдың дауысын қояды. **1.2. Музыкалық -** ырғақтық қимылдар - Балалар, қазір Е. Андо-совтың «Біз билейміз» музыкалық-ырғақтық шығармасымен жаңа жұптасып билеудің элементтерін үйренуді жалғастырамыз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** - "Қамажай" әнінің әуенін халық жазған деп неге айтамыз? Себебі, халық арасынан шыққан ән. - Жарайсыңдар, балалар! **2.2. "Менің әуені"** муз.-д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** Тоқ- тоқ, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Тоқылдайды тоқылдақ, Тоқ-тоқ-тоқ. Ахау ,егигай,

				Туыс барда, Құрыштан да Берік біздің іргеміз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жаңа тақырыпты** түсіндіру. "Қазақстанға өзге ұлттардың көшіп келуінің тарихы". **2.2. Зерттеу жаттығуы.** "Қазақстандағы өзге ұлттардың тағамдары". Досқа қолды берейік. Дос боп, бірге өсейік, Шеңбер жолымен жүріп, Татулыққа жетейік. Болмасын ешбір айып, Құшақтарды ашайық, Жүректен жылу дарып, Татулыққа жарайық. - Жарайсыңдар, достар! **2.3. Сергіту сәті.** **2.4. Зерттеу жаттығуы.** "Қазақстандағы тұратын ұлттардың музыкалық аспаптары". **2.5. Тәжірибе жаттығуы.** "Екі қол жұмысының үйлесімділігі". **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	Ән сал бозторғай, Біз әніңді үйреніп, Күнде ән сап жүрейік. - Бала-р, енді бәріміз, ара болайықшы?! Аралар, Арамыз, біз арамыз, Әнге салып барамыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу! Қызыл,жасыл гүлдерден, Балды сорып аламыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу! **2.4. Ән салу** Е. Хасанғалиев **«Ақ жаңбыр»** әні. **2.5. Муз-қ аспаптарда ойнау.** **2.6. "Бізге келген қонақтар"** д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? - «Қамажай» әнін. - Қандай ән айтуды үйрендік? - «Ақ жаңбыр» әнін.
3-ші ҰІӘ				**<u>3. Музыка</u>** **«**Менің балапандарым қайда?**»** **Міндеті:** Бала-ң музыка-ны бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау. **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** Педагог балаларға тауық-тың	**<u>3. Құрастыру</u>** «Көгөністерге арналған қорап» **Міндеті:** Ересек адамның ауызша нұсқауларын орындау қабілетін қалып-у; қағазбен жұмыс істеу тәсілдеріне үйрету; қолдың ұсақ моторика-сын дамыту; жұмыс орнын таза ұстауды және еңбекқорлықты т/у **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Көркемсөз.** Қ. Баянбай "Қызанақ" Ем-дауасы мәлім

				суреті бейнеленген пазл таратады. – Балалар, пазлда қандай сурет шықты? –Балалар бүгін бізге қонаққа тауық келді. Тауық өзінің балапанд-н іздеуге шығыпты. – Балапандарын тауып беруге көмектесейік? Келістік пе? **1.2. Музыкалық - ырғақтық қимылдар** «Сылдырмақ» шығармасы **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Күй тыңдау.** **2.2.** "Сиқырлы ноталар" д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** – Біз көңілді балалармыз, – Бір орында тұрмаймыз. – Ля-ля-ля – Біз сабырлы балалармыз – Біз апайды тыңдаймыз. – Ля-ля-ля – Аспан ашық, дала кең, – Кел, қоныңдар тырналар – Мен сендерге жем берем – Дос болайық, тырналар. – Трау-трау-трау-трау! **2.4. Ән салу** Д.Ботбаевтың **«Күз қазан»** әні. **2.5. "Жемістер мен көкөністер"** муз.-д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** – Қандай ән айтуды үйрендік? Күз қазан әнін. – "Күз қазан" әнін жазған сазгер кім? Д.Ботбаев. – Балалар, осымен ҰӘБ аяқталды. Сау болыңдар!	Қызанақ ол – дәрің. Көбейеді жесең Бойда қуат, әлің. Көрсең күнде дәмін, Берер қажет нәрін. Таза болып терің, Толығады қаның **1.2. Таңқаларлық сәт.** Педагог: - Балалар, бізге кім келді? Пошташы Печкин. Ол бізге көгөністер салынған себет әкеліпті. - Бізге осындай көгөністерді бөліп салу үшін қораптар керек. Оларды өзіміз жасайық. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Үлгіні сараптау.** Педагог бала-ға көгөніс-терге арналған шынайы қорапты көрсетеді. - Қараңдаршы, балалар, бұл үлкен көгөністерге арналған қорап, бірақ бізге кішкентай көгөніс-терге кішірек қорап қажет. - Балалар, біз бүгін осындай қорап жасаймыз. **2.2. Жобалау тәсілдерін көрсету.** - Енді мен сендерге қорапты қалай жасау керектігін көрсетемін. Педагог бүктеудің барлық кезеңдерін көрсетеді. **2.3. Сергіту сәті.** **2.4. Өздік жұмыс.** Балалар қорапты бүктеу үлгісін мұқият қарайды, содан кейін ғана жұмысқа кіріседі. **2.5. "Бақбақ" тыныс алу жаттығуы.**

					2.6. «Егінді жинау» д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ**
4-ші ҰІӘ				**<u>4. Қазақ тілі</u>** «Қыс қызықтары. «Біз қармен қалай ойнадық» тақырыбын сурет бойынша әңгімелеу» **Міндеті:** Балалардың ұғымындағы қысқы спорттық ойын түрлері туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінде көшедегі тәртіп ережелерімен таныстыру; **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. «Амандасайық» жаттығуы.** **1.2. Аудиожазбаны тыңдау.** - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? Біреу келе жатыр ... **Суретті көрсету.** Педагог балаларға сырғытпатаяғы (клюшка) бар аққаланы көрсетеді. **Көркемсөз.** Жаңалыққа шақырдым Ортамызда батыр кім? Мен көңілді аққала, Үйренгем суық шаққа да, Шақырады хоккейші Тұрамысың қақпаға? Көңілді біздің аққала Алаңға шықты шаттана Танидың ба кім екенін? Бұл хоккейші-аққала. **1.3. Мнемокарталар** мен түйін сөздер негізіндегі сөздік жұмыс. «Сөзді аяқта». Аулада ұқсайтын мақтаға Тұр екен аппақ ... (аққала). Мұз үстінде ән-күймен Сырғанаймыз ... (конькимен)	**<u>4. Дене шынықтыру</u>** « Бөрене үстімен төрттағандап еңбектеу» **Міндеті:** Бала-ы бөрене үстімен алақан мен табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектеуге үйрету; құстардың қимылдарын қайталауға жаттықтыру; ептілік және ерік сапаларына т/у **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық ахуал** - Балалар, бүгін де бәріміз, көңілдіміз, солай ма? Иә. - Себебі, қыс мезгілі де көңілді ғой? - Балалар, далаға қараңдаршы, ауладағы құстар да көңілді жүр! - Олай болса, қыс мезгіліндегі көңіл-күйімізді көрсетейікші?! - Кел, бәріміз, күлейік, - Көңіліміз тамаша! - Дөңге шығып күтейік, - Сырғанаймыз жарыса! - Күліп, күліп алайық, - Бақшамызда арайлы, - Бізбен бірге қуанып, - Торғайлар да қарайды! **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту жаттығулары** **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** - «Би», «Биші қыз», «Паровоз», «Қарлығаш»,

				2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ **2.1. Суреттерге** негіздел-ген ауызша жаттығу. «Біз не істейміз?» **2.2. Ауызша жаттығу. «Қыс қызығы».** **2.3.** Пантомима мен музыкаға негізделген ауызша ырғақты жаттығу. **«Өзендегі мұз»** (жалғасы) **2.4.** Ауызша логикалық жаттығу. **«Не дұрыс емес?»** **2.5. «Қысқы ойындар»** шығармашылық жаттығуы **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгінгі ойын-дардан нені естеріңе сақтап алдыңдар? (Қыс қызығы.) - Қыс қызығы дегеніміз не? (Қыс қызығы дегеніміз - коньки, қар, аққала, шана, сырғанақ.) - Жарайсыңдар! Бізге тағы бір қысқы ойын түрін кім алып келді? (Аққала.) - Ол ойын қалай аталады? (Хоккей.)	«Іздер», «Аққұтан», «Достар» **2.3.Негізгі қимыл жат-ы** - бөрене үстімен алақан мен табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектеу; - құстардың қимылдарын қайталау**.** **2.4. «Өз орыныңды тап»** қимылды ойыны **2.5. "Торғай"** пысық/о **2.6.** Тыныс алу жаттығуы **«Мимика»** Бұл жатты-ы орындау кезінде 6–8 секундтан теріге батырмай, саусақ ұшымен сипалау қажетті-гі ескеріледі. Педагог алдымен өзі көрсетеді. - Екі қастың ортасында Өкпелегіш тұрады. Бала-р бұртиып, саусағын түйілген екі қастың ортасына апарады. - Тілде Келемеж тұрады (Буратино жаттығуы) бала-р тілін шығарады - Ұртта Күлегеш тұрады. Бала-р сұқ саусағын екі ұртына апарып, жымияды. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес				Үйге: «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында отбасымен сурет салу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 13.01-17.01.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.01	Сейсенбі 14.01	Сәрсенбі 15.01	Бейсенбі 16.01	Жұма 17.01
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	Балалармен сәлемдесу. ҚР әнұранын орындау Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Сәлем, алтын күн!* *Сәлем, көк аспан!* *Сәлем, самал жел!* *Сәлем, көк емен!* *Туған өлкем,* *Сағаң да бір сәлем!* Сұрақ- жауап	Балалармен сәлемдесу. *Қолыңды бер, шеңберге кел,* *Күлім қағып, ойна да күл.* *Қол ұстасып, ширақ басып,* *Біз жүреміз достасып!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяуқимылды ойындар. Бейнетаспа, кітаптар көру	«Қасқыр мен лақтар»	«Мысық пен тышқандар» ойыны	«Кім екенін тап» ойыны	«Түлкі мен қаздар»	«Күн мен түн» ойыны
	келгенін түсіну. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** **1.2.** Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. /Б. Бөрібаев/ **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.**[h] дыбысы және h h әрпінің таңбасымен таныстыру. **2.2.Артикуляциялық жаттығу.** - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. З [h] дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай: - [h] дыбысын айтқанда, дыбыс өңештен шығып бірақ сыртқа шықпайды. **2.3. «Кел, оқиық!»** Педагог көрсеткішпен [h] дыбысының артикуляциялық жаттығуын жасатып болғаннан кейін h әрпін оқытады. **2.4. Дыбыстық талдау жасайық.** Педагог көрсеткішпен шаһардың, жиһанкездің, айдаһардың, гауһардың суреттерін көрсетеді. - Балалар, шаһар деген сөзді естідіңдер ме? Шаһар дегеніміз не? **2.5. Сергіту сәті.** Тіземізді сәл-сәл Бүгіп	**«Балабақша»** Балабақшам, армысың, Сені қатты сүйемін! Достарым, аман бармысың? Сендерді қатты сүйемін! **1.2. Кіріспе әңгімелесу.** Педагог: - Балалар, адамдар келер қысқа дайындалу үшін көктемде бақша егеді. Күзде оның өнімін жинап алады. - Оған қандай дәлелдерді айта аласыңдар? **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Іс-тәжірибе жұмысы.** «Қашқаргүлдің өскіндерін топыраққа отырғызу». **2.2. Сергіту сәті.** **«Бағбандар».** Жел тұрды гуілдеп, Ағаш біткен уілдеп, Аспанды бұлт торлады, Найзағайлар ойнады, Жаңбыр жауды себелеп. Кемпірқосақ көрінді. Жарқыраған күн шықты. **2.3.** Логикалық ойын. **«Оған дейін не болды?»** **2.4. Саусақ жаттығуы.** «**Қызғалдақтай саусақтар**» Дина Ахметова Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. Бірінші саусақ - қызғалдақ, Екінші саусақ - қызғалдақ. Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. Қолда бір шоқ қызғалдақ. Шапалақ қақ, шапалақ. - Жарайсыңдар, балалар! **2.5. Дамытушы жаттығу.** «Таныған гүліңді ата». Балалар раушан, қызғалдақ, қашқаргүл, көк қоңырау гүлі,	**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Қуаныш шеңбері.** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар! **1.2. Мотивациялық сәт.** Педагог: - Балалар, екі алақанымызды толық ашамыз, саусақтарға қараймыз. - Қолымыздағы саусақтар бірдей ме? - Иә, барлығы бірдей емес. **1.3. Көркемсөз. Қалауи Хасенов «Элеватор».** **1.4. Тыныс алу жаттығуы** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ұғымды өздігінен** қалыптастыру жаттығуы. «**Қай тышқан ініне бәрінен бұрын жетеді?»** Әңгімені мәнерлеп оқу. **2.2. Сергіту сәті.** «Үлкен шеңбер құрайық» **2.3.** Д/о **«Адасқан сандар»** **2.4. Тәжірибелік логикалық жаттығу** «Кілемшенің бос орындарын дұрыс толтыр» **2.5. Логикалық есеп.** 1.Бес тоқаштың үшеуін Достарыңа тараттың. Әрқайсында қаншасы? Өзіңде де қанша бар? **Бала-ың жауап-ы:** - Үш доста бір-бірден, менде екеу. 2. Бес кесені жуған балаға 5 құрт,	Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. **1.2. Жаттамақ жаттығуы.** **"Жыл айлары".** Наурыз - жыл басы, Сәуір - жасыл болады даланың түсі, Мамыр - құстар ұялайды, Маусым - өсіп-өнуді бастайды. Шілде - ыстықтың шегі, Тамыз - шөптің сарғаю шегі. Қыргүйек - балалар мектепке тарайды. Қараша - құстар көшін бастайды. Қараша - жер беті қатады, Желтоқсан - қырық жел Қаңтар - қар шатырдан асырады, Ақпан - боранды жол адастырады. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Тәжірибе жаттығуы.** **"Ауаны сезін".** - Балалар, алдарыңдағы парақтардан желпуіш (веер) жасаңдар. - Ал енді өздеріңе желпіңдер. Не сездіңдер? Балалар: - Ауа, жел. - Дұрыс айтасыңдар, балалар, ауаны көрмейміз, бірақ сезе аламыз. **2.2. Тәжірибе жаттығуы.** "Ауа барлық жерде бар". **2.3. Тәжірибе жаттығуы.** "Ауа заттарды қозғалысқа әкеледі". **2.4. Тәжірибе жаттығуы.**	**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** - Балалар, бүгін бақшаға немен келдіңдер?- Қандай көлікпен келдің-дер? - Балалар, көлік дегеніміз не?- Балалар, бәрің тақтаға қараңдаршы?! - Ұнай ма, көлік түрлері, балалар? - Балалар, бізге көлік керек пе екен? - Көлік бізге керек-ақ, - Жеткізеді жедел-ақ. - Күнде сәлем береміз, - Көліктерге мініп ап! **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** - Балалар, тақтаға қарайық-шы?! -Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Бақаны. Жақсы. - Балалар, біз бүгін бақа туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау** Б. Байқадамовтың әні **"Айгөлек".** - Көлдей шалқып жас өмір, - Тасып жатқан шағында - Кемерінен шалықтап, - Асып шатқан шағында - Ойын ойнап, ән салмай, - Өсер бала болар ма? - Күміс күлкі көрмей ол - Кемеліне толар ма? - Айгөлек-ау, айгөлек, - Айдың жүзі дөңгелек, - Айдай толған кезімде - Би билеймін дөңгелеп. **2.2. «Көлеңке»** д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** - Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде

	тұрамыз, Секіреміз ыршып, Кенгуру боламыз Қайталаймыз тағы Алға секіріп, Демаламыз енді Орында тұрып, Биікке секіріп Сәл демалайық, Тағы секірейік Кенгуру болайық. **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7.** - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгін біз көп сөзде кездеспейтін дыбыс пен әріп таңбасымен таныстық, иә? Сонда ол қандай дыбыс? - Иә, [h] дыбысы. - [h] қандай дыбыс?	түймедақ, бәйшешек, інжугүл, гладиолус, ирис, көктікен, хризантема, қырмызыгүл, наркес. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	Төрт кесені жуған балаға 4 құрт. Бірнеше кесені жуған балаға 3 құрт. Екі кесені жуған балаға неше құрт? Үш құртты бала не үшін алады? **Бала-ың жауап-ы:** - Екі кесені жуған балаға екі құрт. Үш құртты үш кесе жуған бала алады. **2.6. Дамытушы жаттығу.** «Сандар қатары бойын-ша тура және кері санау, сандардың орындарын табу». **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	"Зымыран қалай ұшады?" - Балалар, қазір шарды үрлейік. - Шардың ішіне не толады деп ойлайсыңдар? - Дұрыс, шардың ішіне ауа толады. - Ал енді шарды жіберейік. - Шарға не болды? - Дұрыс айтасыңдар, балалар, шар зымырандай ұшып кетті. **2.5. Тәжірибе жаттығуы.** "Түтікшемен сусабынды үрлейік". **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, жайлы әндете қосылуымыз тиіс: - Уууааооо. - Ууууууууу, Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз: - Га-га-га, - Ду-ду-ду, - Ко-ко-ко, - Ля-ля-ля. - Тамаша, балалар. **2.4. Ән салу** Т. Тайбековтың «Ұшағым» әні **2.5. "Ән салған кім?"** муз.-д/о - Ал, балалар, бастаймыз. - Достығымыз жараса, - Асыр салып таласа - Ойынды тез бастайық, - Шартын қатаң сақтайық - Бір, екі, үш, - Ойын баста, ұш! **3. ҚОРЫТЫНДЫ**
3-ші ҰІӘ	**<u>3. Математика</u>** «Артық, кем, тең» **Міндеті:** Бала-ға заттар топтамаларын салыстыру-да «кем», «артық», «тең» белгілерін пайдалануды үйрету; қарапайым есеп-терді құрастырғанда қолдануды үйрету; байқа-ғыштыққа,тиянақты-қа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.** Құстардың шықылдаған дыбыстары шығады. **1.2. Көркемсөз.** **А.Шаяхмет «Қуаныш».** Қуанышы баланың – Сүйініші ананың,	**<u>3. Математика</u>** «Артық, кем, тең» **Міндеті:** Бала-ға заттар топтамаларын салыстыру-да «кем», «артық», «тең» белгілерін пайдалануды үйрету; «он» саны көле-міндегі сандар қатарының құрамын пысықтау; Логикалық ойлау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту; табиғатты аялауға, ұйымшылдыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Таңғажайып сәт.** - Біздің тобымызға қонақ келген сияқты. Бұл- Айша.	**<u>3. Көркем әдебиет</u>** «Қоян және кірпі» ертегі-пантомима **Міндеті:** Балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу. Есте сақтауды, ыммен жеткізу қабілетін дамыту. Театрға және қарым-қатынас мәдениетіне деген сүйіспеншілікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.	**<u>3. Музыка</u>** «Жыл құстары» **Міндеті:** Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылда-рын еркін орындауға ү/у **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық көңіл-күй** Көңілдіміз бәріміз Құстай самғап ұшамыз Кел, билейік, бәріміз Күлкі біздің нәріміз **1.2. Муз. - ырғақты қимылдар** Г.Гусейнлидің "Шөжелерім" шығармасы	**<u>3. Мүсіндеу</u>** «Қыс кереметі – аққала!» **Міндеті:** Бала-ы аққаланы жасауға, қолғаптары мен пимасын, бас киімін мүсіндеуді үйрету; қыс мезгілінің кереметтілігі туралы білімдерін кеңейтіп, аққаланың жасалу жолдарын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Көркемсөз.** Ернұр Сейдахмет **"Аққала"** Аппақ әлем айнала-ай, Кім шет қалар ойнамай? Жиналдық та топ бала, Соқтық қардан аққала.

	Ана, бала мәз болды Оранғанда дала гүл. Гүл жапқанда қыратты, Сылдыр-сылдыр су ақты. Тіпті Күннің көзі де Ана мейірі сияқты. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Іс-тәжірибе жаттығуы.** «Көрші сандарға сай өскен гүлдердің ортасына қанша гүл отырғызамыз?» - Мен отырғызған жүйектерде гүлдер өскен сияқты, бірақ, кейбіреуі шықпай қалған сияқты. - Осы қателікті түзеп шығайықшы. Педагог балаларға үш бөлікке бөлінген жолақты карточкаларды ұсынады. Әр карточканың екі шетінде белгілі бір сандағы (сол жақта кем, оң жақта екі гүлге артық) гүлдер өсіп тұр. Ортадағы шақпақтың іші бос. **2.2. Сергіту сәті.** «Қиялдап көрейік». **2.3. Жаңа ұғымды түсіндіру. «Қосу (+), алу (-) және тең (=) белгілері»** - Балалар, 3 санының ең кіші екі саны қандай, сандар карточкалары арқылы салып шығыңдаршы. Балалар 2 және 1 санын салады. **2.4. Зейінге арналған жаттығу.** «Құстардың атауларын еске сақтап, барлығының жиын санын	Келген қонақпен амандасайық. Балалардың назарын Айшаның қолындағы гүлге аударады. - Білесіңдер ме, бұл гүл жай гүл емес, сиқырлы екен. Әр күлтешенің тапсырмасы бар екен. **1.2.** Қағаз бетінде бағдарлауға негізделген сурет бойынша жұмыс **"Не қайда?"** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** - Айша еккен гүлдерге күнде аралар ұшып келеді. Қалай ойлайсыңдар, аралар гүлдерді не үшін жақсы көреді? Жылдам санауға негізделген қол моторикасын дамытуға арналған жаттығу. **"Гүлдерге аралар келіп қонды"** Педагог балалардың әрқайсысына ортасында цифр белгіленген гүл сұлбасы таратады. Гүлдердің күлтешелеріне жабысқақ лента жапсырылады. Үстел үстіне аралардың кішкентай сұлбаларын қояды. Күлтешеде қандай цифр белгіленсе, сонша ара жапсыруды ұсынады. **2.2.** Көру қабылдауына негізделген көркем жазуға арналған жаттығу **"Тізбекті жалғастыр"** Педагог алдын ала әр балаға түрлі-түсті гүлдер қатары ары қарай гүлдердің сұлбасы бейнеленген	**1.2.** Педагог балаларға қонаққа Қоян келгенін хабарлайды. Ол келе жатып бір сандық тауып алғанын айтады. - Сандықтың ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? - Қараңдаршы, балалар, бұл не? Ертегі кейіпкерлері. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Әңгімелесу.** Ал, балалар, қараңыз, Таңғажайып бар аңыз. Ертегілер еліне, Қыдырып бірге барамыз. Ну орманға енеміз, Әсем гүлдер теремiз. Көңілді боп әрқашан, Тату болып келеміз. **2.2.** - Бұл ертегілерді білеміз бе? - Бұл «Үш аю», «Үйшік» ертегілеріндегі аю. - Шұбар тауық - «Шұбар тауық» ертегісінің кейіпкері. - Ол кірпі. **2.3. Жұмбақ.** 1. Көзі тостақ, өзі қорқақ. (Қоян.) 2. Тұмсығында түймесі бар. Үстінде сұр жейдесі бар, Жейдесінде инесі бар. (Кірпі.) **2.4.** - Балалар, «Қоян және кірпі» деген ертегі бар. Қазір осы ертегіні айтып берейін. **2.5. Көзге арналған ж/у** **2.6. Сергіту сәті.** **2.7. Әңгімелеп үйренеміз.** - Ертегі не туралы екен? - Қоян кірпіге не деп тиседі? - «Сенің төрт	**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Күй тыңдау** - Балалар, тақтадан кімді көріп тұрсыңдар? - Бұл суретте қазақтың күйшісі, атақты күйші Құрманғазының шәкірті Дина бейнеленген. - Дина апамыз тоғыз жасынан бастап домбырада ойнаған.- Балалар, Дина Нұрпейісованың "Тойбастар" деген тамаша күйі бар. - Қазір, балалар, сол "Тойбастар"күйін тыңдаймыз **2.2. «Көңілді паровоз»** д/о **2.3. Дауыс жаттығулары** - Енді менімен бірге қайт-з - Ооо,ооо, ооо, - Біз айтамыз "до". - Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре, "ре" - Мимикамен күлеміз, күлеміз кәне, "ми" - Досымызға айтамыз, - Қандай күшті "фа"! - Досым менің ол, ол, - Дейді маған "соль", - Біз бәріміз әндетіп, - Ән саламыз "ля-ля-ля". - Тамаша, балалар. **2.4. Ән салу** И. Нүсіпбаевтің «Көкек» әні - Балалар, көкек қандай құс? - Балалар, тақтаға қарайықшы?! - Балалар, суреттегі көкек, солай ма? - Көкек қандай құс? - Балалар, көкек жыл құсы **2.5. «Үнінен таны»** муз.-д/о - Музыка! Музыка! - Бұл не екен өзі? - Мүмкін бұл,	Педагог: - Балалар, тақпақта не туралы айтылған? Аққала туралы айтылған. Иә. - Аққаланы неден жасаймыз? Қардан. Оның пішіні қандай? Домалақ. Жақсы. **1.2.Ғажайып сәт.** – Балалар, бізге қонаққа Алан келді. Амандасайық! Жарайсыңдар! – Аланмен бірге аққала жасаймыз ба? Иә. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Үлгіні зерттеу. "Аққала" - Балалар, аққаланың пішіні қандай? -Домалақ. Аққаланы қыс мезілінде қардан жасайды. Көбіне қар қалың жауғанда жасайды, себебі, аққаланы домалақтап жасау үшін қар жабысқақ болуы керек. Жаңадан жауған қар өте жабысқақ болады. Бала-р қыста аққаланы көп жасайды, өйткені аққала жасау өте қызықты.–Бала-р, аққаланың түсі қандай болады? - Ақ болады. Жарайсыңдар! **2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.** - Балалар, ақ түсті ермексазды аламыз. Үлкен, орташа, кішкентай үш бөлікке қырнауыштың көмегімен бөлеміз. - Алақан арасына саламыз. Жұмсартамыз. Домалатамыз. Үлкен, орташа, кішкентай үш бөлік шықты.

	тап» **Көркемсөз.** Т.Молдағалиев «Құстар». **2.5. Дамытушы жаттығу «Саны қанша және қандай пішіндерден құрылған?»** Жаттығуды өткізуге геометриялық пішіндердің нақпішіндері (түсі көк) дайындалады. Сызбалы суреттер сериясы: - торғай - үшбұрыш; - қаз - сопақша; - тырна - тіктөртбұрыш; - үкі - сопақша; - қарлығаш - дөңгелек. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	карточкалар дайындайды. Балаларға үлгіге сәйкес гүлдерді бояп, тізбекті жалғастыру керектігін түсіндіреді. **2.3. Логоырғақ "Гүлдер"** **2.4. "Есіне сақта" есте сақтауға арналған сөздік жаттығу.** - Балалар, "Гүл қайда болса, Көбелек сонда"- деген мақал бар. Қане есімізге сақтап, үйге барғанда айтып берейік. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Бүгін бізге қонаққа кім келді? - Айша не өсіруді жақсы көреді? - Айшаның сыйлығын алу үшін біз қандай тапсырмалар орындадық?	мүшең түгел екен, тек екі аяғың ирелең-деп ақсаңдап талтақтап жүресің». - Сонан кейін кірпі не істейді? - Қоянды жарысуға шақырады. - Жарыста қайсы жеңеді? - Кірпі жеңеді. - Қалай жеңеді? - Кірпі алғырлығымен қоянды жеңеді. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	- Көгілдір аспан шығар! - Мүмкін бұл, - Таңғы арай шығар? - Ал, мүмкін, музыка – - Тек қана дыбыстар шығар! **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгін қандай күй тыңдадық? "Тойбастар". - Күйді шығарған күйші кім? Дина. - Ал қандай ән айттық? "Көкек" әнін.	**2.3. Сергіту сәті.** **"Сырғанақ"** Ернұр Сейдахмет **"Аққала".** Аппақ әлем айнала-ай, Кім шет қалар ойнамай? Жиналдық та топ бала, Соқтық қардан аққала. Қандай сүйір дегізген Мұрыны бар сәбізден, Көзі қылдық көмірді, Өзі сондай көңілді. **2.4. Ауада мүсіндеу.** **2.5. Өздігінен мүсіндеу.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** – Балалар, сендердің жасаған аққалаларың өте әдемі болып шықты. Алан сендерге алғыс айтып жатыр. Алан сендермен қоштасады.
4-ші ҰІӘ	**4. Көркем әдебиет** Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек» (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) **Міндеті:** Ананы құрметтеу сезімін тәрбиелеу, Өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауды үйрету. Өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Ана - біздің күніміз, Ананың біз - гүліміз. Ұландарды қуантып, Аман-есен жүріңіз. **1.2. Кіріспе әңгіме. Көркемсөз**.	**4. Қазақ тілі** «Һ дыбысы мен әрпі» **Міндеті:** [-h] дыбысының артикуляциясын нақтылау, Һ h әрпін парақка басты-рып жазуды көрсету; h дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! **1.2. Артикуляциялық жаттығулар.** «**Тәтті тосап**» жаттығуы	**4. Дене шынықтыру** «Кедергі заттардың арасынан допты домалату» **Міндеті:** Бала-ы кедергі заттардың арасынан іші толтырылған допты домала-туға үйрету; бір орыннан (қашықтығы 60 см) ұзындыққа секіруге жаттықтыру,ептілікке т/у **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психологиялық ахуал** - Кел, бәріміз, күлейік, - Көңіліміз тамаша! - Мамандарға берейік, - Шат көңілді жарыса! - Күліп, күліп алайық, - Көңілді үйге барайық! - Дәмді тамақ пісірген,	**4. Қазақ тілі** «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісі **Міндеті:** Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашыр-лық сияқты қасиеттер туралы түсініктер қалып-у; маусымдық өзгерістер тура-лы идеяларын дамыту **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. «Амандасайық» ж/ы** **1.2. Аудиожазбаны тыңдау.** Қысқы орманның тыныштығы естіледі. **Суретті көрсету.** - Орманда кім тұрады? (Қасқыр, түлкі, қоян.)	**4. Дене шынықтыру** «Биіктігі әртүрлі заттардың үстінен екі аяқпен секіру» **Міндеті:** Балаларды биіктігі әртүрлі заттардың үстінен ек аяқпен секіруді үйрету; биіктігі 25 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру;ептілік пен жылдамдыққа т/у **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1.Релаксация "Техника"** - Балалар, бүгін бәрің жатты-ғу жасауға дайын тұрсыңдар ғой! - Балалар, бүгін сендердің шыдамдылықтарың техникадан да мықты болатын сияқты! - Балалар, мына суретке қарасаңдар,

	Ө. Тұрманжанов «**Ана**». Ана әнмен тербетеді, Күйге бөлеп жаныңды. Көңіліңді сергітеді, Балбыратып тәніңді. Сен ұйықтасаң әнге балқып, Анаң жаны жайланар. Аспандағы ай да қалқып, Ақ бетіңнен аймалар. - Ана сөзін естігенде қандай сезім пайда болады? - Қуаныш, мейірім, бақыт, қамқорлық сезінеміз. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Әңгімелеу.** Ыбырай Алтынсарин **2.2. Педагог:** Ы. Алтынсариннің «Аурудан - аяған күштірек » әңгімесі. **2.3. Әңгіме мазмұны бойынша сұхбат өткізу.** - Әңгімеде не жайында баяндалады? - Әңгіме қай бала туралы? - Сейіт туралы. - Сейітке не болды? - Аяғын сындырып алды. - Анасына не болды? - Анасы Сейіттің айғайлағанын көріп, есінен танып қалады. - Сейіт не істеді, кімді ойлады? - Ауырғаны жанына батты, бірақ ол анасына жаны ашып, дыбысын шығармай шыдады. **2.4. Сергіту сәті.** **2.5. Сөздік жұмыс.** Ана туралы тақпақтар	Тәтті тосап жеп алайық, Жағылып бәрі қалғасын. Ерінді тілмен жалайық, Қаспақ болып қалмасын. **«Сылақшы»** жаттығуы Доп секілді аузымыз. Ашып тұрсақ қандай-ды, Тіл ұшымен сипалап, Сылайықшы таңдайды. **1.3. «Қар қызығы»** сәреті бойынша әңгімелесу. Қыс келді, қыс келді Ақтарып ақ қарды. Дала аппақ түске енді. Аралап қайтайық. Ақ күміс бақтарды. **Қыс мезгілінің пайдалы тұстары.** **Тілді жаттықтыру** *Қарға, қарға, қарғалар,* *Қар үстінде жорғалар.* **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. [h]** дыб-н танысу ж/ы - Балалар, «қаһарман», «жиһаз», «гауһар тас», «шаһар» сөздерін айтқанда, ерекше естілетін дыбысты байқаймыз. - Бұл қай дыбыс? - Бұл сөздердің құрамында [h] дыбысы естіледі. - Сол дыбысты бөлек айтайық. h - h - h - h - h ... - Жарайсыңдар! **2.2. Тіл ұстарту** жат-ы Кітапқұмар Қаһарды, Таппаған соң шаһардан. Алтынай қалап «Қаһарды» Сұрап алды Гауһардан. Ман - ман - ман Менің атам қа-һар-ман **2.3.** «Сөздерді ата, буындарға бөл» жаттығуы	- Аспазға нұрды шашайық! **1.2.** Педагог: - Топ басшысы, баянат бер! (баянат беру) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту ж-ы** (шығыршықтармен) 1.Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 2. Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау 3. Б.қ: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 4. Б.қ: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 5. Б.қ: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 6. Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 7. Б.қ: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. **2.2. Негізгі қимыл жаттығулары** 1. Кедергі заттардың арасынан іші толтырылған допты домалату, 2. Бір орыннан қашықтығы 60 см) ұзындыққа секіру. **2.3. "Құрсауды ұста"** к/о **2.4. "Допты дәлдеп домалат"** пысықтау ойыны **2.5. Тыныс алу жат-ы** "Бұлттар" - Балалар, ақырын жүріп, демімізді ішке тартып, терең дем алып, қайтадан	- Аю, кірпі қайда? (Олар апанда немесе інде ұйықтайды) **1.3. «**Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісінің сюжетіндегі мнемокарталардың негізінде ертегінің мәтіні бойынша сөздік жұмыс. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Ертегіні мәнерлеп айту. «Түлкі мен сұр қасқыр». **2.2.** «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісіндегі кейіпкерлердің жиі қайталаған сөздерін айтуға арналған ауызша ырғақты жаттығу Қармаққа ілінші, үлкені, кішісі Ақымақ қасқыр әндетеді Отыр, отыр, құйрығың Мұз боп қатсын, бұйрығым! Айлакер түлкі әндетеді Соғылған соғылмағанды арқалап келеді. Сараңнан сұрама, арамға сенбе. Ақымақ пен арамға ерме. **2.3.**Ойын негізінде табиғат құбылыстарын салыстыруға арналған сөздік жұмыс. **«Қыста не істейді?»** Тиін қыста сарғыш түсті ме? Қоян қыста сұр ма? Аю қыста жорта ма? Кірпі қыста жүгіре ме? Көкек қыста ән сала ма? Тоқылдақ қыста жылы жақта ма? Қасқыр ағаш қуысында тұра ма? Тиін інде тұра ма? **2.5.** Еске сақтауға арналған ауызша жаттығу. - Балалар, жануарлар мен құстар да қысқа дайынд-ы	біздің күнделікті өмірде қолданатын құралдарымызды көресіңдер. - Техника - біздің күнделікті өмірде қолданатын құрал-з - Балалар, қазіргі көрсетілетін бейнебаян бойынша Тұрмыстық техника | Bilimland Kids **1.2. Педагог:** - Топ басшысы, баянат бер! (баянат беру) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту ж-ы** (лентамен) **1**.Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. **2**.Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында. **3**.Б.қ: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу **4**.Б.қ: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде **5**.Б.қ: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау **6**.Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде **7**.Б.қ: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде **8**.Тыныс алу гимнастикасы **2.2. Негізгі қимыл жат-ы** - биіктігі әртүрлі заттардың үстінен екі аяқпен секіру; - биіктігі 25 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп

	Ананың да тілегі, Баланың да тілегі. Шаншымасын ешқашан, Аналардың жүрегі. **2.6.** «Күшті» сөзіне синонимдер іздестіреді. Күшті - қарулы, мықты, қарымды, қуатты, қажырлы, жігерлі, қайратты.) **2.7. Ана туралы** мақалдар айтқызу. Бала ананың-Бауыр еті. Анасын көріп қызын ал, Ыдысын көріп асын іш. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**2.4. «Жиһаз», «шаһар», «айдаһар»** сөздеріне дыбыстық талдау жасау жаттығуы **2.5. Тыныс алу жаттығуын орындау.** **2.6.** Жазылым жаттығуы. h әрпін бастырып жазу жаттығуы. **2.7. Еске сақтау жат-ы.** Қастек Баянбай. «Кітапқұмар». Кітапқұмар Қаһарман Таппай бүкіл шаһардан, Аттай қалап «Қаһарды» Сұрап алды Гауһардан. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	ақырын демімізді сыртқа шығарамыз. **III. Қорытынды** - Балалар, сендер оқу қызметінде көп жаттығулар жасап, шаршадыңдар! - Сендерге қандай жаттығулар ұнады? - Олай болса, ойын кезінде қолымызбен допты қалай домалаттық, сол жаттығуды жасаймыз.	- «Қыс арбаңды сайла, жаз шанаңды сайла» деген мақал бар. **2.6.«**Менің сүйікті кейпкерім» шығарма-қ жаттығуы. Педагог балаларға ертегі кейіпкерлерінің суретін салуды ұсынады. Тапсырманы үйде аяқтауға болады. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** Балалар, біз бүгін қандай ертегімен таныстық? Балалар, қысқа жазда дайындалу керектігі туралы қандай мақал бар? Адамдар ғана қысқа дайындала ма?	өту. **2.3. "Кім епті?"** қ/о **2.4. "Кенгуру"** п/о **2.5. Тыныс алу жаттығуы** «О-у-м» дыбыстары **III. Қорытынды** Педагог: - Бүгінгі белсенділіктерің үшін бәріңе алғыс жариялаймын! (топ хормен: «Белсенді болуға дайынбыз!»)
Балаларды үйге шығарып салу Ата-аналарға кеңес	Балалардың күні бойындағы жетістіктері мен үлгерімі жайында айту.	Ата -аналармен тығыз байланыста болу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.	Үйге: «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында отбасымен сурет салу	Ата- аналармен тығыз байланыста болу.

Тексерген:_____

Оқу - тәрбие процесінің циклограммасы
Мектепалды дайындық сыныбы :
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды: 27.01-31.01.2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.01	Сейсенбі 28.01	Сәрсенбі 29.01	Бейсенбі 30.01	Жұма 31.01
1.Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Кеңес беру.	Балалармен сәлемдесу. ҚР әнұранын орындау Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Сәлем, алтын күн!* *Сәлем, көк аспан!* *Сәлем, самал жел!* *Сәлем, көк емен!* *Туған өлкем,* *Саған да бір сәлем!* Сұрақ- жауап	Балалармен сәлемдесу. *Қолыңды бер, шеңберге кел,* *Күлім қағып, ойна да күл.* *Қол ұстасып, ширақ басып,* *Біз жүреміз достасып!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел!* Көңіл- күйлері мен денсаулығы жайында сұрау	Балалармен сәлемдесу. *Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз.* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.* Сұрақ- жауап
Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа, кітап тар көру	«Санамақтар жаттау» Бір дегенің – білім, Білім – жарық күнің. Екі дегенің – еңбек, Еңбек бәрін жеңбек.	«Ыстық - суық» ойыны	«Күн мен түн» ойыны	«Денсаулық» туралы мақал-мәтелдер жаттау 1.Шынықсаң шымыр боларсың. 2.Адамның басты байлығы денсаулық	«Дауысынан таны» ойыны
Таңертеңгі жаттығу	Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату	Жаттығулар кешені	Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру, жай жүру. Тағы басқа жаттығулар кешені	Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. 1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.	Бейнетаспа арқылы Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - оң аяққа еңкею. 2 - ортаға еңкею. 3 - сол аяққа еңкею. 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).
1-ші ҰІӘ	**1. Дене шынықтыру** «Доптан аттап бір жанымен жүру» **Міндеті:** Бала-да доптан аттап бір жанымен жүру; ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықтарын ояту,домалатуды үйрету. **Оқу қызмет-ң барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**	**1. Сөйлеуді дамыту** «Күн мен Ай » ертегісін әңгімелеу **Міндеті:** Бала-а ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорды, сөйлеу мәдениетін, ойлау, еске сақтау қабілетін жетілдіру; бала-ң жыл бойы меңгерген білімдерін бекіту; достыққа, т/у **ҰӘБ**	**1. Сауат ашу негіздері** «Дыбыстық талдау [х] дыбысымен танысу» **Міндеті:** Балаларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру; [х] дыбысына қатысты жаңа сөздерді үйрету арқылы балалардың білімін жетілдіру, сөйлеу тілін	**1. Сөйлеуді дамыту** Орыс халқының «Түлкі мен қоян» атты ертегісі **Міндеті:** Ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Сұраққа толық жауап беру қабілет-терін дамыту. Балаларды бір-біріне	**1. Сауат ашу негіздері** «Біз не үйрендік, нені білдік? [х] дыбысы және Хх әрпі, әріп таңбасын жазу» **Міндеті:** Балаларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру; [х] дыбысына қатысты жаңа сөздерді үйрету арқылы

	1.1. Көркем сөз. **"Тұрмыстық техника"** **Біздің үйде, ешкім жоқта,** **Көмекшілер тұрмай тоқтап,** **Бөлмелерде жұмыс істейді,** **Бірақ мүлдем үндемейді.** **Кешке келсе ата-ана -** **Суытылған сүт пен айран.** **Көрсетілер жаңалықтар,** **Кілем үсті тазалықта.** **- Техника - біздің күнделік-ті өмірде қолданатын құралдарымыз.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Жалпы дамыту ж-ы** **1. "Зырылдауық" жат-ы** **Б.қ: аяқ сәл алшақ, қол төмен.** **2. "Тізені шапалақтау" ж-ы** **Бқ: аяқ иық деңгейінде, қол артта.** **3. "Созыл" жаттығуы.** **Б.қ: өкшеде отыру, қол иықта.** **4. "Сағаттың тілі" ж-ы** **Б.қ: аяқты айқастыра отыру, қол белде.** **2.2. Негізгі қимыл ж-ы** **- доптан аттап бір жанымен жүру;** **- жылдамдыққа, кегли арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100-120 м қашықтыққа жүгіру;** **- орындықтан еңбектеп өтуді жүрумен алмастыру;**	**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Иіліп сәлем берейік. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? **Жұмбақтар.** 1. Үлкен алып табақтан, Әлемге нұр таратқан. (Күн.) 2. Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді. (Ай.) **2.2. Ертегі оқу.** - Бүгін «Күн мен Ай» ертегісін айтып берейін. - Балалар, ертегі ұнады ма? - Ертегіде қандай кейіпкер-лер кездеседі? (Ай, Күн.) - Балалар, ертегіні сахналау-ды жақсы көресіңдер ме? - Ендеше, балалар, бүгін «Күн мен Ай» ертегісін сахналаймыз. **2.3. Сергіту сәті.** Жел тұрады гу-гу, Ағаш біткен ду-ду. Аспанды бұлт торлады, Найзағайлар ойнады. Жаңбыр жауды себелеп, Жаңбыр құйды нөсерлеп. Кемпірқосақ көрінді, Жарқыраған күн шықты. **2.4. «Сөйлемді жалғастыр»** ойыны **2.5.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгін қандай ертегімен таныстық? - Күн мен айға не болады?	дамыту. Оқушыларды білімділікке, ұқыптылыққа, сауаттылыққа ынталандыру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, оқу мен жазуға дағдыландыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері** Ерте тұрып күнде мен 1 Терезені ашамын. Сәлем деймін күнге мен, Тұрады алшақ аяғым Керіледі көкірек Қолымды белге қойып Санаймыз бір, екі деп **1.2. Педагог:«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны.** 1. Балалар үзілісте қайдан тамақтанады? (Асхана.) 2. Дәрі-дәрмек сатылатын орын қалай аталады? (Дәріхана.) 3. Ақыл-ойды дамытатын спорттық ойын атауы? (Шахмат.) 4. Әншілердің қосылып ән салатын тобы? (Хор.) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **Түсіндіру.** **2.1.** [х] дыбысы және Х әріп таңбасымен таныстыру **2.2. «Кел, оқиық!»** Педагог [х] дыбысының артикуляциялық жаттығуын жасатып болғаннан кейін Х әрпін оқытады. **2.3. Дыбыстық талдау.**	жақсы тілек айтуға т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды қаламыз, Жайнай түссін даламыз. Қайырлы таң, достарым! **1.2.** Есік қағылады, топқа орманшы ата кіреді. Ол балаларға сиқырлы ағаштардың суретін алып келгенін хабарлайды. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Әңгімелесу.** Педагог: - Балалар, әр ағаштың астында жасырылған тапсырмалар бар көрінеді. **Жұмбақ.** 1. Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын, Құйрығымен бұлаңдап, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі.) 2. Көзі тостақ, өзі қорқақ. (Қоян.) **«Буын ұйқас»** ойыны. -Ян,-ян,-ян. Қалқан құлақ Қоян. -Кі,-кі,-кі. Орманда жүр қу түлкі. -Қыр,-қыр,-қыр. Көкжал қасқыр. -Ю,-ю,-ю. Қорбаңдаған аю. -Ін,-ін,-ін. Ағашта жүр тиін. **2.2.** «Қандай? Не істейді?» д/о **2.2.1. «Орысшаң қалай, балақай?»** д/о **2.3. Сергіту сәті.** **2.4. Орыс халқының** «Түлкі мен қоян» атты ертегісін қуыршақ театры арқылы	балалардың білімін жетілдіру, сөйлеу тілін дамыту. Оқушыларды білімділікке, ұқыптылыққа, сауаттылыққа ынталандыру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, оқу мен жазуға дағдыландыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Ерте тұрып күнде мен 1 Терезені ашамын. Сәлем деймін күнге мен, Тұрады алшақ аяғым Керіледі көкірек Қолымды белге қойып Санаймыз бір, екі деп. **1.2.**- Балалар, жұмыс парақтарыңның ең жоғарғы оң жағында Алан мен Дана [х] дыбысының дыбысталуын көрсетіп тұр. Балалар, Алан мен Дана [х] дыбысын қалай дыбыстап тұр? - Балалар, [х] дыбысын айтып көрейікші, дыбыс қалай айтылып тұр? - Иә, [х] дыбысын айтқанда тіліміз ауызымызда кедергіге ұшырап, дыбыс созылмайды. - Демек, балалар, [х] дыбысы қандай дыбыс? - Дауыссыз дыбыс. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Артикуляциялық жаттығу. Педагог: - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. [х] дыбысының айтылуы: - тіл арты дыбысы; - дыбыс сыртқа шықпай кедергіге ұшырайды.

	2.3. "Көңілді секіреміз" қимылды ойыны **2.4. "Алысқа лақтыр" аз қимылды ойыны.** **2.5. Тыныс алу жат-ы** **III.Қорытынды** - Топ басшысы баянат бер!	- Күн мен Ай неге ренжісті? - Күн мен Ай бір-бірімен неге тату өмір сүре алмады? - Олардың қылығы дұрыс па? Қате ме? - Күн қай кезде аспанға шығады? - Ай қай кезде аспанға шығады? - Жарайсыңдар, балалар! Ертегіні жақсы түсініп алыпсыңдар. Балалар, бір-біріңмен тату болыңдар. Бір-біріңді ренжітпеңдер, ойыншықтарыңды бөлісіп ойнаңдар. Сендер мейірімді, ақылды, тәрбиелі балалар болып өсетіндеріңе сенемін. Сау болыңдар!	**2.4.** - "Хат" сөзіне дыбыстық талдау жасайық. - Хат, 1 буын, 3 дыбыс, 3 әріп. - [х] дыбысы сөздің қай жерінде орналасқан? - Иә, сөздің басында. - Дауыссыз дыбыс па, дауысты дыбыс па? - Дауыссыз дыбыс. **2.5. Сергіту сәті.** Шеңберге отырайық, Аңдар тілін жаттайық, Ап-ап-ап ит үреді, Ал мысық мияулайды. Қорс-қорс-қорс жан-жағымда Кім екен бұл торай ма? Мияу-мияу, қаңқ-қаңқ! Қәнекей, бала! **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7.** - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық. Педагог Х х әрпін ауада жазуды үйретеді, кейін Х х әрпін тақтаға жазып түсіндіреді **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма? Балалардың жауаптары. - Қандай дыбыспен таныстық? - Иә, [х] дыбысымен таныстық. - Қандай дыбыс? - Иә, дауыссыз дыбыс. - Жарайсыңдар, балалар!	таныстыру. **2.5. Ертегі мазмұны** бойынша сұрақ-жауап. - Ертегі ұнады ма? - Ертегіде нелер туралы айтылған? - Түлкі, қасқыр, қоян туралы. - Ертегіде түлкінің құйрығы қандай болыпты? - Құйрығы кішкентай болыпты. - Түлкі Арыстанмен тату тұрмаған соң не істеген? - Ағаш арасына кірген түлкі нені көреді? - Ағаш түбінде отырған қоянды көреді. **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	**2.2. «Кел, оқиық!»** **2.3. Дыбыстық талдау.** Педагог балаларға суреттерді көрсетеді. Суреттер: хат, халат, шахмат, саяхат. **2.4.** «Буындарды қосайық» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Буындарды қосу, жаңа сөздерді оқу. **2.5. Сергіту сәті.** Бізбен қайтала, Шуылдап салды базар, Қаңқ-қаңқ ұшып қаздар,, Қарқылдаған қарғалар, Қиқулаған аққулар, Қанат қағып жапалақ, У-хуууу дейді жапалақ. **2.6. «Кел, жазайық!»** **2.7.** Педагог: - Балалар, қолымызды жазуға жаттықтыру үшін үзік сызықтарды бастырып жазайық. **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма? Балалардың жауаптары.
2-ші ҰІӘ	**<u>2. Сауат ашу негіздері</u>** « Ойнай отырып оқимыз [ж] дыбысы және Ж ж әрпі, әріп таңбасын жазу» **Міндеті:** [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен	**<u>2. ҚОТ</u>** «Кемпірқосақ жолымен» **Міндеті:** Жыл мезгілдеріне тән белгілер, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау, берілген дыбысқа арналған сөздер	**<u>2. Математика</u>** «Заттар тобын санау және салыстыру» **Міндеті:** **Міндеті:** Бала-ға алыс және жақын орналасқан объекті-лердің тануды, көлемін салыстыруды үйрету;	**<u>2. ҚОТ</u>** «Су – өмір нәрі» **Міндеті:** Бала-ң ұғымындағы су туралы түсініктерін кеңейту; судың қажеттілігі, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы	**<u>2. Музыка</u>** «Құлан» **Міндеті:** Балалардың бақа туралы әнге қызығуш-н арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету; ырғақ-тық қимылдарды

	таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен ажыратуды, сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөзді буынға дұрыс бөлуді үйрету. Сурет арқылы заттың атауын білу, ойлау қабілеттерін арттыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** «Қайырлы таң!» Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. 1 Күліп шықты күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! **1.2.Педагог:** - Мен сұрақ қоямын. Сұраққа жауап беруге кім дайын? Сол бала сұрақты алақан соғып қағып алады және сол сұраққа жауап береді. - Дыбыс дегеніміз не? - Дыбысты естиміз және айтамыз. - Дыбыстар қандай болып бөлінеді? - Дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. - Дауысты дыбыстар қалай айтылады? **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойыны.** [ж] дыбысына сөз ойлату, сөзді дұрыс айтқан балаға бір-бір жұлдызшадан беріп тұрады. Сөзді көп әрі дұрыс ойлаған болса, көп ойыншыққа ие	ойлап табуға, достыққа, ұқыптылыққа т/у ҰӘБ **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны тыңдау.** **1.2.** Суретші киімін киген педагог балаларды қарсы алады. - Менің қолымда ненің суреті екенін тауып көріңдерші? Ол үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын. Мұқият тыңдаймыз! Жаңбыр жауды жеріме, Көкте өрмек керілді. (Кемпірқосақ.) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. -** Мен сендерге әдемі сурет салып келдім. Міне, балалар, қараңдар! Кемпірқосақтың суреті бірден жоғалып кетеді. - Ой, не болды? Менің суретім қайда? Мен бұл суретті қайта сала алмай-мын, өйткені, кемпірқосақ-тың түстерінің ретін ұмытып қалдым. Сендер маған көмектесесіңдер ме? - Ия. - Кемпірқосақтың неше түсі бар? - Жеті. - Балалар, сендер кемпірқо-сақ жолдарындағы қиын тапсырмаларын орындауға дайынсыңдар ма? - Тапсырмаларды орындамас бұрын, балалар, кемпірқосақтың барлық түстерін есімізге түсіруіміз керек. Балалар: - Қызыл, тоқсары, сары, жасыл, көгілдір, көк,	геометриялық пішіндер мен денелерді атауды және бір-бірінен ажыратуын жаттық-у; аналитикалық қабілет-ді ұштау, зеректікке т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Аудиожазбаны** тыңдау. Ғарыш кеңістігін білдіретін әуенжазбасы қосылады. **Көркемсөз.** «Ғарыш деген ...». **1.2. Сурет (бейнежазба)** бойынша әңгімелеу. Ғарыш көрінісі көрсетіледі**.** **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Дамытушы жаттығу.** «Суретте не алыс, не жақын?» Балаларға әртүрлі қашықтықта, алыс немесе жақын орналасқан түрлі түсті жұлдыздары мен әртүрлі планеталар салынған сурет көрсетіледі. - Балалар, мына суретте нені көріп отырсыңдар? (Суретте планеталар мен жұлдыздар бар. Бұл - ғарыш.) - Осы суретке мұқият қарайық, балалар! Түсі қандай жұлдыз, қандай оюы бар планета бізден қандай қашықтықта орналасқанын айтып беріңдерші. Балалар үлкен мен кішкентай объектілердің «өте жақын», «сәл алыстау», «одан да алыстау», «өте алыс», «барлығынан да алыс» орналасқаны туралы айтып	екенін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, лайламау керектігін, судың барлық қасиеттерін түсіндіру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Самал жел, бізді желдетші, Күн нұры бізді жарқырат. Таза ауа дем берші, Мөлдір су бізді салқындат. **1.2. Жұмбақ.** Дәмі де жоқ, түсі де жоқ. Пайдаланбас кісі жоқ. (Су.) **Көркемсөз.** Т.Есімжанов «Су». Су жүргізер тіршіліктің тамырын, Су жоқ болса, тіршілік тамам бауырым. Судың біз біле тұра маңызын, Көп болған соң ұмытамыз қадірін. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Педагог:** - Енді, балалар, судың қандай зат екенін білу үшін тәжірибе жасап көрейік. - Балалар, су қандай зат? - Ал, судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші? - Судың пішіні бар ма? - Біз қазір судың пішіні бар, жоғын тексереміз.- Әрине, балалар, судың пішіні жоқ! Суды қай ыдысқа құйсаң, ол сол ыдыстың пішінін қабылдайды.- Судың дәмі бар ма? - Дұрыс, суға не қоссақ та, сол заттың дәмін сеземіз. Судың өзінде дәм жоқ. Су	музыкамен үйлесімді орындауды жаттықтыру. **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Психол-қ көңіл күй.** Күлдіреміз әлемді Күлкімізбен жайнатып Жабайы аңдар әлемі Күлдіреді, ойнатып! **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** - Балалар, тақтаға қарайықшы?! - Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Түлкі мен қазды. - Балалар, біз бүгін түлкі мен қаздар туралы әуенге ырғақтық қимылдар жасауды үйренеміз. «Түлкі мен қаздар» К.Қуатбаевтың шығармасы. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1. Ән тыңдау** - Суретке қараңдаршы, балалар, құландар үйірі қалай жүгіріп бара жатыр? - Балалар, осы жануар туралы күй бар, сол күйді естіп көрейікші? - Балалар, ақсақ құлан туралы ертегі де бар, үйде бос уақыттарыңда көруге де болады. **2.2.«Музыкалық сағат»** д/о Аралар. - Арамыз, біз арамыз, - Әнге салып барамыз. - Жу-жу-жу-жу-жу-жу. - Қызыл, жасыл гүлдерден, - Балды сорып аламыз. - Жу-жу-жу-жу-жу-жу. - Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

	болады. **2.2. Артикуляциялық жаттығу**. - Балалар, мұқият тыңдап, есімізге сақтап аламыз. [ж] дыбысының айтылуы: - [ж] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тістер дыбысты жібермей тұрады. - тіл жоғары көтеріліп, таңдайға тимей тұрады, бүйірлері азуға тиеді. **2.3. Тіл ұстарту жаттығуын өткізу.** Ж-ж-ж-ж-ж-ж Жа-жа-жапалақ 2 Жо-жо-жолбарыс Жу-жу-жусан Жи-жи-жидек Жә-жә-жәшік **2.4. «Кел, жазайық!»** Педагог [ж] дыбысының артикуляциялық жаттығуын жасатып болғаннан кейін Ж ж әрпін оқытады. **2.5. Сергіту сәті.** Ал, енді отын жарайық. Айқастырып алақанды Қолымызға балта аламыз. Ағаштарды отын қып, Еңкейіп біз жарамыз Қанекей, отын жарамыз. Жарамыз отын Қане, отын жарайық! **2.6. Педагог:** **«Ұйқасын тап!»** ойыны. Педагог: - Мен үш топқа үш түрлі жұмбақ жасырамын. Топтар сол жұмбаққа ұйқас сөздерді табады **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	күлгін. **2.2.** Д/о **«Кім сөзді жылдам табады?»** **2.3. «Тез отырамыз!» Bilimland Kids.** **2.4.«Бір сөзбен ата»**ойыны **2.5. Сергіту сәті.** - «Тез ойлап табуға арналған тапсырма» Дұрыс жауапты естісең, алақан соғу керек. - Таңертең күн шығады. - Таңертең жаттығу жасаймын. - Таңертең бетімді жумаймын. - Ай күндіз шығады. - Таңертең балалар балабақшаға барады. - Адамдар түскі асты түнде жейді. - Бір аптаның жеті күні бар. - Дүйсенбіден кейін сәрсенбі. - Сенбіден кейін жексенбі келеді. - Жұмаға дейін бейсенбі болады. - 2 тышқанның 4 құлағы бар. - 3 мысықтың үш құйрығы бар. - Мінекей, балалар, біздің кемпірқосағымыз қайтадан пайда болды. Біз кемпірқосақты жинадық. Сендер өз білімдеріңді өте жақсы деңгейде көрсете алдыңдар. Жарайсыңдар! **3. ҚОРЫТЫНДЫ**	жатады. **2.2. Іс-тәжірибе жаттығуы.** «Әртүрлі геометриялық пішіндерден құрылған зымыран және пішіндердің жиын санының құрамы». Әр баланың алында сандар, геометриялық пішіндер (үшбұрыштар, шаршылар, ромбтар, тіктөртбұрыштар) жату керек. Тапсырма. - Балалар, өздеріңе жақын тұрғаг зымыранның бірі салынған сызбаны алыңдар. - Осы пішіндерді қолданып зымыран құрылысын жасап шығыңдар. **2.3. Босаңсыту жаттығуы. «Ғарышта не бар?»** **2.4. Ұғымды пысықтау.** «Сандар сатысын құрастыра-йық». Сандар қатары мен санның құрамы. - Балалар, мына қатардағы сандарды тура және кері санап көрейік. **2.5. Дамытушы жаттығу.** «Геометриялық денелерге қонаққа барайық». Геометриялық денелерге ұқсайтын заттар мен ойыншықтар: пирамида, қабырғаларында суреттері бар текше, калейдоскоп, шелек, дауылпаз, сәукеле, доп, құламайтын қуыршақ, аққала, текше пішінді қорапша, үрленген шарлар, Бауырсақ кейіпкері, тақия, тоқуға қажет жіптер және тағы басқа. **2.6. Зейінге арналған**	еріткіш. Судағы тұз бен қант еріп кетті. Ал топырақты салсақ, ол суда ерімейді.- Суда барлық зат ери бермейді. Суда ерімейтін заттар да болады. **2.2. Тәжірибе жасау** **2.3. Сергіту сәті.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы. - Балалар, су – тазалықтың кепілі. **2.4. Дамытушылық** танымдық ойын. **2.5. Әңгімелеу.** **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Бүгін не туралы әңгімелестік? - Судың неше күйі болады? - Сендермен бірге қандай тәжірибе орындадық? - Су түссіз, мөлдір. Бояу қосқанда түсі өзгереді. - Су дәмсіз, оған қант немесе тұз қосса дәмі өзгереді. Су еріткіш, бірақ, суда ерімейтін заттар да бар. - Судың иісі жоқ. - Жарайсыңдар, балалар! Өте зерек, ақылдысыңдар!	- Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля - Ми-ми-ми-ми-ми-ми-ми - Ми-ми-ми-ми-ми-ми-ми - Жарасып тұр сәніміз, - Ән шырқайық бәріміз. - Естіген жұрт таң қалсын, - Әдемі ән шырқалсын. Тамаша! **2.3. Дауыс жаттығулары** **2.4.Ән салу** Ш. Қалдаяқов «Бақа» әні. - Бақа, бақа, балпақ, Басың неге жалпақ? - Темір телпек көп киіп, Басым содан жалпақ. **2.5. «Музыкалық моншақтар»** муз.-д/о **3. ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін. - Сендер қандай ән үйрендіңдер? «Бақа» әнін. - Кәне, балалар, әнді тағы бір қайталап жіберейікші! Жарайсыңдар!

	- Бүгін қандай дыбысты пысықтадық? - Ж дыбысын. - Ж қандай дыбыс? - Дауыссыз дыбыс. - Бүгін не істедік? Балалардың жауаптары. - Жарайсыңдар!		**жаттығу**. «Телефон әліппесі» **3. ҚОРЫТЫНДЫ**		
3-ші ҰІӘ	**<u>3. Математика</u>** «10-ға дейін санау» **Міндеті**: Балаларды "он" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптас-у; "он" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыру; құстарға қамқор болуға, жанашырлыққа т/у **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Таңғажайып сәт.** Бұталарға қонады, Кейбірі ән салады, Әуеде шарықтайды, Қанат қағып қалыптайды, Бақшаны зиянкестерден қорғайды. - Қалай ойласыңдар олар нелер? (Құстар). **1.2. Сурет қарастыру "Қыстайтын құстар".** Педагог тақтаға сурет іледі де, балаларға мұқият қарауға ұсынады. **- Суретте нелерді көріп тұрсыңдар? (3 Торғай, қарға, сауысқан, шымшық, тоқылдақ, суықторғай, көгершін)** **- Оларды бір сөзбен қалай айтуға болады? (Қыстайтын құстар)**	**<u>3. Математика</u>** «10-ға дейін санау» **Міндеті:** Балалардың он көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру; логикалық ойлау, есте сақтау, қиялдарын дамыту; ептілікке тәрбиелеу. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Таңғажайып сәт.** Педагог: - Балалар, мына сандық сиқырлы сандық. Іші жұмбақтарға толы. Жұмбақтар жасыру: Аязға толы жәшігім, Ішінен тамақ тасыдым. (Тоңазытқыш) Тәбетін ашсаң, Тамағы лас, шаң. (Шаңсорғыш) Танауынан Су да шығады. Бу да шығады. (Тоқ шәйнек) **1.2. "Не артық?"** д/о **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** Сан қатарын құрауға негізделген жаттығу **"Не қайда тұрады?"** Тақтаға нүктелермен белгіленген, терезе орнына саңылауы бар бес үйдің	**<u>3. Көркем әдебиет</u>** « Бесік жыры» **Міндеті:** Бала-а бесік жырын оқу, сөздердің мағыналарын ашу және түсіндіру, қайталап айтқызу арқылы жаттату. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақтауды үйрету. Бесік жырының маңызын ұғындыру. **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Шаттық шеңбері.** Армысың, шапағатты күніміз! Армысың, мейірімді жеріміз! Армысың, табиғат анамыз! Келді сізге өзіңіздің балаңыз. **1.2.** Педагог ұлттық киім киген Дананы көрсетеді. **1.3. Миға шабуыл.** - Бесік деген не екенін білесіңдер ме? - Бесік дегеніміз - нәрестеге бөлеуге арналған ағаш төсек. - Бесікке байланысты қандай салт-дәстүрлерді, білесіңдер? - Тыштыма, шашу. **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ** **2.1.** - Қазақ халқы баласын ағаш бесікке бөлеп өсірген.	**<u>3. Музыка</u>** «Ән салған кім?» **Міндеті:** Бала-ң көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге пысықтау. **Оқу қызметінің барысы** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Сәлемдесу** – Балалар, енді менен қайталаңдар! Біз досымызға алақанымызды береміз, Күлімсіреп "Сәлем" әнін айтамыз! Қайырлы күн! Қайырлы күн! - деп Біз шаттық шеңбер құрамыз! **Сәлем! Сәлем! | Bilimland Kids** – Балалар, бәріміз мына жасалған ұшақтарды алып, ұшырайықшы. – Ендеше, бәріміз қолымызды жанымызға созып, ұшақ секілді ұшайық. **1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар** Т. Алиновтың «Бақа» шығармасы бойынша б-р муз-ырғақтық қимылдарды жасауға жаттығады.	**<u>3. Жапсыру</u>** «Аққала» **Міндеті:** Бала-ы шаршыдан шеңбер қиып, Аққаланы құрастырып қағаз бетіне жапсыруға үйрету; алдын-ала дайындалған үлгілерін жапсыруға үйрету; бала-ы қыс мезгілінің ерекшелік-терін атау арқылы сөздік қорларын молайту **ҰӘБ** **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ** **1.1. Көркем сөз.**І.Мәмбетов **"Қыс".** Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады. Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны. **1.2. Суретті көрсету.** - Балаларға интербелсенді тақтада далада қыс мезгі-лінде ойнап жүрген бірне-ше бала-ң суреттері көрсетіледі. - Балалар, суретте не көріп тұрсың-дар? Балалар не істеп жүр? Жылдың қай мезгілі бейнеленген? **Жұмбақ** Домалатып қардан оны жасайды, Мұрыны оны сәбізден. Не екен балалар? (Аққала) **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

